Ғылыми-зерттеулерге сүйенсек, дін - қоғамды біріктіруші де ыдыратушы да фактор болып қала береді. Қазіргі кезеңде діни төзімсіздік қоғамды тұрақсыздыққа, қақтығыстар мен жаппай кедейшілікке тірейтінің қоз көріп отыр. Тарихқа сүйенсек, діни наным-сенімді сыйламаудың түбі қанды шайқастарға ұласып, бүтін бір мемлекеттің жойылып кетуіне де әкелген. Ғылымда діни төзімділіктің бірнеше белгісі көрсетілген. Олар мыналар: бірінші - өзге діндегі азаматтардың сеніміне төзімділік (мұсылман-христиан, мұсылман-буддист т.б.); екіншісі - өзге конфессиялардың өкілдеріне деген төзімділік (сунниттер-шииттер, католиктер-протестанттар); үшіншісі – дәстүрлі емес діндер мен олардың өкілдеріне төзімділік; төртіншісі – Құдайға мойынсұнғандар мен атеистер арасындағы төзімділік. Діни төзімділіктің классификациясына қарайтын болсақ, бұл төртеуі Қазақстанда сақталған. Бір сөзбен айтқанда, татулықты ту еткен Тәуелсіз Қазақстанда діни төзімділіктің барлық түрі сақталған. Оған дәлелдер де жоқ емес. ҚР Конституциясы 1- бабының 1-тармақшасында: «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы - адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары», - деп жазылған. Яғни демократия құндылықтарымен жүретін біздің ел - сонымен қатар зайырлы мемлекет. Православие, буддизм және ислам әлемінің ортасында орналасқан Қазақстан "Өркениеттер қақтығысы» атты әйгілі мақала жарияланған жылдазаттық алды. Барынша жариялылықты, географиялық факторларды ескеру аса маңызды болды. Дін сияқты өте нәзік мәселеге екі шоқып бір қараған еліміз бүгінде діни төзімділіктің үлгісін көрсетіп келеді. Халықаралық ұйымдар мен әлемдік сарапшылардың пікірінше. Қазақстан әлемдегі бейбітшілік пен тұрақтылықты нығайтуға қомақты үлес қосуда. Оның бір айқын дәлелі - дүние жүзінде тұңғыш рет қазақ жерінде ұйымдастырылған әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының 2003 жылы алғаш рет Астанада өткізілген форум әрбір үш жыл сайын ұйымдастырылатын болып, 2006 және 2009 жылдары елордада өз жалғасын тапты. Қазақстан Президенті Н. Назарбаевтың әлемдік және дәстүрлі дін лидерлерінің съезін өткізу туралы идеясын ислам, православие, католицизм, протестантизм, буддизм, индуизм, конфуциандық, иудаизм және басқа да көптеген діндердің өкілдері қолдап отыр. Осы бір бастама арқылы қанды қақтығысқа дейін барған діндер арасындағы келіспеушіліктер бір үстелдің басында мәселе етіп көтеріліп, күн тәртібіне шығарылды [8, 18 б.].

Этникалық толеранттылықтың мәні -- басқа ұлт ойлау жүйесін, өзіндік ұлттық, мәдени ерекшеліктерін, іс-әрекетін қабылдау. Этникалық толеранттылық адамның тұлғалық қасиеті болып табылады, сонымен бірге ол қалыптасу барысында маманның кәсіби қажетті қасиетіне трансформацияланады. Этникалық толеранттылық әлеуметтік-мәдени және прагматикалық құзыреттіліктердің (дүние туралы білімдер, жағдаятты түсіну) даму деңгейімен анықталады. Осы құзыреттіліктерді бөліп көрсету арқылы оларға сәйкес кәсіби міндеттерді анықтау мүмкін болады. Басқаша айтқанда міндеттердің екі тобын (әлеуметтік-

мәдени құзыреттіліктерді дамыту бойынша кәсіби міндеттер, прагматикалық құзыреттіліктерді дамыту бойынша кәсіби міндеттер). Қойыл ған мақсатқа жету үшін, яғни этникалық төзімділікті қалыптастыру үшін бұл міндеттер өз деңгейінде іске асырылуы тиіс [9, 18 б.].

Қазіргі кезде мемлекеттік деңгейде қарастырылып, мемлекеттің ішкі саясат мәселелерінің біріне айналған мемлекеттік қызметшілердің төзімділігін арттыру мәселесі Қазақстанның мемлекет пен құқық тарихында алғаш рет қозғалып отырған мәселе емес. Төзімділікке қатысты он - пікірлер, төзімділік қасиетінің қажеттілігі әрі маңыздылығы адамның басқа да рухани қасиеттері мен қатар Алаш зиялыларының еңбектерінде көрініс тапқан.

Негізінен, толеранттылық, немесе төзімділік ауқымындағы ұлттық мінез, ұлттық намыс, ұлттық дәстүр, әдет-ғұрып, салт-сананың жойыла бастауы сөз жок, ұлттық тіл мен ділдің тоқырауына әкеліпсоғатыны сөзсіз, сондықтан мемлекеттік қызметшінің мәдениетін арттыру үшін рух мәдениетін арттыру керек. Рух мәдениеті -күрделі әлеуметтқұбылыс, ол өз зандылығымен, даралығымен дамиды. Кезінде ұлы казак ойшылы Жүсіпбек Аймауытов «ерінбей еңбек етуге таудай үміт, табанды қайрат, шамдай мұрат, жалынды жүрек, терең білім керек", - деп жазған. Қазақ халқының сана мәдениеті, рух мәдениеті, тіл мәдениеті - үлкен тарих, ұзақ ғасырлар көшпелі елдің қилы - қилы асуларынан туған күрделі үрдіс. "Күн көру тәсілін сырттан жұқтырып, үйрене беруге болады. Рух мәдениетін бөтеннен қарызға ала беруге болмайды. Алса да, халықтың көкейіне көпке дейін қонбайды. Ендеше өзімізде де бар дәулетті жарыққашығарып, іскежарауға талпыну керек», деген Жүсіпбек Аймауытовтың сөздерінде ағартушылық, танымдық сарын басым [10, 24 б.].

Теңдік, еркіндік ұғымдарының әлеуметтік-саяси, моральдік мәні аса зор, түркілер үшін ол ынсап, қанағат, сабырлылық, біліктілік білімділік, ерлік, төзімділік түсініктерімен айқын далып отырады. Төзімділік қабілеті – адамның табиғи қасиеті, ол әрбір адамға тән және барлық адамдарға жалпы. Алаш ағартушыларының экзистенциалдық тақырыптағы шығармалары адамға сабырлылықтың, төзімділіктің, кішіпейіл діліктің жолын, мәні мен құндылығын түсіндірумен мәңгі. Олардың сабырлылық, қажымас қайрат, жігерлілік пен төзімділік жөніндегі түсінігі мен көзқарастары - мәнін жоймайтын құндылық. «Адам өзінің әрбір ойына, әрбір ісіне ішінен баға беріп отырады. Ізгі ой, ізгі іс адамда жағымды сезім туғызады. Адамға қалайда болса, қашан да пайда келтіретін Ой һәм ізгілік. Ізгілікке ұмтылу, жауыздықтан безу-адамның жаратылысының өзінде бар нәрсе", - деп жазды Мағжан Жұмабаев. Ойшыл Мағжанның түсінігінше, адамның жан дүниесінің іздейтіні - руханият, ал оны болашаққа жеткізу үшін әрбір заманда, қоғамда рухты сабақ тастырушы, жалғастырушы адамдар болалы, олар өздерінің дұрыс өмір сүре білуін өзгелерге де ұсынады. Ал, дұрыс өмір сүру басты шарттары адамгершілік, өзгені өзіндей түсіну, бірлік, ынтымақ, жанашыршылық, сабырлылық, қанағатшылық. Егер адамныңіс-әрекетін бағалауда жасандылық, әділетсіздік болса, ол сенімге дақ түсіреді. рухтыжасытады. Мағжан ақынның түсініктері әлеуметтік маңызға ие, Алаш зиялылары өз өмірінде болып жатқан оқиғалар мен әралуан жағдайға халық тағдыры үшін де жауаптымын деп санап, мундай жөйттіңорын алуын өз мінез-құлқымен, болмысымен, қабілетінің деңгейімен түсіндірді.

Қазақ ағартушылары, атап көрсеткеніміздей адам пайда болғаннан бастап, оның бойында бар төзімділік қасиетті оның негізгі армандарымен қамти отырып, шығармаларына арқау етті. Нақтырақ айтқанда, шығармаларынан түсінетін адам бойындағы қасиеттермен тұтас өзара ықпал ету нәтижесінде төзімділік қасиеті жақсылыққа, парасаттылыққа жетелейді. Егер, төзімділік жеке дара болса, адам құрсаулы, амалсыз, ықтиярсыз, көнбіс деңгейде калып, ол кері жағымсыз мінез - құлықты берер еді. Ынжық, жігерсіз, олар келіп, жауапкершілікті сырты күштерге арта салу, қалыптасқан тіршілігін бәз баяғыша жалғастыра беруге дәрменсіздік - міне, осының бәрі шыламдылық, төзімділік, сабырлылықтың әлсіреуінен келіп шығады. Төзімділік құбылысы - ұлттық көріністерді бейнелейтін адамныңды түрлі өмірінің этно-мәдени, әлеуметтік ортада рухани жетілу деңгейі мен

бағытын өзгені тану, түсіну, кішіпейілдік, адамның рухани өмірін жетілдіретін тұтас түсінік, белсенді көзқарас,

Жалпы төзімділік өркениетті қоғамда тән құбылыс. Мұндай қасиет тұтас ұлттың басына бір күнде өрнек салмайтыны белгілі. Бұл - халықтың саны- сезімінің, дәстүрінің, рухани байлығының кемелденгенінің айқын көрінісі. Осы тұрғыдан алып қарасак, Қазақстандағы қоғамдық қарым-қатынастардың белгілі бір дәрежеге көтерілгенін байқаймыз.

Адам баласының бір-біріне деген сыйы мен құрметі сұйылып, оның үстіне бір-біріне деген сенімсіздіктері ұлғая түсіп, ол келіп тұтас бір мемлекеттердің арасындағы кырғи кабак соғысы уласып, дүниені үрей мен қауіп билеген сәтте біздің елімізде көне тарих бурын сонды естіп те, көріп те білмеген конфессияларалық және ұлтаралық төзімділік пен үйлесімділіктің белгісі болып табылатын әлемдік маңызы бар форум өткізілді; оны енді жалпы адамзат баласының өзара түсінушілік және бірін-бірі құрметтіу, бірінің уәжін бірі төзімділікпен тындай білуі арқылы бейбіт қатар өмір сүру бағытында жасалған қалам деп түсінуге болады,

Дүние жүзінде діяаралық негіздегі кикілжіндер көбеймесе, азаяр емес. Ал Қазақстан қоғамында толеранттылық пен діни төзімділік ауаны қалыптасқан. Мұны осыдан 10 жыл бұрын, 2001 жылғы Нью-Йорктегі оқиғалардан кейін сол кездегі Рим Папасы Павел II атап көрсеткен: "Ұлы Даладағы бейбітшілік пен келісім бейбіт көп ұлтты мемлекетте де сақтауға болатынын айғайлап отырғаны жағымды жағынан таң қалдырды", деген еді ол.

Елімізде ұлтаралық татулықтың салтанат құруы - біз мемлекеттің негізін құрайтын қазақ, халқының мәдениетінің биік деңгейге көтерілгенінің белгісі, Біле білсек, төзімділік – үлкен құндылық. Мұны тәуелсіздікке қол жеткізген 20 жылдағы маңызды жетістігіміз десек артық айтқандық болмас еді. Қазақстандағы полиэтникалық қоғамда негізінен екі мәдениеттің үстемдік құрып отырғаны белгілі. Біріншісі, сөз жоқ қазақ мәдениеті. Бұдан кейінгі орында орыс мәдениеті тұр. Дәл қазір өзге ұлт өкілдерінің діни мен салт-дәстүрін жаңғыртуға барынша жасалған, Осыдан ынтымақты тірлікке дүниежүзінің көптеген елдері қол жеткізе алмауда. Керек десеңіз, Қазақстан - Орталық Азияда ұлтаралық татулықты сақтап, жол бермеген жалғыз ел. Бүгінде кең-байтақ қазақ жерінде 1 тілде жастарға тәлім беретін мектептер жұмыс істейді. Біздің билік мұндай білім ошақтарының барлық шығындарын көтеріп отырғаны белгілі. Осыдан-ақ еліміздегі өзге ұлт өкілдеріне қандай жағдай жасалғанын бағамдай беруге болады. Сондай-ақ, мұндай мектептер өзге ұлт өкілдері жастарының қазақ тілін оқып-үйренуіне негіз болып отырғанын тілге тиек ете кетуіміз керек. Бұдан басқа ел аумағында 13 тілде түрлі радиохабарлар тарайтыны белгілі. Бұны үлкен жетістік деп айтуымызға қақымыз бар.

Қазіргі таңда өзге ұлт өкілдері Қазақстан халқы Ассамблеясының маңайына топтасып, өзінің салт-дәстүрі мен мәдениетін дамытуда. Алдағы уақытта төзімділік біздің халқымыздың кунделікті өмірінің дағдысына, дәстүріне айналуы керек. Сондай-ақ, біз төзімді қоғарқылы ұлттық болмысымызды жойып алмауға ерекше мән берген жөн. Қайта керісінше толерантты қоғамды пайдаланып тілдік, ұлттық басымдылыққа жетудің жолдарын қарастырғанымыз абзал. Сонда біздің ұпаймыз түгел болатыны белгілі. Тәуелсіздікпен бірге есейіп келе жатқан Ассамблеяның қызметі еліміз үшін үлкен мән-мағынаға ие. Бүгінде қоғамдық институтқа республика бойынша 820 мәдени орталық мүше.

Ассамблеяның негізгі функциялары мен өкілеттіктері:

1) этносаралық және конфессияаралық қатынастар саласындағы мемлекеттік ұлттық саясатты әзірлеуге және іске асыруға жәрдемдесу;

2) этносаралық толеранттылық пен қоғамдық келісім, мемлекеттік тілді және Қазақстан халқының басқа да тілдерін дамыту саласында шаралар әзірлеу мен іске асыруға қатысу;

3) этносаралық толеранттылық пен қоғамдық келісімді қамтамасыз ету мәселелері бойынша мемлекеттік органдармен және азаматтық қоғам институттарымен, сондай-ақ халықаралық ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау;

4) этносаралық толеранттылық пен қоғамдық келісім үлгісін елде және шет елдерде насихаттау.

Қазақстандағы қоғамдық-саяси жағдайды сараптаған адам қазақ жерінде қандайда бір ұлтқа қатысты ксенефобиялық көзқарастың жоқ екенін бірден байқайды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. «Қазақстан Республикасы Президентінің жарлығы» // Қазақстан мектебі №2,3 - 1998.- 56
2. Байбурын А.Г. Этнические аспекты изучения троительных форм поведения и традиционная культура.// Советская этнография. №2 - 2014 С. 36- 45.
3. Левитов Н.Д. Психология характера. -М.,1969. - с.18
4. Каган М.С. Мир общения: проблемы межсубъектных отношений. — М.:Политиздат, 2000 - с. 149
5. Абдильдин Ж., Нысанбаев А. Социокультурный выбор модели образования // № 12 - Мысль, 2003. с.58-62
6. Сужиков М.М., Сапарғалиев Г.С. Некоторые философско-правовые проблемы совершенствования культуры межнациональных отношений. Алма- ата: Наука, 2009. с.79
7. Кішібеков Д.Ю. «Философия» Алматы: Ғылым, 1999.- 200 б
8. Бueva Л.П. Человек, деятельности и общения. М.: Мысль, 2008. — с.216
9. Леонтьев А.Ф. Проблема общения в психологии // В кн: Проблемы общения в психологии - М.:Политиздат, 2017. - С.304
10. Ломов. Б. Ф. Проблема общение в психологии 11 В ки, Проблемы общения в психологии- М.: Наука, 2011. - С.280
11. Паригин. Б. Д. Основы социально- психологической теории. - М.: Мысль, 2011. - С.351
12. Ананьев Б.Г. Человек как предмет познания. Т.1. М., 1990. - С.322
13. Бодалев А.А. Личность и общения - М.: Педагогика, 2013. - с.271
14. Кон И.С. Этнография детства. Традиционные формы воспитания детей и подростков у народов Восточной и Юго-Восточной Азии. М.: Просвещение, 2013. - с. 147
15. Рубинштейн С.А. Проблемы общей психологии. М.: Педагогика, 2016. - с.693
16. Выготский Л.С. Избранные психологические исследования М.:АПН СССР, 1986. - с.519
17. Байкин Ф.Р. Культура общения - структурный элемент духовного мира личности // № 68 - Проблемы философии, 2018. - С.48-54
18. Немов Р.С. Психология. В 3 кн. Кн. 1.Общие основы психологии – 2-е изд. - М.:Просвещение: ВЛАДОС, 2015. - С. 102
19. Общая психология. Сост. Рогов Е.И. - М.: Гумант. Изд. Центр ВЛАДОС: 2018. – с.29

ЭТНОСАРАЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАҒЫ МОНОБИЛИНГВАЛДЫ АДАМДАРДЫҢ ТОЛЕРАНТТЫЛЫҒЫН АНЫҚТАУ

Өтегенова Ақұлбір Қайратқызы

*«Психология» білім беру бағдарламасының 2-курс магистранты
Қазақ-Орыс Халықаралық университеті; 030 006, Ақтөбе қ., Әйтеке би к-сі, 52;*

Бүгінгі таңда еліміздің егеменді ел болғалы ғылым, мәдениет салаларында жасалып жатқан шаралардың барлығы жастарға жалпы адамзаттық және жеке ұлттық игіліктер негізінде тәрбие мен білім беру ісін неғұрлым жоғары деңгейге көтеруге ықпал етуде. Сондықтан қоғамдық өмірді демократияландыру және ізгілендіру жағдайында ұлттық ерекшелігімізді айқындайтын рухани, қарым-қатынас мәдениетімізді жетілдіруде ұлттық сананы қалыптастыру көкейкесті мәселеге айналып отыр. Қазақстан Республикасының мемлекеттік болмысын қалыптастыру, оның егемендігін нығайтып, ұлттық сана мен тәрбиемізді қалпына келтіру және өркениетті елдер қатарынан орын алу ұлттық мемлекетімізді қалыптастырудағы басты шарттардың бірі.

ОПРЕДЕЛЕНИЕ ТОЛЕРАНТНОСТИ МОНОБИЛИНГВАЛОВ В МЕЖЭТНИЧЕСКИХ ОТНОШЕНИЯХ

Утегенова Ақұлбір Қайратовна

*Магистрант 2 курса образовательной программы «Психология»
Казахско-Русский Международный университет; 030006, Актөбе, ул. Айтеке би, 52;*

Сегодня, как суверенное государство, все меры, принимаемые в области науки и культуры, способствуют повышению уровня образования и воспитания молодежи на основе общечеловеческих и индивидуальных национальных ценностей. Поэтому в контексте демократизации и гуманизации общественной жизни актуальным вопросом стало формирование национального самосознания в развитии нашей духовной, коммуникативной культуры, определяющей нашу национальную идентичность. Одним из главных условий формирования вашего национального государства является формирование государственности Республики Казахстан, укрепление ее суверенитета, восстановление нашего национального самосознания и образования и становление цивилизованной страной.

DETERMINING THE TOLERANCE OF MONOBILINGUAL PEOPLE IN INTERETHNIC RELATIONS

Utegenova Akulbir Kairatovna

*The 2nd year master's student of the educational program «Psychology»
Kazakh-Russian International University, 030006, Aktobe, 52, Aiteke bi St.;*

Today, as a sovereign state, all the measures taken in the field of science and culture contribute to raising the level of education and upbringing of young people on the basis of universal and individual national values. Therefore, in the context of democratization and humanization of public life, the formation of national consciousness in the development of our spiritual, communicative culture, which determines our national identity, has become a topical issue. One of the main conditions for the formation of your nation-state is the formation of the statehood of the Republic of Kazakhstan, strengthening its sovereignty, the restoration of our national consciousness and education and becoming a civilized country.

Қазіргі әлемнің этносаясы жеткілікті түрде күрделі, өзгермелі динамикалы және қайшылықты. Онда сан мыңдаған, ал кейде жүздеген адамды ғана қамтитын архаикалық-этникалық қауымдастықтармен қатар, қазіргі сән миллиондаған адамдарды құрайтын этностар бірге өмір сүреді. Барлық бұл этностар әлемдегі әлеуметтік-саяси және экономикалық құрылыстары әр түрлі және көбіне полиэтникалық екі жүзден астам елдің құрамына кіреді. Тек жиырмаға жуық мемлекеттер ғана салыстырмалы түрде моноэтникалық деп есептеледі, өйткені ондағы этникалық аз ұлттар жергілікті халықтың 5%-ден азын құрайды. Демек, моноэтникалық мемлекеттер де этникалық тұрғыда абсолютті біртекті болып табылмайды. Қазақстанның ерекшелігі халқының көп этникалық және көп дінді құрамымен айқындалады. Республикада көптеген ұлттар мен ұлыстардың өкілдері тұрады. Олардың кейбірі тығыз шоғырланған, мұның өзі Қазақстан Республикасының этникалық-мәдени көп қырлығы мен ерекшелігін күшейте түседі. Барлық этностар, ірісінен бастап - қазақтар (8 млн. жақын) санының, ең азына дейін таттар (51 адам) ерекше этномәдениет құрылымға, санасымен және мінез-құлқына ие болған, өзара әлеуметтік, экономикалық, мәдени, отбасылық т. б. көптеген байланыстарға түсуде.

Мемлекеттегі бейбітшілік және келісім, оның қауіпсіздігі және тұрақтылығы этносаралық қарым-қатынастың орнықтылығына, төзімділікке және оң бағытталғандығына көбіне көп байланысты. Жастарда патриотизмді, азаматтықты, дінге төзімділікті және халықтар достастығы сезімін қалыптастыруда көп ұлтты мемлекет шеңберінде дамып жатқан ұлттық қатынастар мәнді әсер етеді. Сондықтан мектепте ұйымдастырылатын тәрбиелік процесс көп ұлтты мемлекетте құрылған этноәлеуметтік жағдайды педагогикалық тұрғыдан талдаудан алынған мәліметтерді ескеріп, практикалық іс-әрекетінде оған сүйену керек. Осы орайда мына факторларға назар аударылған орынды: қоғамдық мемлекеттің құрылымының формасы; діни конфессиялардың өзара қатынастары; халықтардың, олардың тілдерінің және 41 мәдениетінің өзара қатынастары; сепаратизмнің және ұлттық шектеушіліктің көріністері; елдің халықтары достастығы рухында азаматтарды тәрбиелеу тәжірибесі. Көп ұлтты мемлекеттердің маңызды міндеті - бұл елдің бірлігін бекіту және оның халқын топтастыру. Бұл міндет оқу орындарында білім беру және жастарда патриотизм, азаматтық, халықтар достығының сезімдерін және санасын тәрбиелеуге арнайы ұйымдастырылған жұмыс арқылы қамтамасыз етіледі. Халықтың көп ұлттылығының артуы - ұлттардың жақындасуының, қоғамдық өмірдің интернационалдану деңгейінің көрсеткіштерінің бірі. Әдебиеттерді талдау (Р. Әбсаттаров, Т. Сарсенбаев т.б.)

Қазақстанның этносаралық қатынасын қалыптастыру жолы үш кезеңнен тұрғанын көрсетеді. 1 кезең. Тарихшылар қазақтардың халық ретінде генеалогиялық бастауын, Қазақстанның мемлекет ретінде егемендігін тарихи факт ретінде XIV-XVI ғғ. көрсетеді. Тарихи тұрғыдан алғанда Қазақстан бір ұлтты, дамып келе жатқан ел болды. Қазақстан XIX ғ. ортасында Ресейге қосылғаннан кейін көп ұлтты елге айнала бастады. Ресей патшалығының интеграциялық жоспары бойынша қазақтар өзінің ұлттық тілінен бас тартып, жаңа өмір салтын қабылдауға, жаңа қоғамды қалыптастырудың негізгі қалаушы шарт бойынша ассимиляцияға түсу керек еді. Нәтижесінде, XIX ғасырдың аяғында - XX ғ. басында патшалық Ресейдің отаршылдық саясатының барысында қазақтар Европаға, Монғолияға, Түркия, Қытай т. б. елдерге қоныс аударды. Дүние жүзінің 44 елінде 13,5 млн. қазақ тұрады. Олардың 53,4% Қазақстан Республикасында, 1 млн. жақын Ресей Федерациясында, 2 миллиондай Қытайда, 2 миллионға жуығы Өзбекстанда өмір сүріп жатыр. Екінші кезеңге 1937-1944 жылдарды жатқызуға болады. Қазақстанға түгелдей республикаларды, халықтарды қоныс аударған күрделі де тарихи ескерткіш жылдар: Чечен-Ингуш, Қарашай-Черкес республикалары, Балтық жағалауы республикалары, түрік-месхитендер, Ресейдің Қиыр шығыс халықтары: карестер, дунгандар, басқа да халық өкілдері - украиндықтар, белорустар, немістер және т. б. көптеген халықтар.

Осы күнге шейін Қазақстанға депортацияланған адамдардың дәл саны белгісіз, 1920 жылдан 1949 жылға дейінгі 30 жылдың ішінде КСРО-да 3 миллион 200 мың адам жер

аударылды. Бұл қайғы - қасірет жөнінен Қазақстан жері көш басына шықты: зерттеушілердің есебі бойынша мұнда жылдары 1 миллион 200 мыңнан астам арнайы қоныстанушылар болған (3). Осы жағдайдан пайда болған этноұлттық, конфессионалдық және тілдік ала-құлалықты қазақтардың әлеуметтік – мәдени дамуына әсер етпей қоймайды. Ресейлік Метрополия аңсаған депортацияланған халықтар "балқытылып" бірыңғай ұлтқа айналмады. Бүкіл халықтар ұлттық мінездің ерекшелігін, тілін, мәдениетін, салт-дәстүрін сақтап қалды. Үшінші кезеңді өткен ғасырдың 90-шы жылдарына дейінгі уақытқа жатқызуға болады, яғни КСРО-ның ыдырау кезеңінен бастап. 1979 жылғы санақтың мәліметтері бойынша жергілікті халықтың, яғни қазақтардың ең аз проценті Қазақстанда 36 % екенін көреміз. Оның саны соңғы отыз жылдан астам уақыт бойында үнемі өскенін айту керек, бірақ республика халқының құрамындағы үлес салмағы кеміп кетті, мұның негізгі себебі 50-ші жылдардың ортасында-ақ онда барлық одақтас республикалардан әр түрлі ұлттардың еңбек адамдары орталықтың шақыруы, жіберуі бойынша тыңда игеруге көмекке келеді де, олардың көпшілігі Қазақстанда қалды, яғни оны өздерінің тұрақты мекені етіп таңдап алды. ҚР Президенті жанындағы Стратегиялық зерттеу институтының қызметкерлері оннан астам этникалық ареалдарды /шоғырландыру/ анықтаған:

1. Орыстар тұтас орналасқан Солтүстік ареал /бұрынғы Тың өлкесі, Қарағанды облысы
2. Орыстардың урбанизацияланып орналасқан оңтүстік ареалы / Алматы, Талдықорған аймағы, Жамбыл және Оңтүстік - Қазақстан облысы/.
3. Орыстардың орналасуының шығыс өндірістік ареалы /Шығыс-Қазақстан, бұрынғы Семей облысы/.
4. Орыстардың орналасуының батыс "тілімделген" /"черезполосный"/ ареалы.
5. Украиндықтардың орналасуының Солтүстік-Батыс селолық ареалы (Қостанай облысы, Федоров ауданы).
6. Немістердің орналасуының селолық Ерментау - Целиноградтық ареалы (Ақмола облысы).
7. Поляктардың орналасуының селолық келлеровтық ареалы (Көкшетау облысы)
8. Өзбектердің орналасуының Сайрамдық қала айналасындағы ареалы (Оңтүстік Қазақстан облысы).
9. Өзбектердің орналасуының Түркістандық селолық - қалалық ареалы /Оңтүстік Қазақстан обл. /.
10. Үйғырлардың Іле - Жаркент селолық ареалы /Алматы облысының Талдықорған аймағы/.
11. Татарлардың, карестердің, еврейлердің орналасуының Алматылық жоғары урбанизацияланған ареалы [4;23]. Осындай құбылыс барлық ұлттардың мүдделерін ескеруді талап етеді. Елдердің этноәлеуметтік ерекшелігін, тұрғындардың ұлттық құрамын, халықтардың орналасу типін олардың өзара қатынасының тарихын ескере отырып дүниежүзінің мемлекеттерін шартты түрде мынадай топтарға бөлуге болады:

1. Иммигранттардан құрылған мемлекеттер
2. Әдеттегі көпұлтты мемлекеттер
3. Тең құқықты халықтардың одағынан құрылған мемлекеттер. Қазақстан Республикасының Конституциясы бойынша "Қазақстан Республикасы Президенттік басқару нысанындағы біртұтас / унитарлық / мемлекет". Унитарлық мемлекет халықтардың қатынасын реттеуде мына демократиялық ұстанымдарды басшылыққа алу керек: бүкіл халықтардың теңдігін мойындау; азаматтардың саяси, құқықтық және құқығын орындау; халықтардың мәдениетін, тілдерін, дәстүрлерін дамытуға жағдай жасау; ұлттық қатынастарды реттеуде заңдылықты және өзара көмектің дәстүрлерін сыйлау, этносаралық қарама-қайшылықтарды халықтың дипломатия және келісімпаздық процедуралар арқылы бейбіт шешу; азаматтардың құқын ұлттық, әлеуметтік және діни жататын белгісіне қарай шектеуге тыйым салу, ұлттық ерекшелікті, шовинизмді және нацизмді насихаттауды тыйым

салады; халықтар достығы, жалпыадамзаттық құндылықтар рухында тұрғындарды тәрбиелеу.

Осы ұстанымдарды орындау жағдайында тұрғындардың құрамының көп ұлттылығы мемлекет шеңберінде халықтардың таптастыратын фактор болып табылады. Қазақстан халықтарының бірлескен өміріне және өзара қатынасына ерекшеліктерін және жағдайларына педагогикалық тұрғыдан талдау жасап көрелік. Оның негізінде жастарды халықтар достығы, қазақстандық патриотизм және азаматтық рухында тәрбиелеудің міндеттерін және мазмұнын анықтаймыз. Қазақстан - дүниежүзіндегі көп ұлтты мемлекет, онда қайталанбас ерекшелігі бар материалдық және рухани мәдениеті бар жүзден астам ұлт пен ұлыс тұрады. Оның территориясы 2717,3 мың кв. м. халқы - 17,1 млн. , адам. Қазақтар - Қазақстан Республикасының негізгі тұрғындары, әлемдегі жалпы саны 13 миллионнан асады, исламдық суперөркеніеттің солтүстік шығыс жағын мекендейді, діні жағынан ханифиттік мағынадағы мұсылман суниттер, Алтай тіл бірлестігінің түрік тобының қыпшақ топтамасына жатады. Қазақстан Республикасы егеменді ел болып, өзінің тәуелсіздігін алғаннан кейін өзінің сыртқы саясатын ұлттық – мемлекеттік мүддесіне сай жүргізе бастады. Ол дүниежүзілік қауымдастыққа дербес субъекті ретінде белсене кірісуде. Мұның жарқын дәлелі - 1992 ж. Қазақстан Республикасының Біріккен толық құқылы мүшесі болуы. Еліміздің Хельсинки келісіміне қосылуы, СШК-1 Шартына, Лиссабон хаттамасына қол қоюы және Ядролық қаруды таратпау туралы шартқа енуі халықаралық нығайтып, егемендігін, қауіпсіздігін және шекараларын мызғымастығын баянды етті.

Бұған АҚШ-пен "Демократиялық серіктестік туралы хаттамаға" қол қоюы, НАТО-ның "Бейбітшілік мүддесіндегі серіктестік" бағдарламасына қосылу, АҚШ, Ресей, Ұлыбритания және Қытай сияқты ядролы державалардың кепілдіктері жәрдемдесті. әлемдік валюта қорына, Бүкіл дүниежүзілік банкіге, Еуропалық қайта құру және даму банкісіне енуінің маңызы зор. Сондай-ақ Еуропалық одақ пен серіктестік және ынтымақтастық туралы келісімге қол қойды. Еліміз Азияның он елін біріктіретін экономикалық ынтымақтастық ұйымында белсенді түрде жұмыс істеуде. Қазақстан БҰҰ-ның Босқындар істері жөніндегі басқармасымен, әйелдер және балалар қорларымен, басқа да құрылымдарымен жүйелі байланыс орнатқан. Республика тиісті халықаралық институттарымен, бірінші кезекте ЮНЕСКО- мен қайырымдылық және мәдени салаларда тығыз байланыс жасап отыр. Елімізді қазір дүние жүзінің 120 мемлекеті таныды, олардың 105-мен дипломатиялық қатынастар орнатылды, Шетелдерде 29 елшілік ашылып, халықаралық және ұлттық 16 өкілділігі жұмыс істейді.

Бұдан Қазақстан бүгін және болашақта әлем халықтарын, мәдениеттер мен конфессияларды жақын етуге үндейтін өркениеттер арасындағы диалогты әрі қарай дамытуға әркез дайын іргелі ел екендігін көруге болады. Қазақстан қазір экономикалық, саяси және ұлтаралық қатынас дамуында жаңа кезенді бастан өткізуде. Біртұтас мемлекеттің территориясында халықтардың бірлесіп өмір сүруі, олардың өмірлік мүддесінің және тарихи тағдырының бірлігі халықтардың рухани өмірінде, мәдениетінде, психологиясында көптеген ортақтық қалыптастырады. Осыдан келіп елдің азаматтары Қазақстанды бәріне ортақ Отан ретінде қабылдайды. Оны ислам, православие, буддизм, иудаизм т. б. бейбіт өмір сүріп жатқан ел ретінде қарастырады. Осындай этноәлеуметтік жағдай адамдарда қазақстандық сезімін және санасын қалыптастыруға мүмкіншілік жасап отыр. Азаматтарда патриотизмді және ұлтаралық қарым - қатынасын тәрбиелеуге соңғы жылдары Қазақстандағы экономикалық, саяси және ұлтаралық қатынастарда болған түбегейлі қайта құру мәнді әсер етуде. Мемлекеттік меншікті жекешелендіру басқару жүйесі өзгеріске түседі, онда барған сайын орталықтандыру азая түсуде.

Елде саяси өмірде плюрализм және ұлтаралық қатынастарда әр түрлілік орнығуда. Қазақстан халықтарының ұлттық идеясы Қазақстан Республикасының тұтастық, қазақстандықтардың бірыңғай мемлекеттің азаматы деген идеямен байланысты. Қазақстандықтардың жалпыұлттық идеясы мыналарды ұйғарады: халықтың өзіндігін

сыйлау; халықтардың өзара тең және өзара пайдалы ынтымақтастығын мойындау; нәсіліне, ұлтына және дінге деген қатынасына қарамай азаматтардың құқығын және еркіндігін жүзеге асыру; адамның ұлттық абыройын қорлауға жол бермеу; ұлттық, нәсілдік және діни жеккөрушілікті насихаттауға тыйым салу; ұлтаралық қатынастарды бейбіт құралдармен реттеу; ұлтаралық бейбітшілікті және келісім қамтамасыз ету; елдің тұрғындарын халықтар достығы, ұлтшылдықты, расизмді, шовинизмге жеккөрінішті рухта тәрбиелеу. Еліміздің халықтарының достығы және рухани бірлігі қазақстандық мемлекеттіліктің тірегі болатын қазақ халқының ұлттық хал-жайына көбіне көп байланысты.

Қазақстан халықтарының өрлеуі және дамуы елдің көпұлтты халықтың біріктіруші негізі қазақ халқының өрлеуімен және дамуымен өзара байланысты. "Ең алдымен мемлекет құраушы этнос ретіндегі қазақтардың рөлін ұмытпауымыз керек. Қазақстанның тәуелсіздігі - қазақтарға тағдырдың тартқан сыйы емес, өзінің ежелгі жерінде қилы кезенді бастан кешу арқылы қол жеткен өз мемлекеттілігін құруға деген заңды құқығы. Бұл даусыз тарихи және саяси фактіге ешкім күмән келтіруге тиіс емес. Қазақ ұлтының өз мәдениеті мен тарихын, ұлттық төлтума болмысын жаңғыртуға деген ұмтылысына Қазақстанның басқа ұлттары азаматтарының тарапынан құрметпен қарау елдегі тұрақтылықтың стратегиялық негізі мен азаматтары арасындағы сенімнің факторы болып табылады"(6). Кеңестік дәуірден кейінгі кеңістікте ғана емес, біздің көзіміз жетіп отырғандай, ұлттық мемлекеттің түрлеріне байланысты өзгерістер кезеңнің басынан кешіп отырған барлық мемлекеттердің ішінде бүкіл қоғамда татулық пен ауызбіршілікке алып келетін салиқалы да дәйекті мұндай ұлттық саясат мысалдары некен-саяқ.

Бұл ретте аталған осы санаттағы елдер арасында халықтың этникалық құрылымының күнделігі жөнінен Қазақстанмен салыстыруға келетіндер бірен-саран ғана. Қазақстан мемлекетінің саясаты болып жатқан өзгерістерді ескеруге және ХХІ ғасыр құндылықтардың алға қояр талаптарының аясында сенімді стратегия сомдауға тиіс. Ал мұндағы ең бастысы - өзінің сәйкестілігін сақтау, халықтың мынау шапшаң өзгеріп отырған дүниеде өзін сақтап қалу қабілеті тереңдігінде болып отыр. Елбасы Н. Назарбаевтың пікірінше, тұтастай алғанда, Қазақстанда ұлтаралық қатынастарды реттеу принципті түрде өзгеріп отырған мынадай жағдаяттарды мұқият түсінуіне негізделуі керек. Біріншіден, саяси демократияландыру мен экономикалық ырықтандыру адамдардың мінез-құлқына жаңа нақыш енгізеді және олардың арасында жана қарым-қатынастан орнықтырады. Бұл өзгеру ұлтаралық қарым-қатынастарға да әсерін тигізеді. Егер осы ықпалдың негізгі бағытын айқындайтын болса, саяси және экономикалық ырықтандыру тұтастай алғанда Қазақстандағы ұлтаралық қарым-қатынастарға онды әсерін тигізді деп айтуға негіз бар. Екіншіден, елде ашық қоғам орнатылып жатыр.

Сөз бостандығын практикада жүзеге асырып отырғанда ұлттық қарым қатынастарды жабық қоғамның үрдісі бойынша реттеуге болмайды. Өз кезінде ұлтаралық қарым-қатынастар проблемалары талқылануға тиіс. Үшіншіден, ХХ ғасырдың соңғы он жылдығында, Қазақстанның дамуы ұлтаралық шиеленіс сілкіністеріне сырғитындай әрқашан да тақсыр етті, әрі тізгін бермес қажеттілік жоқ екенін көрсетіп берді. Бірақ аса күрделі өтпелі кезенді бастан кешіп отырған Қазақстанның да тәжірибесі бар ғой, алайда біз ұлттық қарым-қатынастарды реттеудің белгілі бір практикалық тәжірибесін жинақтау отырып, қоғамдағы тұрақтылықты сақтап қала алдық (6). Педагог елдің этнодемографиялық, мәдениет аралық, конфессиялық және дінаралық жағдайды біліп, тәрбиелеу процесінде оларды ескеру керек.

Қарым-қатынас процесі кезінде әрбір жеке адам өзін ерекше түрде, белгілі бір көлемде басқа адаммен, оның әдісімен, нәтижесімен, елестетуімен, ой-пікірімен, бағдарымен, қызығуларымен сезімімен және де тағы басқа қасиеттерімен алмасу әрекетін жасайды. Қарым-қатынаста субъект ерекше формада өз бетінше белсенді қатысады. Қатысушы адамдардың тәсілі мен динамикасы әлеуметтік функциясымен анықталады.

Жалпы қарым-қатынас ұғымы - бұл іс-әрекет, сана және адам сияқты категориялардың қатарында болып қана қоймай, бұл мәселені шешу барысында оның категория ретінде пайда болуы мен нақты іске асуы жөнінде психологияның арнайы зерттеу пәні болмаса да, психологиялық өзгешелігі бар қоғамдық ғылым болып табылады.

Бұл қарым-қатынаста субъект ерекше формада өз бетінше белсенді қатысады. Байланыс жасауға тек дара индивидтер ғана емес, сонымен бірге бірнеше адамдар тобы да бола алады. Сол себептен субъект болып табылатын адам көп салада және әртүрлі қатынаста бола алады деп айтуға болады. Адамзат қоғамымен адамдар арасындағы қарым-қатынастың дамуы диалектикалық күрделі процесс. Қоғам дамыған сайын қарым-қатынас мүмкіншілігі де кеңейе түсуде. Белгілі қоғамның өзіндік дамуы басқа адамдармен және қоғаммен қарым-қатынас жасауының және келісім жүргізу жүйесімен белгіленіп отырады.

Адам - бұл әлеуметтік мән, оның өмірі мен дамуы басқа адамдармен өзара әрекетсіз және қарым-қатынассыз мүмкін емес. Санаға ие болушы адам, басқа адамдармен қарым-қатынаста болуының салдарынан жеке тұлға болып қалыптасады. Ересек адамдар осыған байланысты қарым-қатынасқа жеке тұлға болып қатыса отырып, өзінің деңгейіне сай басқа жеке тұлғаны қажет етеді.

Қарым-қатынас ұғымы туралы көптеген зерттеуші ғалымдар өз пікірлерін ұсынған болатын. Ал Б.Ф.Ломов, А. А. Леонтьев, Б. Д. Парыгин және А. А. Боделевтер белсенді ғылыми коспарларымен, принциптерімен және феноменологиясын әрі қарата оқыту жолдарымен, қарым-қатынастың механизмін зерттейтін, қолданбалы еептерімен, әртүрлі шешімдерді шешу үшін және осы бағдарламаны әрі қарай дамытатын жалпы психологияның теорияларының қалыптасуына қасиетті бейнелеуші әдістерімен белгілі болып отыр.

Жеке адамның әлеуметтенуі өзінің қоғамына тиесілі мәдени құндылықтар, өзара қатынастар, кәсіби әлеуметтік талаптарға байланысты болады. Немесе, бұл ұғымды Ф.Р. Байкинді сөзімен түсіндіруге болады: "Адамдармен қарым-қатынаста болу үшін немен қарым-қатынаста болуың керек, яғни алдымен жеке басында қаймығу, сезіну, пікір болуы тиіс". Ал И.Канттың ойынша "Қарым-қатынас кезінде адам міндетті түрде өзінің ақыл-ойын қолданады"/7;19/.

Қарым-қатынас деп - екі немесе одан да көп адамның қатынастарын жасап, реттеуі мен ортақ нәтиже алуды мақсат етіп, келісім мен бірлестікке бағытталған өзара әрекеттерін айтамыз. М. В.Гомезоның сөзімен айтсақ "Қарым-қатынас - бұл адамдар арасындағы байланыс нәтижесінде бір адам екінші бір адамға әсер ету", Қарым-қатынас бір кезінде адамның қажеттілігін дамыта түседі. Қарым-қатынас арқылы адамдар әртүрлі практикалық және теориялық әрекеттерді ұйымдастырады, яғни хабар алмасу отырып өзара түсінісу, игілікпен бір-біріне сырттай әсер етеді. Осы процесс кезінде жеке адам аралық өзара қатынас дамып және қалыптасу арлығы көрініп отырады. Психологиядағы қарым-қатынастың метаологиялық мәні бар проблеманы В.Н.Мясищеванын жұмысынан белгілі бір деңгейде көруге болады.

Бөгде адамға бір нәрсені хабарлағанда, нұсқау бергенде немесе сұрақтар қойғанда, яғни онымен өзара байланыс жасағанда жеке адам өзінің қатынасының пайдалы екендігі жайында қажеті хабар алады. Адам арасындағы қарым-қатынаста түсінушілікке жету қолданатын әдіске байланысты. Сыйластық формасында басқару адамның тұлғасы, оның белсенділігі, тәртіптілігі, әділдігінің қалыптасуына мүмкіндік береді.

Адамзаттың қоғамымен адамдардың қарым-қатынасының дамуы-диалектикалық күрделі процесс. Қоғамның даму барысы мен қарым-қатынастың мүмкіншілігі кеңейе түсуде. Белгілі бір қоғамның өзіндік дамуы басқа адамдармен және қоғаммен қарым-қатынас жасауының және әдістемелік мәселелеріне ғылыми тұрғыдан көп көңіл бөлінуде. Психологияның бұл саласына арналған жаңа монографиялар, мақала жинақтары жарық көруде. Санаға ие болушы адам, басқа адамдармен қарым-қатынаста болуының салдарынан жеке тұлға болып қалыптасады. Ересек адамдар қарым-қатынасқа жеке тұлға болып қатыса отырып, өзінің деңгейіне сай басқа жеке тұлғаны қажет

етеді. А.В.Петровский: "Қарым-қатынас-бұл адамдар арасындағы байланысты көп жақты етіп дамытатын процесс, басқа адамды жете түсініп, қабылдап, әрекет ету барысында қажеттілікті қанағаттандыруға бірігіп пайда болатын бірдей стратегиямен әрекеттенуді айтамыз"-деп анықтамасын белгілеп беріп отыр.

Қарым-қатынас өзіне екі арадағы қатынастардың сапалы мінездерін бірлесіп әрекеттену арқылы информация алмасуды енгізе алады. Қатынастың қарауы етіп-тілді пайдаланады. Екінші жағынан сөз алмасу барысында тек сөзді қолданып қана қоймай, әрекеттерімен және қылықтарымен әсер етеді. Үшінші жағынан, байланыстағы адамдар бір-бірін қабылдауға мүмкіншілік береді. Ең күрделісі, мысалы қабылдаушы қасындағы адамға "ол ештеңені түсінбейді, оған айту-айтпау бәрі бір" деген оймен қатынас жасауы мүмкін. А.В.Петровскийдің теориясында қарым-қатынас процесінің мынадай үш түрлі тұстары көрсітілген: коммуникативті (хабардың берілуі) интерактивті (өзара әрекеттенуі) және перцептивті (өзара қабылдауы). Сол сияқты психолог А.Г.Ковалевтің пікірінше: "Қарым-қатынас процесінде адамдар ой алмастырады. Осы ойдан әрбір жеке адамның өмірге деген көзқарасына материалдық және рухани ең алдымен ұнамдылығын, құндылықтарын, ақыл-ойына баға беруге болады. Бұл жерде түрткі болған ұнамдылық қатынастарды жалпы нығайтушы болып тұр.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Петровский А.В., Ярошевский М.Г. Чувства, этнические стереотипы. М.: Пилитиздат, 1990. - С.494
2. Аймонтас Б.Б. Общая психология: Схемы - М.: Изд-во ВЛАДОС – ПРЕСС 2003.- С. 207
3. Андреева Б.Г. Социальная психология. Т.1-М., 2010. - С. 246 Казахстанская
4. Озықтар в Республiке Кзахстан : Закон РК от 11 июля правда, 1997, 15 июля.
5. Смирнова Н.М. Интеллектное сознание как предтеча тоталитарного менталитета. №4 - Полис, 1993. с. 125
6. Афанасьев. Человек как система и система деятельности и Социологические исследования. - 2015 - 4 - с.31-33.
7. Гумилев М.Н. Иванов К.П. Этнические процессы: два подхода к изучению. - №1 - Социс, 1992. с.50
8. Наурызбай Н. Ұлттың ұлы бола білсек. - Алматы, 1997. - 376.
9. Наурыз - «Жаңғырғын салт-дәстүрлер». –Алматы: Қазақстан, 1999. -87- 926
10. Кенжалин Ж. Шындықты шырақ етіп ұстаңыз. Алматы: Қазақстан, 1998. – 10, 2356
11. Джандильдин Н.д. Природа национальной психологии. - Алма-Ата : Редакция общественно-политической литературы, 1971. - С.290
12. «Өзін-өзі тану» пәніне кіріспе. Оқу құралы Жасаған және құрастырғандар: У.И.Ауталипова, И.Ә.Әбеуова, М.Қ.Бапаева, Г.М. Касымова, І.К.Ж.Қожахметова, Х.Т. Шерьязданова. Алматы, 2006.19.456.
13. Қазақстан Республикасының гуманитарлық білім беру тұжырымдамасы. - Алматы: Қазақстан, 1994. - 40 б
14. Әл-Фараби. Философиялық трактаттар. - Алматы: Ғылым, 1973- 215 б
15. Қ.А. Ақыл кітабы. – Алматы, 2013. – 262 б
16. Алтынсарин ы. Таңдамалы шығармалары. – Алматы: Жазушы, 2014. - 285
17. Боравиков А.А. Математическая статистик, Оценка параметров и проверка гипотез. –М.: Наука, 1984.-472 б.
18. Библер В.С. От наукоизучения к логике культуры. — М.: Наука, 1993. – 210
19. Балтабаев М.Х. Казахская традиционная художественная культура в системе образования. - Алматы: РНК, 1994. - 189 б

- 6
20. Кішібеков Д. Қазақ менталитеті: кеше, бүгін, ертең. - Алматы: Ғылым, 1999. - 200
 21. Прановская Р.М. Элименты практической психологии.- Л., 2011.- С.265
 22. Руско-казахский словарь 1-2 том (психология). - Москва, 2011.-С.368
 23. Абдрахманов А., Жарықбаев Қ. Психологиялық орысша-қазақша сөздік. - Алматы, 2014. с.395
 24. Межуев В.М. Культура и история. М., 2007.
 25. Гасанов З.Т. Особенности формирования культуры межнационального общения в многонациональном регионе. Педагогика. №5 2014.
 26. Мудрик А.В. Общение как фактор воспитания школьников. М., 2014.

**ТӘУЕКЕЛШІЛ ТОБЫНА ЕНГЕН ЖЕТКІНШЕКТЕРДІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ -
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ СИПАТТАМАСЫ**

Сабытова Молдир Курбангазыевна

Магистрант

Қазақ-Орыс Халықаралық университеті; 030 006, Ақтөбе қ., Әйтеке би к-сі, 52;

Бұл мақалада тәуекел топ балаларымен психологпен әлеуметтік педагогтің бірлескен іс-әрекетінің теориясын талдап, оның моделін жасап жүзеге асыру және практикалық ұсыныстар беру. Егер психологпен әлеуметтік педагогтің тәуекел топ балаларын бірлескен іс-әрекетінің мазмұны айқындалып, моделі мен әдістемесі жасалса, онда бұл тәуекел тобындағы жеткіншектердің оңалуына ықпал етпек, өйткені психолог пен әлеуметтік педагогтің бірлескен іс-әрекетінің тиімділігі арта түседі.

**В ГРУППУ ПОДРОСТКОВ ВСТУПЛЕНИЯ ПСИХОЛОГО-ПЕДАГОГИЧЕСКИХ
ОПИСАНИЕ ВЕНУТРНИХ СИСТЕМ**

Сабытова Молдир Курбангазыевна

Магистрант

Казахско-Русский Международный университет; 030006, Актобе, ул. Айтеке би, 52;

Группа риска и совместных действий и психологом в данной статье с детьми, в том новой модели теорию социальной педагога осуществления и практических предложений. Группа риска егер психологом совместных действий, как если бы они были совершены из групп риска, то это будет оказывать на подростков, модель и методика содержание социального педагога ребенок обозначены во вытрезвлению өйткені психолог совместных действий и социального педагога повысится эффективность.

**IN THE GROUP OF TEENAGERS ENTERING PSYCHOLOGICAL AND
PEDAGOGICAL DESCRIPTION OF VENTRAL SYSTEMS**

Sabytova Moldir

Master's student

Kazakh-Russian International University, 030006, Aktobe, 52, Aiteke bi St.;

Group of risk and joint actions and the psychologist in this article with children, in volume of new model the theory of the social teacher of implementation and practical offers. The risk group an eger the psychologist of joint actions as though they were made from risk groups, will render it on teenagers, the model and a technique keeping of the social teacher the child are designated in sobering ytken_psikholog joint actions and the social teacher the efficiency will increase.

Қазіргі қоғамда тәуекел тобына енген жеткіншектердің жағдайы, мінез-құлқындағы ерекшеліктері, ондағы кездесетін қиыншылықтар көптеген ғалымдардың назарынан тыс қалған жоқ. Нашакорлық, маскүнемдік, суицид, қаңғыбастық, жезөкшелік, т.б. сол сияқты жеткіншектер мінез-құлқындағы түрлі ауытқаушылықтардың кең етек алуы осы тектес негативизмнің тегі, оның пайда болуының уәждері, факторлары және жағдайлары туралы өмірде қызу пікірталастар тудырды.

ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің деректері бойынша 2008 жылдың басына қарай Қазақстанда нервтік-психикалық, соматикалық аурулардың орта бала жасындағы түрлі сипаттағы мінез-құлық ауытқушылықтарының жиілігі 27,2%-ға жетті, жеткіншектік жаста – 51% [1]. Жасаруға беталып бара жатқан жастар арасындағы қылмыстың өсуі ерекше алаңдаушылық тудырады. ҚР ПМ мәліметі бойынша жеткіншектермен жасалған қылмыстың өсу қарқыны соңғы 6 жылда орташа есеппен 42%-ды құрады. Өкінішке орай, жеткіншектік қылмыста тек қана сандық емес, сонымен бірге пайдакүнемдік мінез-құлыққа бағытталған сапалық өзгерістер байқалуда (жеткіншектер қылмысының бір бөлігі бүгінде топтық сипатқа ие) [2,3]. Сонымен бірге бүгінде ПБЗ (психологиялық белсенді заттар) қабылдауға жеткіншектердің бейімділік проблемасы өзекті болып отыр. Бүгінгі күні тек Алматы қаласында темекі тартқыштар туралы деректерді айтпағанда, алкоголь, есірткі, токсикалық заттарды жүйелі түрде қабылдайтын 2,5 мың жеткіншек есепке алынды (бүгінде әрбір екінші жеткіншек темекі өнімдерін қабылдайды) [1,4].

Қалыптасқан жағдайларда жеткіншектердің тұлғалық-психологиялық ерекшеліктерін ескеретін неғұрлым тиімді психологиялық-педагогтық бірлескен іс-әрекетті ұйымдастыру үшін тәуекел тобын құрайтын жеткіншектердің психологиялық-педагогикалық мінездемелерін зерделеу ерекше өзектілік сипатқа ие болуда. Ол үшін, біз жеткіншектерге жататын балалардың ерекшеліктеріне тоқталып кетейік.

Жеткіншек жастағы (9-13 аралығындағы) баланың «дүниетаным көздері» (Ж.Ж. Руссо) енді ғана ашылып келе жатқандықтан өзіндік «Мен тұжырымының» қалыптасуына қоршаған орта, көрген тәрбиесі мен алған білімі, күнделікті тұрмыс жағдайының маңызы зор. Сонымен қатар өзіндік «Мен» тұжырымының қалыптасуына баланың денсаулығы, дене бітімі мен зердесінің дамуы, рухани және материалдық қажеттіліктері, жүріс-тұрысынң еркіндігі мен талаптарға бой ұсынуы т.б. ықпалы бар.

Жеткіншек жас кезеңі «өтпелі кезең», «қиын жас», «пубертаттық жас» деген аттармен аталып, осы кезде балалардың ересектікке өтуіндегі проблемалары көрсетіледі. Бұл проблемалардың барлығы осы жас кезеңінде өтетін психофизиологиялық өзгерістер, жыныстық жетілу процестерімен байланысты. Жеткіншек жасындағыларды тиісті әдебиеттерде «Қиын», «өзгерілу», «ауысу жастары» деп атайды. Соңғы жағдайда «ауысу жасында» жеткіншек балалық кезеңдерден ересек жасына ауысады. Жеткіншек өзге жастарға қарағанда педагогтар пен тиісті әдебиеттерге көп әңгіме болып, жиі көтеріледі. Себебі бұл кезеңде оның психикалық даму ерекшелігі жас баламен ересектерге қарағанда әлде қайда өзгеше болады. Бұл кезеңге тән тағы бір ерекшелік жеткіншек барлық нәрсені өз бетімен орындап, үлкен адамдардың қамқорлығымен ақыл кеңесінен құтылғысы келеді. Жеткіншектің ересектен айырмашылығы тек үлкен адамдармен қатынасының өзгеше келетініндей емес, сонымен қатар биологиялық дамуы (жыныс т.б жетілуі) жағынан кеңінен өріс алатынында. Кейбір жеткіншек жастағылар осы кезеңде бұрынғы қалыпынан үлкен адамдармен қарым-қатынаста болғанда мейірімді, сыпайы келсе енді өрескел түрде, яғни тәртіп бұзуға икем келеді. Осы мәселені анықтаудан зерттеушілер арасында талас бар. Дегенмен психиканың бұл ерекшелігі жеткіншеkte әлеумет өмірінің өзінің ерекшелігінен болар. Жеткіншек бәрін өзім істей алам, «Сендер мені әлі бала деп ойлайсындар» деп наразылық білдірседе оның қолынан әлі де көп нәрселер келе бермейді.

«Тәуекел тобы» деген ұғымының мағыналық сипатына тоқталайық.

«Тәуекел тобындағы балалар» – бұл өз өмірінің жағдайларына байланысты ортаға бейімделуінің бұзылуына себеп болатын қоғамдағы түрлі жағымсыз және криминалдық әсеріндегі балалардың категориясы [8, С.53].

Ресей ғалымдарының (Л.Я.Олифренко, Т.И.Шульга, И.Ф.Дементьева, Н.В.Власова, М.С.Певзнер, О.С.Газман, Т.Корнилова, Е.Григоренко) жалпылама түсіндіруі бойынша «тәуекел тобына» түрлі көрсеткіштер бойынша балалар және жеткіншектер енеді. Оларға келесі ерекшеліктері бар балалар жатады [8]:

- туылғаннан бар міндер мен генотиптік ерекшеліктер;

-әлеуметтік шарттар (жағымсыз әлеуметтік жағдайындағы балалардың тәрбиесі);

- адам дамуының ерекшеліктері;

- жас шамасына байланысты психикалық және жеке ерекшелік дамуының бұзушылықтары бар балалар мен әлеуметтік қатері бар жеткіншектер.

Жалпы ғылыми еңбектерде «тәуекел топ балалары» ұғымына бірнеше синонимдік анықтамалар беріледі: «қиын өмірлік жағдайдағы балалар», «ерекше ауыр өмірлік жағдайларындағы балалар», «ата-анасының қарауынсыз қалған балалар», «қоғамдық тәрбиені қажет ететін балалар», «мемлекеттік қолдауды қажет ететін балалар» және т.б.

Қазақстандық ғалымдардың түсіндіруінше (Демеуова М.Е., Локтионова О.С., Котова Е.В., Митинева С.В., Соскин О.С.) «тәуекел топқа» енген балалар – бұл қалыптасқан мән-жайлардың салдарынан тіршілік етуі бұзылған және бұл мән-жайларды өз бетімен немесе отбасының көмегімен енсері амайтын балалар [9, 70б.].


Тәуекел топ балалар тобы туралы ғылыми әдебиеттерде педагогикалық-психологиялық сөздікте «Тәуекел тобы» (группа риска) араласқан ортасының нормасы мен талаптарына сәйкестене алмаған түрлі психикалық және әлеуметтік бейімсіз балалар тобы [10, 23 б.]

Ал, А. Садвакасованың зерттеу бойынша тәуекел топ балаларының пайда болу себептерін – ерте маскүнемдік, жыныстық мінез-құлық, темекі тарту және есірткілерді қолдану, суицидтік мінез-құлық көрінісі, заңға қайшы мінез-құлық (тәрбиесіндегі қиындықтар) деп байланыстырады [11, 59-67б.]. Есею кезеңі терең психологиялық проблемалардың пайда болуына ықпал етуі мүмкін. Жеткіншектік күзеліс «тәуекелдікке» туындайтын ерекше жағдай ретінде түсіндіріледі. Бұл күзелістің түпкілікті белгісінің бірі баланың өзіндік Менінің алыстауы, жалғыздық пен әлемнен бөлініп қалуына алаңдау болып табылады. Осы орайда тәуекел топ балаларының пайда болу себептерін әлеуметтік педагог А. Садвакасова бөліп көрсеткен болатын.

Тәуекел топ балаларының пайда болуының бір себебі – отбасының үйлесімді болмауы. Үнемі психологиялық қысымда жүрген бала тұйықталып, сабақ үлгерімі төмендейді, сапа құлайды. Осы кезде педагог өз тәжірибесіне сүйеніп, балаға дер кезінде көмек көрсетуі тиіс. Ол үшін арнайы мамандар – психолог, әлеуметтік педагог, мектеп инспекторы, сынып жеткшісі бірлесе жұмыс жүргізуі керек. Екінші бір себебі – ұзақ аурулар мен жарақат салдарынан сабақты жіберіп алу. Бұл жағдайда балаға көмек беру үшін сыныптастарын жұмылдыру керек. Өткізген сабақтарды түсіндіруге көмектеседі. Тәуекелге барудың үшінші себебі – жеткіншектердің құрдастарымен келеңсіз жағдайдың орын алуы.

Сонымен, тәуекел тобына енген балалардың осы категорияға жатқызылуы түрлі әлеуметтік негіздемелермен, жағымсыз этимологиямен байланысты түсіндіріледі.

Психология ғылымдарының кандидаты К.С. Бактыбаева өзінің диссертациялық зерттеуінде тәуекел тобының құрылымын төмендегідей сипаттап көрсетеді (сурет-1) [12].



Сурет-1 Тәуекел тобының құрылымы

Жоғарда қарастырылған «тәуекел топ» балаларының психологиялық-педагогикалық, физиологиялық сипаттамаларына сүйене отырып, осы топқа енген балардың сипатын келесі кестеде ұсынамыз (кесте 1).

Кесте 1 «Тәуекел тобындағы» балалардың сипаты

Тәуекел тобының сипаттамалық типтері	Себептері	Шешу жолдары
Ерте маскүнемдік	<ul style="list-style-type: none"> - үрейлік күйді сөндіру - ұялшақтық және өзін-өзі қатаң - бақылаудан арылту - қарым-қатынасқа оңай түседі және тұйықтықты жеңуге көмектеседі - өз мүмкіндіктеріндегі 	<p>Маскүнемдіктің зардаптары туралы видеороликтер көрсету, сондай-ақ музей, көркем табиғат суретін көрсету. Өзіндік сенімділігін арттыруға бағдарланған жұмыстар жүргізу. Қарым-қатынас</p>

	сенімділігінің сезімін тұлдайды	тренингі, өзін таныстыру тренгтері.
Жыныстық мінез-құлық	- өз тәуелсіздігін ересек көрсету - жалғыздықты сезінуі - өзіндік «Менін» бекіту	Жыныстық мінез-құлыққа түрткі болатындай факторларды анықтай отырып, қалай көмек көрсету жолдарына тоқталу.
Агрессивті мінез-құлық	- бастан өткен тіршілік сәтсіздіктеріне ызалылығы нәтижесінде, өзіндік бағалауы төмендетілген - сәтсіздікке тап болуы	Спорттық секцияларға, өзін қызықтыратын үйірмелерге қатысу.
Темекі тарту және есірткілерді қолдану	- қазіргі заманның әлеуметтік-экономикалық шарттары, үрлейтін құндылықтардың құнсыздануы, басқаға адамгершіліктік, парықсыздықтың нормаларынан шегіну; естиярлық сезімін сезінуі	Ересектер назар аударып тілектес болу, қызу-ерікті сала бойынша тренингтерге қатысу
Суицидтік мінез-құлық көрінісі	тіршілік қиындықтар жолымен пайда бола бастағаннан өзі өмірін қиюға рұқсат ету; құрдастар тарапынан бопсалау	Жеткіншек жалғызсырамайтындай орта құру, өзін толыққанды, еркін сезіну үшін өзіндік бағалауын көтеру,
Заңға қайшы мінез-құлық(тәрбиесінде қиындықтар)	педагогикалық назардан тыс қалу нәтижесінде, баланың дамуына кері әсерін тигізу	Жауапты істі жүктеу, оның орындалуына түрткі беру

Сонымен «тәуекел тобындағы» балалардың әр кезеңде әртүрлі аталғаны бізге белгілі: «тәртібі нашар», «қиын», «тәрбиесі қиын» тағы басқа.

«Тәуекел тобына» жатқызудың жеткіншектердің белгілері ретінде төмендегі сипаттамаларды қарастырамыз, яғни жеткіншектерге жағымсыз психологиялық зорлық көрсету, осындай зорлықтың нәтижесінде жеткіншектердің құндылықтар жүйесінде үш басымдылық пайда болады:

- жеткіншектің психологиялық автономиясын күшейтетін өз тұлғасына деген эгоцентристік қызығушылықтың жоғары болуы;
- қарсыластық көрсетуге бейім болу басымдылықтың күшеюі қырсықтыққа, бұзақылыққа, авторитеттерге қарсы шығуға, жалпы қарсылық білдіруге себеп болады;
- романтиканың басымдылығы жеткіншектердің белгісіз нәрсеге құмарлықтың пайда болуына, тәуекелшілдікке баруға итермелейді, осындайда жеткіншектер рұқсатсыз үйден шығып кетеді, саяхатқа шығады немесе жалпы қашып кетеді.

«Тәуекел тобындағы» балалардың жалпы әлеуметтік сипатындағы ерекшеліктері: материалдық жағдайының төмен болуы, жұмыссыздық, саяси тұрақсыздық, құндылықтық жүйесінің нақты болмауы.

Тәуекелшілдік факторлар:

1-ден, қиын өмірлік жағдайындағы отбасылар (толық емес, көпбалалы отбасылар, ажыраған отбасылар, жағдайы төмен отбасылар, миграттардың отбасы және т.б.);

2-ден, асоциалдық ұстанымдардағы отбасылар: деструктивті отбасылық қатынастар, ата-аналардың педагогикалық сауатсыздығы, отбасының жағымсыз құндылықтары және т.б.;

3-ден, девиантты бағыттағы отбасылар: ішімдікке салынушылық, нашакорлық, катыгездік, зорлық-зомбылық көрсету, паразиттік өмір сүру стилі.

Сонымен, ауытқыған мінез-құлықтардың пайда болу себептерін қарастыру барысындағы үш түрлі теориялық тұжырымдарды талдау негізінде (физикалық типтер теориясы, психоаналитикалық және әлеуметтанушылық немесе мәдени теориялар) оның себептері мен факторларын айқындадық:

- дұрыс тәрбиеленбегендерінің себебінен қажетті білімдердің, біліктердің, дағдылардың жоқтығы, мінез-құлқындағы жағымсыз топтардың қалыптасқандығынан баланың, жеткіншектің өзін дұрыс ұстамайтындығынан туындайтын әлеуметтік-педагогикалық олқылықтар;

- жайсыз отбасылық өзара қарым-қатынастар, жағымсыз психологиялық ахуал, оқудағы жүйелі сәтсіздіктер, сынып ұжымдарындағы құрбылармен өзара қарым-қатынастың орындамағандығы, ата-аналарының, мұғалімдердің сыныптас жолдастарының дұрыс емес (әділетсіз, дөрекі, қатал) қатынастарынан туындайтын терең психологиялық жайсыздықтар;

- психикалық және физикалық денсаулығы мен дамуы жағдайындағы ауытқушылықтар, жас ерекшелік дағдарыстарындағы, мінез акцентуациясы және басқа да физиологиялық, психоневрологиялық ерекшеліктер себептері;

- ішкі және сыртқы белсенділігінің саналы көріністеріне, өзін-өзі көрсетуіне жағдай жасалмағандығынан, іс-әрекеттердің пайдалы түрлерімен айналыспайтындығынан, жағымды және маңызды әлеуметтік, сондай-ақ, жеке өмірлік мақсаттары мен жоспарларының болмауы;

- қараусыз қалумен, қоршаған ортаның кері ықпал етуімен және осының негізінде дамитын әлеуметтік-психологиялық дезадаптациямен, әлеуметтік және жеке құндылықтарының жағымсыз түрде ауысуы және жағымсыз жайттар.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында девиантты мінезді оқушыларға мынадай анықтама берілген: «балалар мен жасөспірімдердің әкімшілік жазалау шараларын қолдануға әкеп соғатын құқық бұзушылықтарды үнемі жасауы, оқудан, жұмыстан үнемі жалтаруы, отбасынан немесе балалардың оқыту-тәрбиелеу ұйымдарынан үнемі кетіп қалуы, сондай-ақ қоғамға қауіпті әрекеттер жасауы» [13].

Алдымен жеткіншектік жасты зерделеуге бағытталған және осы жастық кезеңнің жалпы көрінісін суреттейтін педагогикалық және психологиялық зерттеулерге қысқаша талдау жүргіземіз. Жеткіншектік жас – бұл балалықтан есеюге өту, организмнің және дамыған тұлғаның қалыптасу және құрылу жасы. Зерттеушілер, әдетінше, жасөспірімдік жасты проблемалық деп атайды, бұл мінез-құлықтағы ауытқушылықтар жиынтығынан туындайды. Психологиядағы, педагогикадағы, физиологиядағы жеткіншектік жас ерекшеліктері Д.Б.Эльконин [14], Л.И.Божович [15], А.В.Мудрик [16], В.А.Сухомлинский [17], А.Е.Личко [18], И.С.Кон [19], Т.Д.Молодцова [20], И.А.Невский [21], Л.С.Выготский [22], А.А.Реан [23], Обухова Л.Ф. [24] және т.б. зерттеушілердің еңбектерінде көрініс тапты.

Айталық, белгілі психолог Р.С.Немовтың пікірінше, жеткіншектік жасқа өту тұлғаның дамуына әсер ететін жағдайлардың терең өзгерістерімен сипатталады. Олар организм физиологиясына, жасөспірімдердің ересектермен және замандастарымен қалыптасатын қатынастарға, танымдық үрдістердің, ой-өрістің және қабілеттердің даму деңгейіне қатысты. Адамдармен болатын барлық осы жаңа қатынастарға жеткіншек ой-өрісі жеткілікті дамыған адам ретінде және оған айналасындағылармен қарым-қатынас жүйесінде белгілі бір орын алуға мүмкіндік беретін қабілеттерге ие бола отырып кіріседі [25].

Д.Б.Эльконин жеткіншектік жастың ерекшеліктерін алдағы кезеңнің жетекші іс-қызметінен туындайтын жаңа құрулармен түсіндіреді. Оқу іс-әрекеті әлемге бағытталудан өзіне өзі бағытталуға «бұрылыс» жасайды. Кіші мектеп жасының соңына қарай балада жаңа мүмкіндіктер пайда болады, бірақ оның не екенін көз алдына елестете алмайды. «Мен кімін?» сұрағын шешу тек шындықпен қарама-қайшы келу жолымен ғана табылуы мүмкін.

Оның пікірінше, осы жастағы жасөспірімнің даму ерекшеліктері келесідей белгілерден көрінеді: үлкендермен қарым-қатынастарда қайтадан қиыншылықтар туындайды, негативизм, қырсықтық, жетістіктерді бағалауға бейғамдық, мектептен кету көрінеді, өйткені басты нәрселер енді мектептен тыс жерлерде болады; балалар тобы (досын іздеу, сені түсінетінді іздеу) т.с. [14].

Психофизиологиялық тұрғыда жеткіншектік жас буырқанған гормоналды өзгерістермен, бойдың қарқынды өсуімен, аяқ-қолдарының жылдам ұзаруымен сипатталады: жеткіншектер осы уақытта пайда болған бас айналуға, жүрек айнуға, шаршауға, терлеуге шағымданады. Әрине, көңіл-күйдің жалпы қалпы өзгереді: жеткіншек мазасыз бола бастайды, ескерту мен қылықтарға қоса айтылатын ата-ананың кез-келген сөзі, ым, интонация көз жасына, ашу немесе ыза ұшқынына себеп болуы мүмкін. Жиі жеткіншек нағыз бүлікшіл болады, ол ата-анасынан тұлғалық және психологиялық бөліну үшін, өзінің тәуелсіздігі үшін күреседі, тұйықталады, пәтерде жиірек жеке қалуға тырысады, оның өз құпиялары пайда бола бастайды. Ол ұзақ уақыт, кейде түн ортасына дейін телефонмен сөйлеседі және оған біреу бөгет жасаса қатты ашуланады. Ол ана-анасынан кеңес қабылдамайды және өзінің өміріне деген кез-келген қол сұғушылықты әрең көтереді. Одан басқа, жеткіншек агрессивтік импульстарда «батады» десек те болады, олар көбінесе өзінің бауырларына, ата-аналарына, мұғалімдеріне бағытталады [31, 77 б.].

Жеткіншектік кезеңнің ұзақтығы көбінесе балаларды тәрбиелеудің нақты жағдайларына, бала мен ересекке қойылатын нормалар мен талаптардағы алшақтықтың қаншалықты үлкендігіне байланысты болады. Мұнда бір жағдайды атап өткен маңызды. Біз жеткіншек туралы оның бет-бейнесінің неғұрлым жалпы, үйреншікті белгілерін сипаттай отырып айтамыз. Сонымен бірге жекелеген айырмашылықтар проблемасы да бар. Ортастатистикалық жасөспірім деген іс жүзінде болмайды. Одан өзге, жеткіншек туралы ол қыз бала немесе ұл бала екенін есепке алмай отырып сөз қозғау қисынсыз. Жеткіншек жастың жалпы заңдылықтары өздерін жеткіншекті қоршап тұрған орта мен тәрбиелеу жағдайлары ғана емес, сонымен қатар организм немесе тұлғаның ерекшеліктеріне байланысты болатын жекелей нұсқалар арқылы да көрсетеді [32, 57 б.; 28, 116., 32].

А.А.Реанның пікірі бойынша, осы кезеңдегі маңыздысы – бұл баланың қоғамның мүшесі ретінде оның өзіне деген көзқарасы шынайы қалыптасатын сапалы жаңа әлеуметтік ұстанымға шығуы [23].

Жеткіншек маргиналдық тұлға жағдайында болатыны туралы К.Левидің көзқарасы да қызық тудырады. Жеткіншек ендігәрі балалар қауымдастығында болғысы келмейді, сонымен бірге ол әлі ересек еместігін біледі. Маргиналдық тұлға мінез-құлқының тән белгілері эмоционалды тұрақсыздық және сезімталдық, ұяндық және қызуқандылық, эмоционалды дегбірсіздену және айналасындағылармен шиеленісті қатынас, шекті бағалау мен пікір айтуларға деген бейімділік болып табылады.

Л.И.Божович және ізін жалғастырушылар жеткіншектерге тән «адекваттық еместік аффектісін» – баланың буырқанған, басқаруға келмейтін реакциясын, оның себепшісіне айқындылығы бойынша сай келмейтінін сипаттады. Олардың зерттеулері көрсеткендей, «адекваттық еместік аффектісі» негізінде әдетте өзін-өзі төмен бағалаудың тартымдылық деңгейіне сай келмеуі жатады. «Адекваттық емес аффектісін» жою әрбір нақты оқушыға жеке тұрғыда қарауды қажет етеді, бірақ мұнда проблеманы шешудің екі негізгі жолын есепке алу керек: немесе оқушыға мектеп ілімдерін, машықтарын және білімдерін ойдағыдай меңгеруге көмектесу керек, немесе тартымдық пен өзін-өзі бағалау деңгейін нақты мүмкіндіктерге дейін жеткізу [15, 341 б.].

Белгілі психолог А.В.Петровский «тәуекел тобындағы» баланың психологиялық ауытқу себептерін отбасындағы қатынастармен сабақтай келе, бес типке бөледі. Олар мыналар:

1. Үстемдік жағдайда баланың өз бетімен іс-әрекет жасауына жол берілмейді, өзінің өміріне немесе отбасына байланысты бірде-бір мәселені шешуде үй іші кеңесіне қатыспайды.

2. Қамқоршылық жағдайы – ол балаларды желге, күнге тигізбей, мәпелеп өсіру. Бұлай өскен бала түрлі қиыншылықтармен кездескенде дұрыс шешім таба алмай, өмірдің шынжыр торына түстім деп үрейленіп, қайғыра бастайды.

3. Қақтығысушылық отбасы мүшелерінің арасындағы қайшылықтан туады. Отбасында бір-біріне наразылық білдіру, бірін-бірі табалаушылық отбасы мүшелерін шиеленістіруге ықпал жасайды, олардың ауыз бірлігі бұзылады.

4. Араласпаушылық жағдайда үлкендер мен балалар әрқайсысы өз беттерінше бір-бірімен ақылдаспай томаға тұйық өмір сүреді. Бұндай отбасында қатыгездік, селқостық сезімдер байқалады.

5. Ынтымақтастық үлкендер мен балалар арасындағы сыйласушылық принципіне сүйенеді. Мұндай отбасында балалардың пікірлері де тыңдалып, барлық мәселе бірігіп шешіледі. Ынтымақтастық отбасының айырмашылық белгілері - әдептілік, сыпайылық, төзімділік, дау-жанжалдан ебін тауып, абыроймен құтылу.

Кейінгі жылдары әлеуметтік мәселеге айналып отырған «тәуекел тобындағы» жеткіншек ұғымына себепші болатын әлеуметтік-психологиялық және психо-педагогикалық факторлар ғалымдар назарынан тыс қалмай, жан-жақты зерттеле бастағаны анық. Осы орайда жеткіншектердің психологиялық дамуының бұзылуының бірнеше себептерін атап өтейік:

1. Мидың зақымдану зардаптары:

- сөйлеу, ықылас қою, есте сақтау, қабылдау, қарқынының кешілдеуі.

2. Себептері мен механизмдері:

- анасының жүкті кезіндегі сырқаттануы;
- анасының алкогольді ішімдіктерді ішуі;
- шылым шегу, баланың тұншығып тууы;
- баланың жиі-жиі сырқаттануы;
- генетикалық нейробиологиялық факторлардың әсері.

Салдары мен белгілері:

1. Ақыл-ой дамуы қалыпты, бірақ әлеуметтік бейімделуі қиындау.

2. Кекештік, сөйлеудің бұзылуы, дәретін ұстай алмау, бастың ауруы, тамыр дистониясы, мектепке бейімсіздену синдромы және негізгі белгісі – мінез-құлықтың өзгеруі.

3. Гиподинамикалық қалып – сыбырлық, салғырттық, баяулық.

4. Гипердинамикалық қалып – шамадан тыс мазасыздық, қозғалыс белсенділігінің арта түсуі.

«10-шы қайта қараудың Аурулардың халықаралық біліктілігіне сәйкес (АХБ-10) мінез-құлықтағы ауытқулар гетерогендік» деп бағаланады. Олардың белгілерін психологиялық дамудың патологиялық жағдайлары мен бұзушылықтары белгілерінен айырады. Қандай да бір мінез-құлықтық ауытқулармен (мұндағы «мінез-құлықтың ауытқушылығы» - симптомоком-плекстердің бірі ғана) каузальды байланыстыратын психологиялық корреляттарды талдау кезінде әр елдің зерттеушілері біліктілік критерилерді айыру проблемасымен кез келеді. Және осы жерде (АХБ-10), мінез-құлық ауытқушылықтары диәлеуметтік, агрессивтік немесе дөрекі мінез-құлықтың қайталанатын және қайратты үлгілерімен сипатталады. Диагнозды анықтау үшін осы тұлға үшін шекті көрсету нысанындағы мұндай мінез-құлық әлеуметтік күтулерді жасына сай дөрекі бұзушылықтар келіп тірелуі тиіс, яғни оның көріністері қарапайым балалық шатақтық немесе жасөспірімдік бүлікшілдікке қарағанда неғұрлым шынайы болуы керек. Оқшауланған диәлеуметтік қылықтар немесе құқық бұзушылықтар өз алдына мінез-құлықтың тұрақты үлгісін барын айқындайтын осы диагнозды қоюға негіз бола алмайды [35].

Жеткіншектерге және айналасындағылар үшін белгілі бір қиындық тудырып отырған олардағы мінез-құлықтық ауытқулардың ерекшеліктеріне тоқталып өтейік. Осыған байланысты айта кететін жәйт, жеткіншектер мінез-құлқындағы алуан түрлі бұзушылықтарды сипаттайтын көптеген ғылыми феномендер болады. Сондықтан да мынандай сұрақ туындайды: «Тәуекел тобының жеткіншектері кімдер болды?». Бұл сұраққа жауапты белгілі бір проблемалары бар балалар санаттарын іздеуден бастаймыз. Бұл бағытта Л.Я.Олифренко, Т.И.Шульга және И.Ф.Деметьев ұсынған санат қызығушылық тудырды, оған сәйкес неғұрлым қырағы әлеуметтік-педагогикалық назарды қажет ететін келесідей негізгі балалар санатары бөліп көрсетіледі: мүгедек балалар, жетім балалар, құқық бұзушы балалар және тәуекел тобының балалары. Авторлар пікірі бойынша балалардың алғашқы үш санаты олардың жағдайы заңнамалы және нормативті мемлекетмен реттелетіндігімен сипатталады, осындай балаларды анықтайтын және олардың мәртебесін белгілейтін арнайы органдар мен ведомстволар, сонымен қатар осындай балаларға арналған арнайы мекемелер бар. Жағдайы нашар отбасындағы, мектепте үлгерімі нашар, мінез-құлықтарындағы бұзушылықтардың түрлі көріністерімен сипатталатын т.с.с. балаларды жатқызатын тәуекел тобының балалары «бейресми» санат болып табылады [35].

Осылайша, Л.Я.Олифренко мен оның авторластарының пікірін бөлісе отырып, тәуекел тобының жеткіншектерінің түсінігі психологиялық-педагогикалық ғылымда нақты белгіленген шекарасы жоқ екенін айта кеткеніміз жөн. Біздің зерттеудің заты жалпы қабылданған нормалар мен ережелерге толықтай немесе жартылай сәйкес келмейтін мінез-құлықтағы кейбір бұзушылықтары бар жалпы білім беретін мектептің жеткіншектері табылады. Сондықтан «тәуекел тобы» туралы айта отырып, біз балалардың осы санатына енгізілген жеткіншектер мінез-құлығының шынайы орын алған зардаптарын айтамыз.

Қорытындылай келе, мінез-құлықтың ауытқушылықтар алуандығына қарамастан, оларды анықтау қиын, сондықтан «тәуекел тобы» санаты шартты сипаттама болып табылады және сондықтан да оларды бағалауда түрлі пікірлер тудырады. «Тәуекел тобындағы балалар» – бұл біздің тұжырымдауымызша, түрлі жағымсыз факторлардың әсеріндегі кризистік жағдайдағы балалар.

«Тәуекел тобына» енген балалардың сипаттауда бар немесе мүмкін қауіпті сипаттайтын тәуекел тобы жеткіншектері мінез-құлқындағы бұзушылықтарының түрлерін талдау мен нақтылауға жүгінеміз:

- дұрыс тәрбиеленбегендерінің себебінен қажетті білімдердің, біліктердің, дағдылардың жоқтығы, мінез-құлқындағы жағымсыз топтардың қалыптасқандығынан баланың, жеткіншектің өзін дұрыс ұстамайтындығынан туындайтын әлеуметтік-педагогикалық олқылықтар;

- жайсыз отбасылық өзара қарым-қатынастар, жағымсыз психологиялық ахуал, оқудағы жүйелі сәтсіздіктер, сынып ұжымдарындағы құрбылармен өзара қарым-қатынастың орындамағандығы, ата-аналарының, мұғалімдердің сыныптас жолдастарының дұрыс емес (әділетсіз, дөрекі, қатал) қатынастарынан туындайтын терең психологиялық жайсыздықтар;

- психикалық және физикалық денсаулығы мен дамуы жағдайындағы ауытқушылықтар, жас ерекшелік дағдарыстарындағы, мінез акцентуациясы және басқа да физиологиялық, психоневрологиялық ерекшеліктер себептері;

- ішкі және сыртқы белсенділігінің саналы көріністеріне, өзін-өзі көрсетуіне жағдай жасалмағандығынан, іс-әрекеттердің пайдалы түрлерімен айналыспайтығынан, жағымды және маңызды әлеуметтік, сондай-ақ, жеке өмірлік мақсаттары мен жоспарларының болмауы;

- қараусыз қалумен, қоршаған ортаның кері ықпал етуімен және осының негізінде дамиды әлеуметтік-психологиялық дезадаптациямен, әлеуметтік және жеке құндылықтарының жағымсыз түрде ауысуы және жағымсыз жайттар.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының «Неке және отбасы» Заңы. «Қазақстан Республикасында азаматтардың денсаулығын қорғау туралы» Заңы. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. «Қазақстан Республикасында бала құқығы туралы», Адам құқығының жалпы Декларациясында. Қазақстан Республикасы бала құқықтары саласының заңнамалық базасы, Правила о порядке организации деятельности реабилитационного центра. - Алматы, 2008. – 393 б. – Б.120,149, 84, 6,343.
2. Қазақстан Республикасының «Еңбек туралы» Заңы
3. Справочник статических показателей всистеме здравоохранения Республика Казахстан- Алматы: Казахинформцентр,2006. Республикамыздағы жылдағы статистикалық мәліметтер; Казахинформцентр,2006
4. Джаманбалаева Ш.Е. Общество и подросток: социологический аспект девиантного поведения.-Алматы, 2002.-С. 278.
5. Алматы қаласы Денсаулық сақтау орталығының 2010-2010 ж.ж. есебі бойынша;
6. Казакова Е.И. Система комплексного сопровождения ребенка: от концепции к практике // Психолого – педагогического медико – социальное сопровождение развития ребенка: мат. Всерос. Научно – практической конференции.СПб. 1998.
7. Олифренко Л.Я., Шульга Т.И., Дементьева И.Ф. Социально-педагогическая поддержка детей группы риска: учеб. пособие для студ. высш. Учеб. зав. / Л.Я. Олифренко, Т.И. Шульга, И.Ф.Дементьева – 3-е изд., испр. И доп. – М.: Издательский центр «Академия», 2008. -256 с. – С.53
8. Балықбаев Т.О., Демеуова М.Е., Локтионова О.С., Котова Е.В., Митенева С.В., Соскин О.С. Жасы кәмелетке толмаған жасөспірімдердің құқықтары. Алматы, 2007. – 154б. – 70 б.
9. Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі «Педагогика және психология» – Алматы «Мектеп» 2002; 236.
10. А.Садвакасова В помощь социальному педагогу, или как работать с трудными детьми: Учеб.мет.пособие – Алматы, 2008. – С.59-67

**ТӘУЕКЕЛ ТОБЫНА ЕНГЕН ЖЕТКІНШЕКТЕРДІҢ ДЕВИАНТТЫ ӘРЕКЕТТЕРІН
ӘЛЕУМЕТТІК-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ТҰРҒЫДАН ТАЛДАУ**

Сабытова Молдир Курбангазыевна

Магистрант

Қазақ-Орыс Халықаралық университеті; 030 006, Ақтөбе қ., Әйтеке би к-сі, 52;

Бұл мақалада. Психоаналитикалық теория бойынша, ауытқыған мінез-құлықтың негізі адамдардың санасында туындайтын тартыстарда жатыр. З.Фрейдтің теориясында әр адамның белсенді сана қатпарының астарында санасыздық аймағы болады делінеді. Санасыздық дегеніміз адам бойындағы аяушылықты білмейтін барлық табиғи қасиеттер жинақталған психикалық энергия. Санасыздық - мәдениеттің әсерін басынан өткізбеген адамның болмысы. Адам өзінің табиғи «заңсыз» күйінен өзіндік «менін», сондай-ақ тек қоғам мәдениетімен айқындалатын «жоғары менін» қалыптастыру арқылы қорғана алады.

**В ГРУППУ РИСКА В СОЦИАЛЬНО-ПСИХОЛОГИЧЕСКОЙ АНАЛИЗ ДЕЙСТВИЙ
ПОДРОСТКОВ С ДЕВИАНТНЫЕ ДЕЙСТВИЯ**

Сабытова Молдир Курбангазыевна

Магистрант

Казахско-Русский Международный университет; 030006, Актөбе, ул. Айтеке би, 52;

В данной статье. Психоаналитическая теория, основа, возникающие в сознании людей от поведения на борьбах лежит. З. Фрейд активного сознание складки бессознательность зона каждого человека в теории можно всем этим говорится, что. Вдоль всего природного свойства накопленных психического энергии не жалость бессознательность есть человек. Невежество - культуры как отсутствия реализации на лица с начала Человек своих природных "незаконное", "незаконный" своеобразным "никто", а также с культурой общества путем формирования айқындалатын только из "высшее никто" возможности защищаться.

**AT RISK IN SOCIO-PSYCHOLOGICAL ANALYSIS OF ACTIONS OF ADOLESCENTS
WITH DEVIANT ACTIONS**

Sabytova Moldir

Master's student

Kazakh-Russian International University, 030006, Aktobe, 52, Aiteke bi St.;

In this article. The psychoanalytic theory, the basis that arises in the minds of people from behavior on fights lies. Z. Freud active consciousness fold unconsciousness zone of each person in theory can be said by all this that. Along the whole natural property of the accumulated mental energy is not pity unconsciousness is man. Ignorance is culture as the lack of implementation on persons from the beginning of Man of his natural "illegal," "illegal" peculiar "nobody," as well as with the culture of society by forming айқындалатын only from the "highest nobody" opportunity to defend.

Девианттық (deviato, латын тілінен айдарғанда – ауытқу, deviant, француз тілінен аударғанда – ауытқыған) мінез-құлық – бұл жалпы қоғамда қабылданған әлеуметтік нормаларды сақтамайтын немесе оларды тікелей бұзатын адамдардың мінез-құлығы.

Отандық және шетелдік әдебиеттерді зерттей келе девиацияның мәселелері мен мазмұнына қарай біз келесі ұйғарымдарға келдік, олар ауытқудың негізгі себептері адамның өзінде болады (биологиялық үйлесім), қоғамда (жанжал теориясы мен функционалистік тұжырымдар), әлеуметтік қоршаған ортада (интеракционизм).

Белгілі әлеуметтанушы И. Кон девианттық мінез-құлықты психикалық денсаулық, құқық, мәдениет немесе адами қалыптарының жалпы қабылданған қалыптардан ауытқыған іс-әрекет жүйелері ретінде қарастырады. Бейімделуші мінез-құлықтың тұжырымына сәйкес кез келген ауытқушылық бейімделудің бұзылуына алып келеді (психикалық, әлеуметтік, әлеуметтік-психологиялық, қоғамдық).

Ауытқыған мінез-құлықтардың пайда болу себептерін қарастыратын болсақ, оның себептерін зерттеуде үш түрлі теория бар: физикалық типтер теориясы, психоаналитикалық және әлеуметтанушылық немесе мәдени теориялар.

Физикалық теория бойынша тұлғаның белгілі бір физикалық ерекшеліктері оның нормадан түрлі ауытқуларын алдын ала анықтауға көмектеседі. Физикалық типтер теориясын жалғастырушылардың қатарына Ч.Ломброзо, Э.Кречмер, В.Шелдонды жатқызуға болады. Бұл адамдардың еңбектерінде бір ғана басты идея орын алған: белгілі бір физикалық ерекшеліктері бар адамдар әлеуметтік ауытқуларды жасауға бейім келеді. Дегенмен практика көрсеткендей, бұл теорияның олқы жағы көп. «Қылмыстық» бет бейнесі бар адамдардың ішінде тірі жанға зиян келтіре алмайтындар болатыны, керісінше, түріне қарап тәртіпті деп ойлайтындардың қылмысқа барғандары да белгілі.

Психоаналитикалық теория бойынша, ауытқыған мінез-құлықтың негізі адамдардың санасында туындайтын тартыстарда жатыр. З.Фрейдтің теориясында әр адамның белсенді сана қатпарының астарында санасыздық аймағы болады делінеді. Санасыздық дегеніміз адам бойындағы аяушылықты білмейтін барлық табиғи қасиеттер жинақталған психикалық энергия. Санасыздық - мәдениеттің әсерін басынан өткізбеген адамның болмысы. Адам өзінің табиғи «заңсыз» күйінен өзіндік «менін», сондай-ақ тек қоғам мәдениетімен айқындалатын «жоғары менін» қалыптастыру арқылы қорғана алады. Адамның «мені» мен «жоғары менін» ұдайы санасыз күштер тежеп, ал «мен» мен «жоғары мен» сұрапыл сезімдер мен қызу құштарлықтарды шектеп отырады. Кейде «мен» мен санасыздық, сондай-ақ «жоғары мен» мен санасыздық арасындағы ішкі шиеленістер бұрқ етіп сыртқа шығатын жағдайлар да болады. Мұндай кезде индивидтің әлеуметтік ортасында қалыптасқан мәдени нормалардан ауытқушылық туындауы мүмкін.

Көп жағдайда девиантты мінез-құлықтардың қалыптасуының басты себептері отбасылық жағдайдың нашарлығы болып табылады: отбасында қалыпты мәдени-адамгершіліктік тәрбиенің болмауы, ұлттық салт-дәстүрлерді мойындамауы, ата-аналарымен және жақындарымен қақтығыстардың жиі болуы және т.б [37].

Кейбір зерттеулерде көрсетілгендей, арнайы мекемедегі тәрбиеленуші жеткіншектер құқық бұзушылығы интеллектуалдық және әлеуметтік қызығушылықтардың төменгі деңгейде болуы, сонымен бірге жастары бойынша ересектердің антиәлеуметтік бағыттағы ықпалы тән. Біздің қоғамда болып жатқан әлеуметтік-психологиялық, саяси өзгерістер өзіндік дүниеге көзқарастары мен құндылықтар жүйесі қалыптаспаған жеткіншектер үшін қиынға соғуда. Өмірге деген тұтынушылық-өзімшілдік қатынас көптеген жастардың өзіне және қоршағандарға немқұрайлы қарауына әкеп соқтырады.

Қазіргі кездегі тәуекел тобындағы жеткіншектер мазмұны жағынан күрделі әлемде өмір сүреді.

- техникалық-технологиялық жаңалықтардың жылдамдығына және адамдарға жаңа талаптардың қойылуына байланысты;

- ақпараттың сипатына байланысты, себебі жеткіншектің нақты өмірлік позициясы анықталмағандықтан, оған жаңалық пен өзгерістер терең әсер етеді;

- қоғамдағы экономикалық және экологиялық күйзелістер балаларда сенімсіздік тудырады. Сонымен қатар елдегі әлеуметтік, экономикалық және моральдік жағдайлардың тұрақсыздығынан жеткіншектер басқа жас тобындағылардан гөрі көбірек қиналады.

- Тәуекел тобына енген жеткіншектерде келеңсіз жағдайлар өте ұзақ орын алғандықтан, балалардың психикалық және физикалық денсаулығына жағымсыз ықпал еткен. Балаларды ұрып-соғу, олардың қажеттіліктері мен қызығушылықтарын ескермеу, ата-аналарының жұмыссыздығы - осылардың бәрі девиантты және делинквентті мінез-құлықты балалардың санының артуының себептерінің толық емес тізімі.

Сонымен, ғылыми тұрғыдан зерттегенде, дәл осы балалардың оқуға қызығуларының жоқ екені, олар мектепке де сыймай, үйге де сыйлы болмай, мұғалімдердің берекесін кетіріп, түптің түбінде олардың басым көпшілігінен дайын заң бұзушылар мен қылмыскерлер шығатыны бұрын да дәлелденген.

«Тәуекел тобына» жатқызудың жеткіншектердің белгілері ретінде төмендегі сипаттамаларды қарастырамыз, яғни жеткіншектерге жағымсыз психологиялық зорлық көрсету, осындай зорлықтың нәтижесінде жеткіншектердің құндылықтар жүйесінде үш басымдылық пайда болады:

- жеткіншектің психологиялық автономиясын күшейтетін өз тұлғасына деген эгоцентристік қызығушылықтың жоғары болуы;

- қарсыластық көрсетуге бейім болу басымдылықтың күшеюі қырсықтыққа, бұзақылыққа, авторитеттерге қарсы шығуға, жалпы қарсылық білдіруге себеп болады;

- романтиканың басымдылығы жеткіншектердің белгісіз нәрсеге құмарлықтың пайда болуына, тәуекелшілдікке баруға итермелейді, осындайда жеткіншектер рұқсатсыз үйден шығып кетеді, саяхатқа шығады немесе жалпы қашып кетеді.

Тәуекел тобындағы балалардың девиантты мінез-құлқына тән ерекшеліктер:

1. Құндылықтық бағдарлары прагматикалық бағытта болуы.

2. Рухани-адамгершілік құндылықтар жүгінбеуі.

3. Жеке-психологиялық ерекшеліктері мінез-құлық ауытқуларындағы қасиеттермен сипатталады.

4. Тұлғааралық қатынастар жүйесінде қоршаған адамдармен қарсыластық қатынаста, эмоциялық дискомфорттың, басымдылық көрсету жағдайында болу байқалады.

5. Қоғамда орнатылған жалпы қабылданған нормаларға жағымсыз қатынас көрсету, осының нәтижесінде мектепшілік және әлеуметтік дезадаптация жағдайына ұшырағандығының байқалуы.

Тәуекел тобының пайда болуының тағы да бір себебі - жеткіншектің психикасының жастық ерекшеліктерінен көрініс табады. Психикалық дамуға жастық дағдарыстар тән. Өз дамуында бала ересектердің тәрбиелік әрекеттеріне қарсы келе бастайды, қақтығыстар туындайды, өзін дөрекі ұстап, оларды тыңдамау пайда болады. Л.С.Выготский жаңа туылған, 1 жастағы, 3,7,13 және 17 жастағы балалардың күйзелістері туралы айтып кеткен.

Сондықтан жеткіншектің патологиялық қаталдығы оның жақындары, таныстары, құрдастары үшін күтпеген, еш нәрсемен түсіндіруге болмайтын құбылыс болып табылады.

Күйзеліс кезіндегі биологиялық және психологиялық процестердің үдей түсуі мінез-құлықта күтпеген жерден ауытқудың пайда болуына әкеледі. Осылайша білім алушыда қоршағандар үшін аяқ астынан эмоциялық қаталдық, агрессия және тәуекелге бару пайда болады.

Есею кезеңі терең психологиялық проблемалардың пайда болуына ықпал етуі мүмкін. Жеткіншектік күйзеліс «тәуекелдікке» туындайтын ерекше жағдай ретінде

түсіндіріледі. Бұл күйзелістің түпкілікті белгісінің бірі баланың өзіндік Менінің алыстауы, жалғыздық пен әлемнен бөлініп қалуына алаңдау болып табылады.

Қазіргі таңдағы зерттеушілер - мынадай әлеуметтік факторлар мен мінез-құлықтағы ауытқушылықтың тікелей байланыста болатынын атап көрсетеді.

- мәдениет пен білім дәрежесінің төмен деңгейі;
- маңайдағы адамдардың теріс ықпалы; оған үйлесімсіз отбасы, әлеуметтен тыс мінез-құлықтағы бей рәсімді топ жатады;
- артық бос уақыттың болуы және өзінің бос уақытын дұрыс өткізе алмау;
- мінез-құлықтың кейбір қоғамға және рухани жат формаларына жұртшылықтың төзімділікпен қарауы;
- жасөспірімді кәсіптік өсу мен білім алуға ынталандырмайтын біліксіз еңбектің кейбір түрлеріне жоғары ақы төленуі;
- идеологиялық тәрбиенің төмен деңгейде болуы.

Мұнымен бірге атап айтар жайт, білім алушы жеткіншектерді қалыптастыруға ықпал ететін факторлар ішінде жеткіншекті қоршаған шағын ортаның, ең алдымен отбасының әсері айрықша болады. Жеткіншектің жеке басын қалыптастырудағы отбасының рөлі туралы айтқан кезде бұл мәселенің кемінде екі қырын: ішкі отбасылық қарым-қатынастар мен тәрбиенің түрін қарастыру керек. Осы тұрғыдан алғанда, үйлесімді және үйлесімсіз отбасыларын ажыратып айту керек. Үйлесімсіз отбасылары бұзылған, ыдыраған, ажыраған, толық емес және қатыгез, ынтымақтастығы жалған отбасылары болып бөлінеді.

Бұзылған отбасы ең алдымен оның жекелеген мүшелерінің оқшаулануымен ерекшеленеді. Осының өзі өзара түсінісуге кедергі келтіреді және мұнымен бірге эмоциялық зорлану мен жанжалды жағдай туғызуға ықпал етеді. Мұндай отбасында «әй дейтін әже, қой дейтін қожа» бола бермейді, осыған орай, көбіне әркім өз бетімен тіршілік етіп жатады, бұзылған отбасының негізгі кемшілігі — оның жекелеген мүшелерінің арасында жан-рухани жағынан түсініктің, теңдес эмоциялық байланыстардың болмауы.

Ыдыраған отбасы - ата-аналар арасындағы жанжал ұрыс-керіс шыңына, шырқау шегіне жеткен отбасы. Мұндай жағдайда отбасының ыдырауы пісіп-жетіледі. Әдетте осыдан барып, жанжалға балалар да тартылады. Жауласушы ата-аналар балаларынан өздеріне одақтастар іздейді немесе оларды осы жолда құрбан қылып жібереді.

Ажыраған отбасы - ата-аналардың біреуі тастап кеткен отбасы, бірақ отбасымен байланысын жалғастыра береді. Мұндай отбасындағы ата-ананың біреуі келіп кетуші деген атқа ие болады.

Толық емес отбасы - мұнда ата-аналардың біреуі, көбіне әкесі болмайды. Қиын жеткіншектердің қалыптасуында толық емес отбасының патогенді ықпалын асыра көрсету жөніндегі бағыт әдебиетте жиі айтылып жүр. Бірақ, осыған қарамастан, егер ол психикалық жағынан ауру болмаса, көп жағдайда мұндай отбасындағы апа әкесіз-ақ, әлеуметтік жағынан көндіккен жақсы балаларды тәрбиелеп өсіреді.

Ынтымақтастағы жалған дұрдараз отбасы - бір үстем үй қожасының болуымен ерекшеленеді. Мұндай отбасында сол үй қожасына қалғандары мүлтіксіз бағынып отырады. Әдетте осындай отбасында қаталдық, бүкіл өмірдің қатал тұрғыдан реттелуі үстем болып, берекелі жан жылуы жетіспей жатады.

Айтылғандарды қорытындылай келгенде, үйлесімсіз отбасындағы дұрыс жүргізілмеген тәрбие жеткіншектер мінез-құлқының ауытқушылығына, тәуекелге баруының басымдылығына себеп болып табылады. Дұрыс емес тәрбиенің ең бір жиі кездесетін типтерін: гиперпротекция, эмоциялық аластау, гипопротекция, қатаң көзқараспен қарау және жоғары моральдық жауапкершілік жағдай деп бөледі.

Гиперпротекция немесе шектен тыс қамқорлық ұсақ-түйек қамқорлықтан, мінез-құлықты қатаң бақылауға алудан, өз еркін шектен тыс танудан байқалады. Мұның өзі

жеткіншекті дербестіктен, бастамашылдықтан, жауапкершілік пен парыз сезімінен айырады. Көп жағдайда мұндай отбасында тәрбиеленген жеткіншек отбасының әуектетуі құрметтеуіне ие болып, аузына қаратады. Ол жан-жағынан мақталып, қошеметтеліп жатады. Жеткіншектің қабілеті шектен тыс ұлғайтыла көрсетіліп, ал жағымсыз қасиеттері байқалмай қалып жатады. Ата-аналар өз еркесінің кез келген тілегін орындауға, оны қандай бір өмір қиындығынан қорғауға кез келген сәтте даяр тұрады. Шектен тыс қамқорлық— ауруға табынушылық жағдайында тәрбиелеу көбіне бала қандай бір дене кемшілігіне душар болған немесе созылмалы аурумен ауыратын отбасында жиі кездеседі.

Гипопротекция ата-аналардың жеткіншектердің құштарлықтарымен күйзелістеріне ықыластың болмауы, көңілдің бөлінбеуі, қызығушылықтың жоқтығы арқылы көрінеді. Тыйым салыну мен мадақтау формалдық түрде болады, бірақ бақылау жасалмайды. Мұны жасырын гипопротекция деп атайды. Көбіне ата-аналардың күш-жігерлері жеткіншекті қоғамдық айыптау мен жазадан құтқаруға бағытталады да, мұның өзі бақылаусыздық пен жүгенсіздікке жол ашады.

Эмоциялық тұрғыдан аластаушылық жағдайы қатал қарым-қатынас жасаумен немесе керісінше, жеткіншекке оның тасасында толық енжарлық көрініп тұратын көтеріңкі назар аударумен сипатталады. Мұндай жағдай өгей шешесі немесе өгей аға-інілері және апа-қарындас-сіңлілері бар отбастарында қалыптасады. Жеткіншектер, әдетте, өзара қарым-қатынастардағы жалғандықты сезіне бастайды және отбасындағы артық, керексіз адамның рөлін қиындықпен көтереді. Өзара қатал қарым-қатынас жиі жазалаумен, ұрып-соғумен, жағымсыз әрекеті мен тындамаушылығы үшін дене және моральдық жағынан азапқа ұшыратумен ерекшеленеді. Мұндай қарым-қатынас ынтымағы жалған сұрқай отбасыларында немесе қатыгез өктемдік, көсемдерінің езгісі, күштілердің әлсіздерді қанауы шектен шыққан жабық мекемелерде қалыптасады.

Жоғары моральдық жауапкершілік жағдайы ата-аналар жеткіншектен нақты түрде қолынан келетіннен анағұрлым жоғары нәтиже күтетін отбасында пайда болады. Мұндай отбасында өскен бала бір мезгілде қолынан келмейтін бірнеше ауыртпалықты ата-анасының қамқорлығымен атқаруға мәжбүр болады. Атап айтқанда, ол мектепте үздік оқуға, шет тілдерін жетік меңгеруге, музыкамен және спортпен айналысуға мәжбүр болады. Мұның бәрі жиі-жиі қарсыластық (келіспеу) реакциясымен аяқталады немесе мінездің психастениялық белгілерін қалыптастыруға ықпал етеді. Тәрбиенің ақаулы әдістері қолданылатын отбасыларымен жұмыс жүргізу өте қиын, бірақ мінез-құлықтағы нақ сол ауытқушылық формалары алдын алудың психогигиеналық бағытының негізі болып саналады.

Мұндай жұмыс әр алуан: қоғамдық, педагогикалық, психотерапиялық, құқықтық және басқалары — ең бастысы кешенді болуы тиіс.

Мінез-құлық ауытқушылығының қалыптасуына ықпал ететін маңызды әлеуметтік фактор - әлеуметтен тыс және әлеуметке қарсы бейрәсімді топ. Топ құру реакциясы жеткіншек шақтағы табиғи психологиялық реакция екендігі мәлім. Алайда, маскүнемдік, азғындық, құқық бұзушылық өріс алған топтардағы жеткіншектер көбіне әлеуметтік жағынан тұрақсыз отбасыларынан шыққандар болады. Осыған орай, жеткіншектің жеке басы қалыптасуының белгілі бір сатысында мұндай бейресми топ мінез-құлықтағы ауытқушылықты орнықтыруда негізгі реттеушілік рөл атқаруы мүмкін. Осындай қатер топтарына жүргізілген арнайы зерттеулер бұл бейрәсімді топтың әдеттегі жеткіншектер тобынан бірқатар ерекшеліктері болатынын көрсетті. Біріншіден, олар басқа жеткіншектер топтарынан айрықша оңашаланады да, толық еркіндікке ұмтылады. Екіншіден, мұндай топтардың ішінде қоғамға жат мінез-құлыққа бағдарланған өзгеше топтық құндылықтар мен мүдделер қалыптасады. Үшіншіден, бұл топтардың әрбір мүшесінің жеке басының даму деңгейі мен топтық нормаларының арасында өзара қатаң байланыс болады. Топтың жекелеген адамдары топтық қалыптарды және моральдық құндылықтарды нормалайды да,

мұның өзі өз кезегінде топ мүшелерінің жеке бас ерекшеліктерінің қалыптасуына ықпал етеді.

Ғ.Құдиярованың айтуынша, жеткіншектің психологиялық ерекшеліктері белгілі мөлшерде психикалық процестердің ерекшелігіне байланысты. Жеткіншекке тән сипаттар - ақыл-ойдың ұтқырлығы мен танып-білуге деген күшті талпыныс және жан-жақты қызығушылық деп айтқан.

Жеткіншектік жаста айқын байқалатын әсерлену тұрақсыздығы, көңіл-күйінің шұғыл ауытқушылығы, қуанышты күйден жабырқау күйге тез ауысуы тән. Сондай-ақ, үлкендер жеткіншектің сыртқы кейпіндегі «жемшіліктері» туралы ескерту жасағанда немесе оның дербестігіне нұқсан келтіргенде, олар бұған қатты шамырқанып, бұрқ ете түседі.

Әсерге (эмоция) тұрақсыздықтың шырқау шегі ер балаларда 11-13, қыздарда 13-15 жас аралығында болады. Ересек Жеткіншектік жаста көңіл күйі неғұрлым тұрақты болып, сезімдік әсерлері неғұрлым саралана түседі. Аяқ астынан лап ете түсетін шымырқаныстар көбіне айқын байқалатын сыртқы байсалдылыққа, маңайындағыларға мазақтай қараушылыққа ауысады. Өз мінез-құлығына өзі талдау жасауға бейімділік, рефлексия көбіне депрессиялық көңіл-күйінің тез пайда болуына ықпал етеді.

Жеткіншек бойында кереғар психикалық қасиеттер: мақсаткерлік пен табандылық ырықсыздықпен, табансыздықпен, өзіне деген сенімсіздікпен алмасып отырады. Арманшылдық, көңіл-күйдің көтеріңкілігі – тәкәппар менмендікпен, ал шынайы нәзіктік, жұмсақтық, о жарлықпен, жатырқаушылықпен, өшпенділікпен, тіпті қаталдықпен ауысып отыруы да мүмкін [35].

Жоғарыда аталған жеткіншектердің бойындағы теріс мінез- құлықтың көрінісі- жалпы білім беретін мекемелерде тәуекел тобына жатқызады.

Жеткіншектердің жеке басының қалыптасу мәселесі - жасқа байланысты психологиядағы ең күрделі, әрі ең аз зерттелген мәселе. Жеткіншектің жеке басы туралы айтқанда, біз хронологиялық жасты немесе зерттеп отырған жеке адамның даму сатысын ғана ескеріп қоймай, сонымен қатар мыналарды да ескеруіміз қажет:

- а) жеткіншек өскен ортаның мәдениеті мен қоғамның жалпы қасиеттері;
- ә) жеткіншектің әлеуметтік-экономикалық жағдайы;
- б) жеткіншектің өсіп келе жатқан тарихи ахуалы және оның замандастарының ерекшелігі;
- в) жеткіншектің жынысы;
- г) жеткіншектің даралық-типологиялық қасиеттері.

Жеткіншектік жастағы маңызды кезең өзіндік танымның қалыптасу процесі болып табылады. Нақ осы кезде өзінің қажеттіліктері мен қабілетіне, қызығушылықтары мен мінез-құлық себептеріне, әсерлері мен ойларына деген саналы көзқарасы қалыптасады.

Өз жан дүниесіндегі өзгерістерді талдап, мінез-құлқына баға бере келіп, жеткіншек оларды үлкендердің жан күйзелістерімен және мінез-құлықтарымен салыстырады.

Жеткіншектің жеке басының қалыптасуына ықпал ететін ерекше маңызды фактор - оның құрдастарымен қарым-қатынасы. Құрдастарымен араласа отырып, жеткіншек өмір туралы қажетті білім алады. Құрдастар тобы олардың бойында әлеуметтік өзара әрекеттестік дағдыларын қалыптастырады. Өзі туралы құрдастарының не айтып, не ойлайтындығы жеткіншек үшін өте маңызды.

Психологтардың зерттеулеріне қарағанда, сынып ұжымындағы қолайсыз жағдай - арнайы мекемедегі тәрбиеленуші жеткіншектерді қалыптастырудың негізгі себептерінің бірі. Ондай жеткіншектер, әдетте мектепті мерзімінен бұрын тастап кетеді және құрдастарынан гөрі мектептен тыс әсерге жиі ұшырайды [37].

Жағдайдың әсеріне қайтаратын баланың жауабын өзгеше етіп тұратын оның психикалық және әлеуметтік жағынан толыспаушылығы екені ересек адамға үнемі түсінікті

бола бермейді. Бірақ мұндай жағдайларда ауру күйі туралы айтқанда, үлкен сақтық қажет, себебі диагноз қою үшін таза психологиялық белгілерден басқа, медициналық белгілер де керек. Кейбір авторлар жағдаяттық-жеке бастық реакцияны патология саласына мүлдем қоспайды. Бұрынғы Кеңес Одағы психиатриясында В.В.Ковалев, А.Е.Личко сияқты көптеген авторлардың еңбектерінің арқасында бұл мәселенің табиғатын түсінуде маңызды қадам жасалды.

Бұл ғалымдар мінез-құлық бұзылысында байқалатын психологиялық реакцияларды бөліп көрсетеді. Психологиялық реакцияға норма нұсқасы кірсе, патологиялық реакцияға патологиялық бұзылыс формалары, атап айтқанда, психотикалық емес және психотикалық бұзылыстар енеді.

Психологиялық жағдаяттық-жеке бастық реакция деп көбіне белгілі бір ортада, атап айтқанда, отбасында, мектепте байқалатын бала мінез-құлқындағы өтпелі, жағдаяттық-себептік құбылыстар түсініледі [38, 39].

Бұл бағытта В.В.Ковалевтің зерттеулерінде психологиялық реакциялардың патологиялық реакцияларға өтуін мыналарға байланысты деп санайды.

- реакцияның өздері пайда болатын сол жағдаят пен шағын орта шегінен тыс жайылуы;

- мінез-құлықтың психологиялық жағынан түсініктілігін жоғалту;

- невротикалық кеселдердің қосылуы;

- көңіл-күйінің ауытқушылығы, ашушандық, жүдеулік, ұйқының бұзылуы және т.с.с. жатады [40].

Жеткіншектерге мінез-құлық реакциясының патологиясы жөнінде А.Е.Личко да осыған ұқсас пікір айтады. Оның пікірінше, патологиялық реакция жеткіншектің қалыпты мінез-құлық нұсқаларынан басқаша болады.

- аса әр түрлі жағдайларда пайда болуға және барынша әр түрлі сылтаулардың болуына бейімділік;

- бір ғана әрекетті әр түрлі сылтаумен жаттанды қайталайтын патологиялық көшірме қасиетіне ие болуға бейімділік;

- жеткіншектің құрдастары арасында, өзі қатысты топта болатын мінез-құлық бұзылыстары шегінен асып түсуге бейімділік;

- әлеуметтік жағынан көндікпеуге бейімділік.

А.Е.Личко бойынша жеткіншектерде бұл аталған реакциялармен қатар, құрдастарымен топтасу, әуестену реакциясын және сексуалдық әуестік себепші болатын реакцияларды да ажыратуға болады. Бұған қоса қалыптасып келе жатқан өзіндік сана себепші болатын реакцияларды көрсетуге болады [41]:

- өзінің денелік «меніне» көтеріңкі назар аударумен байланысты болатын реакция;

- өзінің ішкі дүниесіне күшті назар аударуға байланысты реакция.

Жеткіншектерге көбіне азат болу (эмансипация) реакциясы, құрдастарымен топ құру реакциясы, құштарлық реакциясы, сексуалдық құштарлық себепші болатын реакциялар, өзіндік сананың қалыптасуына себепші болатын, өзінің сыртқы түріне баса назар аударуға байланысты, өзінің ішкі дүниесіне аса көңіл аударуына байланысты реакциялар тән. Осы тектес реакциялар зерттеуші ғалымдардың көптен бері назарын аударып келеді [41,42].

Авторлардың бәрі де пайда болған реакциялар психопатологиялық синдром дәрежесіне жетпейді деген пікірді ұстанады. Бұл реакцияларды өзінше дисморфобия алдындағы күй деп санайды.

Әр түрлі патологиялық сипаттағы жеткіншектердегі дисморфомания және дисморфоманияның клиникалық көріністерінің ерекшелігіне арналған әдебиеттерді А.Е.Личконың, В.Т Кондрашенко, еңбектерінен табуға болады [41, 42].

А.Е.Личко мен Л.М.Семенюк құштарлық реакциясын бірнеше типтерге бөліп көрсетсе, Г.Е.Сухарева өзінің клиникалық көрінісі жағынан аталған рефлексстік реакциялармен ұқсас реакцияны сипаттап жазған болатын [41, 38].

В.В.Ковалев, А.Е.Личко және басқа ғалымдардың көп жылдық байқау тәжірибелері наразылық реакциясының көбіне тәртіпсіздік, бұзақылық қылықтарын, ызалы әрекеттерден, қаңғыбастық, өзін-өзі өлтіруге ұмтылатын мінез-құлықтардан байқалатындығын көрсетеді. Қарсылық жасау реакциясы -оқығысы келмеу, пайдалы еңбек процесіне қатысудан жалтару, сол сияқты еліктеу (имитация) - үлкен адамдарға ұрынушылық, оларға дөрекілік көрсете, астамшылдықпен қарау, балағат сөздер айту, есірткі және басқа да бас айналдыратын заттарға әуестену [40, 41].

Жеткіншектерге азат болу (эмансипация) реакциясы көбіне үйден қашып кету, қаңғыбастық, маскүнемдік, есірткіге салыну, жыныс еркіндігі тәрізді жөнсіз іс-әрекеттерден көрінеді.

Топ құру реакциясы - кей жағдайда бұзақы әрекеттерден, құқық бұзудан, маскүнемдікке салынудан; құштарлық реакциясы - ерте жыныстық байланыстан, тасымалданатын сексуалдық қатыстырылулардан; сана сезімді қалыптастыруға себепші болатын реакциялар - «басқаша ойлайтын» жеткіншектер үйірмелерін құрудан, өзін-өзі өлтіруге ұмтылудан және т.б. байқалады [40, 41].

К.Бютнер психопатия мен қалыпты күйдің өтпелі кезеңдері туралы, Я.И.Гишинский психопатияның жасырын кезеңдері туралы, О.В.Кербиков психопатияның алдындағы кезең, Г.К.Ушаков қалыпты сипаттың шектен тыс нұсқалары - жеке бастың күшейтілген жақтары (акцентуациясы), А.Е.Личко мінез-құлықтың күшейтілген жақтары жөнінде жазған. Аталған ғалымдардың еңбектерінен мінезге байланысты көптеген зерттеулер жазылғанын көреміз [39, 43, 41].

Сонымен қатар, А.Т.Ақажанованың «Девиантология» атты еңбегіне сүйенетін болсақ, жоғарыда айталған барлық мінез-құлық типтерінің айқындалу процесстеріне бұқаралық ақпарат құралдары (БҰҚ) үлкен рөл атқарады. Әсіресе теледидар, компьютер ойындары, бейнефильмдер және т.б. [35]

БҰҚ-ң жағымсыз жақтарын қолдайтындар адамдардың өздерін басқыншы қылып көрсетіп, жағымсыз мінез-құлық көрсетуі, басқаларға еліктеуден туындайды делінеді. М.Хьюсман зерттеушілер тобымен бірлесіп телебағдарламалар мен басқыншылық арасындағы корреляциялы 20 жыл бойы зерттеген. Олардың анықтаулары бойынша 30 жасаған қылмыстың ауырлығы 8 жаста көрген телебағдарламаларға сәйкес келеді. Басқыншы мінез-құлықтың қалыптасу механизмі (БҰҚ) келесі түрде беріледі: телебағдарламаларға аса қатты қызығушылық таныту - басқыншы қиялдар - өзін кейіпкермен теңестіру мәселелердің шешімін басқыншы амалдармен шешіп, адамдарға әсер ету басқыншы іс-әрекеттерді қайталау, тұлғааралық қатынастарда мәселелердің шешілуінде басқыншылықты пайдалану, басқыншылық әдеттер, әлеуметтік және оқу бейімдердің дамымауы, фрустрация, телебағдарламаларға аса мән берілу.

БҰҚ-ң девиантты мінез-құлыққа әсер етуін зерттеу үшін оған зерттеушілік жағынан қарап, ғылыми-психологиялық теорияларды білу қажет. Осыған төмендегі теориялық бағыттарды жатқызуға болады [35, 44, 45, 46].

Әлеуметтік үйрету теориясы, негізін салушы Н.Бандура мен әріптестері, бихевиористік психология негізінде пайда болған. Берілген теорияға сәйкес, адам қоршаған ортасына қарап іс-әрекет модельдерін бойына сіңіреді. А.Бандура өз зерттеулерінде ересек адам қуыршақты балғамен ұру арқылы баланың өзін-өзі ұстау бастамасының әлсіздеуіне басқыншылықты тудыруды көрсетеді. Балалардың ересек адамдардың қуыршақты ұруды бақылауы, кейпінен ересектердің өздеріне көрсетіліп бейнекамераға түсіріледі. Артынша бейне таспаны қараса, балалар мен ересектердің іс-әрекеті ұқсас келеді, яғни балалар іс-әрекетті дәл қайталайды. Осылайша, зұлымдық әрекеттері зұлымдықпен байланысты ойларды тудырады [35,47].

Кондрашенко В.Т. «Понимание медиа: внешнее расширение человека» атты еңбегінде, адамның мінез-құлқы мен өзінің әдеттеріне байланысты іс-әрекеттердің ауыспалық, күшейтпелік іс-әрекеттеріне байланысты болып келеді:

а) модельдің еліктеуі - адам сюжетті іс-әрекетін айқындайтын, ұнататын кейіпкерлер болып табылатын телекейіпкерлерге еліктей бастайды. Өзін-өзі кейіпкерлермен теңестіру, оған жаны ашуы - бұл оның шынайы өмірде еліктеп сондай әрекет жасауы ықтимал.

б) Сенсбилизация эмоционалды-сезімталдық реакция кезінде пайда болатын айнымалы өзіндік әсер. Жеткіншектер экранда болып жатқан оқиғалардан қатты әсер алып, көргендерін кейіннен қорқынышпен елестету кезінде болады. Бұндай көріністер көбінесе қорқыныштық, уайымшылдықтың және балалардың түрлі фобияларының себебі болып табылады.

с) Десенсбилизация (сезімталдықтың бәсеңдеуі) - бұл көрермендердің терең эмоционалды реакциясының әсері пайда болған көріністер, бірақ бұл көріністер кейіннен күнделікті, кәдімгі, үйреншікті құбылыс болып кетеді. Оған мысал ретінде - күнделікті төбелесетін, қорқынышты фильмдерді көру және т.б.

д) Жәрдем - психологияда бұл сөздің мағынасы өте зор, себебі реакциядан кейінгі кез-келген оқиғаны мінездейді. Егер жәрдемдесу болса, реакцияның қайталануы ықтимал [29].

Когнитивті (конструктивті) теория-келесі еске түсіруде ақпаратты қабылдау мен алу үрдісінде «кестелер» болады. Осының нәтижесінде индивидтің адамдар мен оқиғаларды еске түсіруді қалыпқа келтіреді. Бұл ақпараттың барлық түрлерін, (БАҚда қосқанда) қорытқандағы, алған ақпарат туралы санадағы білімнің барлық түріне жалпы мінездеме. Осы теорияның негізінде экраннан көргенді қабылдау жүреді (теледидар, компьютер ойындар және т.б. жүреді). Индивид, әр түрлі сценарилермен танысқанда, оларды ұзақ мерзімді есте сақтайды.

Мәдениеттілік (өсіру) теориясы - бұл теорияның негізгі ережесі болып, БАҚ көп реттік ұзақ мерзімді әсерлер (негізінде теледидар, компьютерлік ойындар) балалардың шынайы және әлеуметті әлем туралы көріністерін әрдайым өзгертіп отырады. Унификация, яғни адамдардың әр түрлі көзқарастарының әлеуметтік шындықтың бірегейарнасына бағытталған құрастырылымы. Құрастыру үдерісі арқылы іске асады. Бұл жерде көрермендер әлемдегі жаңалықтардың барлығын телебағдарламалар арқылы біліп отырады. Сақталған ақпараттар негізінде индивид шынайы әлем туралы өз көзқарасын қалыптастырады. Бұндай «шынайылық» неше түрлі пішімді қабылдап және сонымен қатар көзқарастар мен қалыптастыққа, гендерлі рөлдер туралы түсінікке, жастардың өмірлік жолдарын таңдауына, адам денсаулығына әсер ететін әдеттерге әсер етеді.

Әлеуметтану теориясы - мәдениеттілік теориясымен ұқсастықтары көп, БАҚ әсерінің ұзаққа созылу процесімен ерекше байланысты, адамдардың әлем туралы білімдерін қанағаттандырады – сол әлемдегі орнын анықтауға көмектеседі, тұлғаның адамгершілік – моральді қасиеттерінің қалыптасуына ықпал етеді.

Идентификация (теңдестіру)- белгілі бірте телебағдарлама нәтижесінде пайда болады. Адам эмоционалды күйі, кейіпкер мен өзінсалыстыру және эмпатиялық күйді сезіну нәтижесінде болады. Көбінесе «идентификация» түсінігі балалардың ересек адамдардың іс-әрекетін түсіну үдерісімен түсіндіріледі. Қазіргі психологияда бұл түсінік белгілі бір іс-әрекет типіне итермелейтін моделдің үдерісі болып табылады.

Пайдалану және қанағаттану теориясы - адамдардың БАҚ түрлерін таңдауды туғызудың факторларына үлкен мән береді, сонымен қатар аудиторияның бір өнімді пайдалану мақсаттарын анықтауды және шешім қабылдаулары.

Психопатия реакциясымен салыстырғанда мінез ерекшелігі мен жеке бастың реакциясы психиканы зақымдайтын сыртқы факторлармен неғұрлым тығыз байланысып жатады, әдетте, осы мәселеде жағдаяттың өзін-өзі бақылау жасау сақталады.

Тәрбиеленуші жасөспірім құрдастарымен маскүнемдікке салынады, Мекемеде маскүнемдікке қарсы тиым салынғандықтан, мас болып келмеуге тырысады. Психопаттар үшін мұндай шекара болмайды. Мінез ерекшелігі іштен туа пайда болуы мүмкін, бірақ сыртқы ортаның зиянды ықпалдары салдарынан да қалыптасады [35, 47, 44, 19, 48, 49, 50].

Бұл ықпалдар, әсіресе, жасөспірім шақта өткірлене түседі. Кейіннен біртіндеп басылып, өтем жасалады, алайда қолайсыз жағдайларда психопатияға да ұласып кетеді.

Девиантты мінез-құлық жас таңдамайтын құбылыс. Оның түрлері де ғасырдан ғасырға жаңаруда. Заманға сай жаңа түрлері де бой көрсетуде. Олардың қатарында жемқорлық, терроризм, құмар ойындар, жеткіншектер арасындағы қылмыс және т.б. бар [51, 52, 53, 54].

Д.Скот картасы бойынша жеткіншектерді өте жақсы білетін мұғалімдермен педагогтарға ұсынылады. Карта негізінде оқушылардың қарым-қатынас жасаудағы дезадаптация элементтері анықталады.

Толық емес отбасында тәрбиеленген жеткіншектерде дезадаптация себебін туғызатын екі фактор бар олар: 1-ші қорқыныш және 2-ші жеккөрушілік сезімі.

Бірінші жағдайда жеткіншек, өзін үлкендер дұрыс қабылдай ма деген сауалды көп қояды. Сонымен қатар ол өз міндеттерін орындауға тырысады, мұғаліммен әрқашанда амандасудан қашпайды, мұғалімдермен жақсы қарым-қатынас құруға даяр болады. Ол мұғалім тарапынан көмек күтіп отырады және де оның бақылауында үнемі жүреді. Бұл қарым-қатнастың белгісі болып табылады.

Ал, екінші жағдайда бала депрессия, ассоциалды іс-әрекеттің алғашқы кезеңін бастан кешіреді. Нәтижесінде бала үлкендерге деген агрессивті мінез-құлық әрекетін танытады. Мұндай кезде жеткіншектер шыдамсыздық күйге түседі. Сонымен қатар жеткіншек мұғалімдермен амандасудан қашып, онымен артық әңгіме сұхбат құрудан да алыстайды.

Жеткіншектерде үлкендермен, ересектермен қарым-қатынас жасауда жеткіліксіз элементтерге мұқтаж болады. Кейде мұндай оқу орындарында оқитын оқушылар мектепке дейінгі балалық шағында отбасынан бөлек өткізуге мәжбүр болады. Отбасында тәрбиеленген балалар үлкендермен қарым-қатынас жасауда мотивациялық жағынан дайын болады [55].

Анализ нәтижелері көрсеткеніндей толықемес отбасыда тәрбиеленген балалар мұғалімді тәрбиеші ретінде қарап, оның назарын өзіне әрқашанда аударғысы келіп тұрады. Осылайша қорытынды жасау барысында Дж.Боулби мен У.Голдфорт зерттеулері де жоғарыда айтылған анықтамаларға ұқсас келеді. Олардың пікірі бойынша толық емес отбасында тәрбиеленетін жеткіншектер кішкентай кезінен бастап көптеген ересек адамдармен қарым-қатынас жасайды. Нәтижесінде баланың эмоционалдық күйі бір қалыпта болмайды, керісінше эгоцентризм дамып, әлеуметтік қарым-қатынас тұрақты күйінде қалады [55, 56].

В.С. Мухина толық емес отбасындағы балалар толық жанұя балаларына қарағанда бірқатар мәселелер кездесетіндігін көрсеткен. Оларға [30]:

- Балалардың өз құрдастарының арасында бейімделе алмауы эмоционалды қозуға, мазасыздыққа, агрессивтілікке әкеледі;

- Жағымды эмоция, махаббат, адамдар арасындағы қалыпты қарым-қатынасы деформацияланған;

- Өзіндік сананың қалыптасуында аса мәнді-жеке қалу мүмкіндігінің болмауы;

- Жауапкершіліктің, өз заттарын күтудің болмауынан берілген нұсқаулар бойынша өмір сүру позицияның қалыптасуы;

- «Біз» сезімінің басым болуы, «өзімдікі» және «бөтен» адамдарға бөлуіне қатысты топтық эгоизмнің пайда болуы, нәтижесінде, өз мақсатына жету үшін біртектілік немесе агрессивтіліктің немесе көп деген қорғаныс механизмдерінің тууы.

Зорлық-зомбылық көрсету мәселелерін зерттеу қиянқылық пен мейірімсіздік секілді жеке тұлға қасиетін дамытуға ықпал ететін себептердің шарты мен себебін талдамай зерттеу

мүмкін емес. Жеткіншек қиянқылығының қалыптасуы ең алдымен әлеуметтік ортаға байланысты. Жеткіншектерге зорлық-зомбылық пен мейірімсіздік көрсетудің себепкер шартын қарастырайық. Тәуекел тобындағы жеткіншектерге қатысты зорлық-зомбылық пен мейірімсіздік көрсетудің төмендегідей себептері бар:

1. Балаларды еліктіретін ата-аналардың қиянқы тәртібі.
2. Жеткіншектің мінез-құлықтық және биологиялық ерекшеліктері.
3. Жеткіншектерге жақындары және басқа да адамдар тарапынан сүйіспеншіліктің болмауы (айнала қоршаған өмірдің алауыздығын сезінудің пайда болуы және оған жауап ретінде қатігездіктің және қатандықтың мінез-құлықта қалыптасуы).
4. Көпшілік ақпарат құралдарының әртүрлі басылымдар мен бейнетаспалар өнімдерінің, компьютерлік және ойын клубтарында жиі болудың, үстем музыканың әсері.
5. Эмоциялық зорлық-зомбылық, кемсіту мен жәбірлеудің пайда болуы.
6. Бала өмір сүріп отырған ортаның үстемдік әсері.

Жоғарыда аталған девиантты мінез-құлықтың айқындалу процесінде бұқаралық ақпарат құралдары үлкен рөл атқарады. Әсіресе теледидар, компьютер ойындары, бейнефильмдер және т.б.. БАҚ – тың жағымсыз жақатарын қолдайтындар адамдардың өздерін агрессивті көрсетіп, жағымсыз мінез-құлық көрсетуі, басқаларға еліктеуден туындайды [57].

БҰҚ-ң девиантты мінез-құлыққа әсер етуін зерттеу үшін оған зерттеушілік жағынан қарап, ғылыми-психологиялық теорияларды білу қажет. Осыған төмендегі теориялық бағыттарды жатқызуға болады [35,45, 46, 47].

Әлеуметтік үйрету теориясы, негізін салушы Н.Бандура мен әріптестері, бихевиористік психология негізінде пайда болған. Берілген теорияға сәйкес, адам қоршаған ортасына қарап іс-әрекет модельдерін бойына сіңіреді. А.Бандура өз зерттеулерінде ересек адам қуыршақты балғамен ұру арқылы баланың өзін-өзі ұстау бастамасының әлсіздеуіне басқыншылықты тудыруды көрсетеді. Балалардың ересек адамдардың қуыршақты ұруды бақылауы, кейінінен ересектердің өздеріне көрсетіліп бейнекамераға түсіріледі. Артынша бейне таспаны қараса, балалар мен ересектердің іс-әрекеті ұқсас келеді, яғни балалар іс-әрекетті дәл қайталайды. Осылайша, зұлымдық әрекеттері зұлымдықпен байланысты ойларды тудырады [35,48].

Кондрашенко В.Т. «Понимание медиа: внешнее расширение человека» атты еңбегінде, адамның мінез-құлқы мен өзінің әдеттеріне байланысты іс-әрекеттердің ауыспалық, күшейтпелік іс-әрекеттеріне байланысты болып келеді:

а) модельдің еліктеуі - адам сюжетті іс-әрекетін айқындайтын, ұнататын кейіпкерлер болып табылатын телекейіпкерлерге еліктей бастайды. Өзін-өзі кейіпкерлермен теңестіру, оған жаны ашуы - бұл оның шынайы өмірде еліктеп сондай әрекет жасауы ықтимал.

б) Сенсбилизация эмоционалды-сезімталдық реакция кезінде пайда болатын айнымалы өзіндік әсер. Жасөспірімдер экранда болып жатқан оқиғалардан қатты әсер алып, көргендерін кейіннен қорқынышпен елестету кезінде болады. Бұндай көріністер көбінесе қорқыныштық, уайымшылдықтың және балалардың түрлі фобияларының себебі болып табылады.

с) Десенсбилизация (сезімталдықтың бәсеңдеуі) - бұл көрермендердің терең эмоционалды реакциясының әсері пайда болған көріністер, бірақ бұл көріністер кейіннен күнделікті, кәдімгі, үйреншікті құбылыс болып кетеді. Оған мысал ретінде - күнделікті төбелесетін, қорқынышты фильмдерді көру және т.б.

д) Жәрдем - психологияда бұл сөздің мағынасы өте зор, себебі реакциядан кейінгі кез-келген оқиғаны мінездейді. Егер жәрдемдесу болса, реакцияның қайталануы ықтимал [43].

Жоғарыда қарастырылған девиантты мінезқұлықты түсіндіретін теориялардың барлығын жеткіншек жүріс-тұрысының берілген жіктемесі арқылы қорытындылауға болады.

Девиантты мінезқұлық өз кезегінде істелген іс-әрекетінің сипатына және қоғамға тигізген зиянына байланысты бірнеше топқа жіктеледі: *девианттылық, деликвентті, криминалды жүріс-тұрыс*[58, с.114].

Девиантты жүріс-тұрыс – бұған қалыптан ауытқудың бір түрі ретінде әлеуметтік: жүріс-тұрыс ережелерін бұзған балалар мен ересек адамдар, жастар мен жасөспірімдер және жеткіншектер тарапынан істелген тәртіпсіздіктерді жатқызады. Олар: біреуге жамандық істеу, қастық қылу, ерегесіп-егесу, тәртіпке шақырғандарға қарсылық көрсету, тілазарлық, жұмыстан бас тарту, үйден кетіп қалу, оқуға бармай өз бетімен кету, маскүнемдік, мінезінің бұзылуы, көпшілік орындарында өзін ұстауға бейімделмеген, ұрыс-керіске, төбелеске бару секілді халықтың мазасын кетіретін және тыныштыққа нұқсан келтіретін істер жатады.

Деликвенті жүріс-тұрыс тұрмыстың девиантты қылымыстардан айырмашылығы – тәртіп бұзушылық әдетке айналып, үнемі қайталанып, тұрақты мінез-құлық стереотипіне жазалауға істеген күнәсін дәлелдеуге факті жетпеуі: не болмаса жасынын жетпеген жеткіншек балалар кіреді. Деликвентті жүріс-тұрыс түрлерін төмендегідей топтастыруға болады:

- Белгілі бір тұлғаны кемсіту мақсатында істелген қаскүнемдік пен зорлық, қорлау, ұрып соғу, кемсіту, өртеу, сындырып, бүлдіру;
- Жеке басы мүддесі үшін ұсақ түйек қылмыстар жасау, мысалы, ұрлық істеу, біреудің машинасын, мүлкісін тартып алып қашып кету, үйлерді тонау, қарақшылықпен айналысу, қорқыту арқылы бағалы бұйымдарын тартып алу арқылы пайда табу;
- Наша секілді зиянды нәрселерді тарату және сату.

Криминалды (қылмысты) жүріс-тұрысқа құқықбұзғандар жатқызылады. Қылмыстары девиантты не болмаса деликвентті сипатта жіктелетін балаларды жас ерекшелігіне қарай заң бойынша жазалау қарастырылған. Бұл жасы жетпеген балалардың жасы толмаған кезде қылмыстық кодекстің баптарына сай жауапқа тартып, қылмыстық іс қозғау дегенді білдіреді.

Қорытындылай келе, жоғарыда қарастырылған барлық теориялық тұжырымдарға, девиантты мінезқұлықты зерделеудегі тұжырымдамаларға сүйене отырып *ауытқушы (девианттық) мінез-құлық деп қоғамда қалыптасқан нормаларға сәйкес емес әлеуметтік мінез-құлықты айтамыз.*

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының «Неке және отбасы» Заңы. «Қазақстан Республикасында азаматтардың денсаулығын қорғау туралы» Заңы. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. «Қазақстан Республикасында бала құқығы туралы», Адам құқығының жалпы Декларациясында. Қазақстан Республикасы бала құқықтары саласының заңнамалық базасы, Правила о порядке организации деятельности реабилитационного центра. - Алматы, 2008. – 393 б. – Б.120,149, 84, 6,343.
2. Қазақстан Республикасының «Еңбек туралы» Заңы
3. Справочник статических показателей в системе здравоохранения Республика Казахстан- Алматы: Казахинформцентр,2006. Республикамыздағы жылдағы статистикалық мәліметтер; Казахинформцентр,2006
4. Джаманбалаева Ш.Е. Общество и подросток: социологический аспект девиантного поведения.-Алматы, 2002.-С. 278.
5. Алматы қаласы Денсаулық сақтау орталығының 2010-2010 ж.ж. есебі бойынша;
6. Казакова Е.И. Система комплексного сопровождения ребенка: от концепции к практике // Психолого – педагогического медико – социальное сопровождение развития ребенка: мат. Всерос. Научно – практической конференции.СПб. 1998.
7. Олифренко Л.Я., Шульга Т.И., Дементьева И.Ф. Социально-педагогическая поддержка детей группы риска: учеб. пособие для студ. высш. Учеб. зав. / Л.Я. Олифренко,

Т.И. Шульга, И.Ф.Дементьева – 3-е изд., испр. И доп. – М.: Издательский центр «Академия», 2008. -256 с. – С.53

8. Балықбаев Т.О., Демеуова М.Е., Локтионова О.С., Котова Е.В., Митенева С.В., Соскин О.С. Жасы кәмелетке толмаған жасөспірімдердің құқықтары. Алматы, 2007. – 154б. – 70 б.

9. Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі «Педагогика және психология» – Алматы «Мектеп» 2002; 23б.

10. А.Садвакасова В помощь социальному педагогу, или как работать с трудными детьми: Учеб.мет.пособие – Алматы, 2008. – С.59-67

ЖАҢА ҮЛГІДЕГІ ЗАМАНАУИ ОҚУЛЫҚТАРДЫҢ ҚАЗІРГІ ЭЛЕКТРОНДЫ-АҚПАРАТТЫҚ ОРТА ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ МҮМКІНДІКТЕРІ ТУРАЛЫ

Умбеталина Зоя Бабрашовна

Аға оқытушы, филология ғылымдарының кандидаты

Қазақ-Орыс Халықаралық университеті; 030 006, Ақтөбе қ., Әйтеке би к-сі, 52;

Мақалада оқулықтар мен оқу құралдарының электронды нұсқаларының мүмкіндіктері қарастырылған және электронды-сандық орта жағдайында оқулықтардың қағаз форматын электронды нұсқалармен ауыстыру қажеттілігі дидактикалық және әдістемелік негізделген. Сондай-ақ жаңа үлгідегі электронды оқулықтар мен оқу құралдарын дайындауға қойылатын талаптар белгіленген.

Түйінді сөздер: оқулықтың қағаз нұсқасы, оқыту құралы, жаңа тұрпатты оқулық, электронды-сандық орта, оқулықтың электронды нұсқасы, электронды білім беру ортасы.

О ВОЗМОЖНОСТЯХ СОВРЕМЕННЫХ УЧЕБНИКОВ НОВОГО ТИПА В УСЛОВИЯХ ЭЛЕКТРОННО-ЦИФРОВОЙ СРЕДЫ

Умбеталина Зоя Бабрашовна

Старший преподаватель, кандидат филологических наук

Казахско-Русский Международный университет, 030006, Актөбе, ул.Айтеке би, 52;

В статье рассмотрены возможности электронных версий учебников и учебных пособий, дидактически и методически обоснована необходимость замены бумажного формата учебников электронными вариантами в условиях электронно-цифровой среды. А также обозначены требования к составлению электронных учебников и учебных пособий нового типа.

Ключевые слова: бумажный формат учебников, инструмент обучения, учебник нового типа, электронно-цифровая среда, электронный вариант учебников, электронно-образовательная среда.

ON THE POSSIBILITIES OF MODERN TEXTBOOKS OF A NEW TYPE IN AN ELECTRONIC DIGITAL ENVIRONMENT

Umbetalina Zoya Babrashovna

Senior lecturer, candidate of philological Sciences

Kazakh-Russian International University, 030006, Aktobe, 52, Aiteke bi St.;

The article considers the possibilities of electronic versions of textbooks and teaching aids, didactically and methodically substantiates the need to replace the paper format of textbooks with electronic versions in an electronic digital environment. And also indicated the requirements for the compilation of electronic textbooks and teaching aids.

Key words: paper format of textbooks, learning tool, a new type of textbook, electronic digital environment, electronic version of textbooks, electronic educational environment

Соңғы жылдары электронды-сандық мектеп мәселесі, мектеп тәжірибесіне электронды оқулықтар, интерактивті тақталар мен басқа да инновациялық ІТ-жабдықтар енгізу мәселелері жиі талқыланатын болды. Алайда тәжірибе көрсетіп отырғандай, мектепті

техникалық жағынан қайта жарақтандыру оқу үдерісіне айтарлықтай өзгеріс әкеле қоймайды. Бұның себебі «ғылым мен техниканың соңғы жетістіктерінің оқушылар мен студенттердің өз бетінше жұмыс істей білмеушілігіне тап болуынан» [1]. Сондықтан сыныпта орналасқан ең жетілген жабдықтың өзі де оқыту үдерісінің жоғары сапасын қамтамасыз ете алмайды. Бұл мәселені мұғалімнің өз жұмысын түбірлі жаңаша ұйымдастыруымен ғана шешуге болады. Мәселен, сабақты заманауи белсенді оқыту әдістерін пайдалана отырып өткізу, бұндай сабақ оқу үдерісіне біраз өзгерістер әкеле алады; оқытудың заманауи белсенді әдістерін пайдалану оқу кеңістігін ұйымдастыруды да, сабақ құрылымын да, оқушының оқу материалымен жұмыс тәсілін де өзгертеді. Бүгінгі күні оқушыға берілетін оқу материалының негізгі бөлігі пән оқулығына енгізілген (әңгіме тек оқулықтар туралы болып отыр), сондықтан оқу материалының өзі де мүлдем өзгеше болуы керек, ал оқу мәтіндерімен де, көркем мәтіндермен де бірге жүретін әдістемелік аппарат оқулықта берілген мәтіндер туралы білімді қайта жаңғыртуға емес, ең алдымен, мәселен, әдебиет пәні бойынша әдеби шығармамен жұмыс істеуге бағытталуы аса маңызды. Бұл оқулықтың ақпараттық, трансформациялық, жүйелендіруші, бекітуші және өзін-өзі бақылаушы, интеграциялаушы, үйлестіруші және т.б. көптеген функциялары қатарынан оның оқушының өз бетінше жұмыс істеу қызметін "ұйымдастырушы" ретіндегі функциясы бірінші кезекке шығады деген сөз. Өйткені, ақпарат, оның ішінде оқу ақпараты келесі жағдайларда ғана: а) егер ол жай ғана есте сақталып қалмай, адамның өз ойы арқылы сіңіріліп, сол арқылы саналы игерілсе; ә) егер оның негізінде белгілі бір теориялық немесе практикалық іс-әрекеттер орындалса, белгілі бір амал-істер атқарылса» [2, 34] білім мәртебесіне ие болады. Бұл үшін оқулық оқып-үйрену пәні емес, мұғалімге оқушының оқу іс-әрекетін ұйымдастыруға мүмкіндік беретін оқыту құралы болуы тиіс. Оқу құралдарының талапқа сай құрастырылған электронды нұсқалары осы міндетті атқара алады.

Бүгінгі таңда кітаптың қағаз түрі де, электронды нұсқасы да бар. Қай нұсқасын таңдау керек, бұл оқырманның өз ісі және бұл оның психологиясы мен эстетикасына да байланысты нәрсе. Біз бұл екеуін дидактикалық және әдістемелік тұрғыдан қарастырдық. Алдымен оқулықтардың қағаз форматындағы нұсқасы туралы сөз қозғайық. Көптеген педагог-зерттеушілер оқулықтың қағаз нұсқасының қазіргі күні дәуірі өтті деп есептейді және оған бірнеше себептерді дәлел ретінде келтіреді. Оқулықтың қағаз нұсқасы мен оның электронды PDF нұсқасының арасында елеулі айырмашылық аса байқалмайды. Себебі оқу материалының бұл форматында да оның дәл қағаз түріндегі нұсқасындағыдай кемшіліктер баршылық.

Электронды-сандық орта жағдайындағы білім беруде оқулықтың электронды форматына қарағанда оның қағаз нұсқасының мүмкіндіктері едеуір шектеулі. Бұған бірнеше дәлел келтірейік.

Біріншіден, оқулықтың қағаз нұсқасының мәтініне оқушының (немесе мұғалімнің) интерактивті түрде кірігіп, өзгерістер жасауына мүмкіндігі болмайды. Әрине, қағаз түріндегі оқулықта берілген белгілі бір қаламгердің суретіне мұрт салып немесе кітап бетін шимайлап бірдеңе жазуға, не болмаса әріп қателерін сол сөздің үстіне түзетіп жазып қоюға ешкім де тыйым сала алмаса керек. Алайда, оқушы тарапынан жасалатын бұл «шығармашылық еңбектің» білім беру үдерісіне тікелей еш қатысы жоқ екені тағы да шындық. Ал оқыту үдерісіне қатысты өзгерістер жасауға мүмкіндік алу үшін қосымша бірнеше интерактивті әрекеттер жасау қажет болады.

Оқулықтың қағаз нұсқасының осындай олқылықтарының орнын қалай толтыруға болады? Шешім – біреу, оқулықтың бүгінгі талап тұрғысынан алғандағы кемшін тұстарын оның электронды нұсқасы толықтыра алады, өйткені бұл нұсқа қосымша бірқатар қызметтерді орындауға қауқарлы. Бұл қандай қызметтер? Мәселен:

- ✓ жұмыс дәптері қызметі, онда тапсырмаларды орындауға болады;
- ✓ жазу кітапшасы қызметі, ол оқу күнделігі іспетті, бірақ бұл баға қойылатын күнделік емес, блог жүргізіп отыратын күнделік;

- ✓ чат қызметі, бұнда оқушы өзінің оқу іс-әрекеті туралы жолдастарымен және мұғалімдермен ақпарат алмасып, өз әсерімен бөлісіп отыруға мүмкіндігі бар;
- ✓ өз бетінше жасалатын терминдер сөздігінің болуы;
- ✓ портфолио қызметі, онда оқушының орындаған жұмыстары сақталады.

Екіншіден, қағаз түріндегі оқу материалы бірінен кейін бірі келіп, бірізді баяндалады. Бірізді, желілік баяндалу барлығы үшін бірдей бір ғана білім беру бағдарымен бекітіледі де, онда жеке білім беру бағдарын таңдау мүмкіндігі болмайды. Желілік баяндау кезінде оқулық авторы үнемі ғылыми логика мен оқу логикасы арасындағы қарама-қайшылыққа кезігеді. Материалды біртіндеп кеңейтіп ашуға негізделген оқу логикасы оқушылардың түсінуіне қиыншылық келтіретін кейбір заңдылықтарды қысқартуды қажет етеді. Осының нәтижесінде оқытудың басында берілген пән туралы қысқартуға, өзгерістерге ұшыраған ақпарат материалды салыстырмалы түрде толықтай қабылдауға кедергі келтіреді. Оқу материалына кері қайтып оралу мүмкіндігі де туа бермейді, сондықтан оқу материалдарын игеру барысында толықтай игерілмеген кейбір заңдылықтар белгілі бір тақырыптарды тереңірек игеруге кедергі жасайды

Электронды формат оқу материалын гиперсілтеме және айқас сілтеме принципі бойынша орналастыруға мүмкіндік береді, сондықтан оқу материалын терең әрі толық игеру оқушының өз білім алу бағдары бойынша жеке қадамына байланысты болады.

Үшіншіден, қағаз түріндегі оқулықта оқу материалының дәстүрлі орналасуы да (алдымен теориялық материалдар орналастырылып, содан кейін жаттығулар беріледі) оқыту мүмкіндігін едәуір тарылтады деуге болады. Оқу материалдарын осылайша орналастырудың оқу басылымының қандай форматта болуына, яғни оның қағаз не электронды болуына еш қатысы жоқ, себебі бұл оқулық авторларының дидактикалық талғамдарына байланысты. Ал электронды формат оқу материалдарын басқаша ұйымдастыруға, яғни деңгейден деңгейге өтіп отыратын ойын принципі бойынша ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Мәселен:

- Бірінші деңгей (практикадан теорияға өту) – мәтіндік материалды бақылай отырып, ережені өз бетінше тұжырымдау.
- Екінші деңгей – өзі тұжырымдаған ереже нұсқасын әдіскерлер ұсынған ережелердің түрлі нұсқаларымен салыстыруға рұқсат алу (мектептің теориялық деңгейі).
- Үшінші деңгей (ғылыми) – түпнұсқаға сай келетін ғылыми мәтіндермен немесе оның фрагменттерімен, үзінділерімен танысу.

Бұндай жүйе оқушының қабілеттері мен бейінді қажеттіліктеріне сәйкес келетін жеке білім беру бағдарын құруға жәрдем етіп ғана қоймай, сонымен қатар қазіргі заманғы дидактикалық талаптарға толықтай сай келіп, мұғалімге де айтарлықтай көмек көрсетеді. Оқулықтың қағаз нұсқасында бұндай қадам іс жүзінде мүмкін емес: ол үшін гиперсілтемеде көптеген дереккөздерді көрсету қажет болады. Ал дереккөздердің бұндай ұзақ-сонар тізімі қазіргі оқушыны шошытып жіберері сөзсіз.

Төртіншіден, оқулықтың қағаз басылымының иллюстрациялық мүмкіндіктері де шектеулі. Қазір қағаз түріндегі оқу құралына көбінесе дискі қоса беріліп жүр. Бұл дұрыс қадам, алайда ең дұрысы мүмкін болатын барлық мультимедиалық құралдарды қамтитын электронды білім беру ортасын құру. Белгілі бір тақырыпқа берілетін иллюстрациялық материал үнемі толықтырылып отыратын тапсырмалар жиынтығы мен ғылыми жұмыстардың фрагменттерінен (бұл гиперсілтемелермен шешіледі) ғана тұрмайды, сонымен қатар оқу аудио- немесе бейнероликтерімен қоса, ассоциативті, көркемсуреттегі, киноматографтағы тақырыптармен бейнеленуі мүмкін. Бұндай ортадағы білім беру үдерісінде игерілуі қажет бір ұғымға сан алуан материалдар тізбектеліп қамтылады, бұл осы ұғымды мағыналық жағынан барынша толықтырып, жаңа ұғымның оқушының мәдени бағдар өрісіне еніп, кеңейіп, құрылымдалуына ықпал етеді [3].

Барлық мүмкін нәрселерді қабылдауды сезіммен жүзеге асыру керек, атап айтқанда, қабылдау үшін көруді көзбен, естуді есту қабілетімен, иістерді иіс түйсігімен, дәмге тиістіні дәммен, түйсікке қатыстыны түйсіну жолмен жүзеге асыру керек...деп тұжырымдаған Ян

Амос Коменскийдің пікірі дәстүрлі, қағаз түріндегі оқулықтармен салыстырғанда «жанды» болып саналатын электронды оқулық сипаттамасына өте жақын келеді.

Қазіргі кезде электронды оқулықтарға келесідей талаптар қойылады:

- «тандалған курс бойынша ақпарат жақсы құрылып және саны шектелген жаңа ұғымдары бар аяқталған курс үзінділері түрінде болғаны дұрыс;

- мәтінмен қатар әрбір үзінді аудио немесе бейне түрдегі ақпараттан тұруы керек («жанды дәрістер»). «Жанды дәрістердің» міндетті интерфейс элементі ретінде дәрісті кез келген жерінен оқуға мүмкіндік беретін айналдыру мүмкіндігі болуы керек; мәтіндік ақпарат «Жанды дәрістердің» кейбір бөліктерін қайталауы мүмкін; күрделі модельдер мен құрылғыларды көрсететін иллюстрацияда тез пайда болатын түсіндірмелер болуы керек, олар иллюстрацияның жеке элементтері (карталар, жоспарлар, схемалар) бойынша қозғалысына сәйкес пайда болып және сөніп отырғаны жөн; керекті ақпаратты іздеу уақытын қысқартуға мүмкіндік беретін көптеген сілтемелермен мәтіндік бөлім камтамасыз етілуі тиіс. Бір пән аумағында арнайы түсіндірме сөздік енгізілген болуы керек; материалдың әдеттегі мазмұнын түсінуге қиын бөлімдері анимация немесе бейнеақпарат түрінде берілгені жөн. Бұл жағдайда дәстүрлі оқулықтармен салыстырғанда пайдаланушыға 5-6 есе аз уақыт жұмсалады. Адамға өзі көрмеген кейбір құбылыстарды (сарқырама, өрт, т.б.) түсіндіру өте қиын. Бейнеклиптер уақыт масштабын өзгертуге және құбылыстарды демонстрациялауды жылдамдатуға, баяулатуға немесе үзіндісін таңдап демонстрациялауға мүмкіндік береді» [4].

Электронды оқулық заман ағымына сай оқушылардың қызығушылығын арттырып, түсінбей қалған сәттерін қайтадан көруге, алған мағлұматты нақтылауға мүмкіндік береді.

Оқу үрдісінде компьютерлік технологияның соңғы жетістіктерін көре отырып, қазіргі талапқа сай маман дайындалады; білім алушылар ғылыми техниканың жетістіктерін өз саласында пайдалану әдістерін қалыптастырады; оқу үрдісі жеделдейді; оқушының шығармашылық бастамасы дамиды; электронды оқулық аралық білім беруге жол ашады. Бұл ауыл мен шағын комплектілі мектептерде қолданылуы мүмкін; білім сапасы жоғарылайды; экономикалық жағынан тиімді [5].

Қазіргі заманда оқу басылымдарының, оның ішінде мектеп оқулықтарының интерактивті және мультимедиялық түрде болуы бүгінгі заман талабына орай қисынды әрі өте қажет демекпіз. Болашақта оқулықтар мен оқу құралдарының осындай болары күмәнсіз. Басқаша айтқанда, қазіргі күнгі білім беру жағдайында мектеп оқулығының, оның ішінде әдебиет оқулығының мәртебесі өзгеруі керек: ол оқып-үйрену пәні болудан қалып, оқыту құралына айналуы тиіс. Нәтижесінде мектеп өз оқушысының өз бетімен де оқи алатын оқулығына қол жеткізеді, ал оқытушы оқушыға жеке білім беру бағдарын ұсына алатындай оқу іс-әрекетін құру мүмкіндігіне ие болады. Оқу үдерісіне жаңа тұрпатты оқулықтар енгізу білім беру парадигмасын өзгертіп, келешекте бірте-бірте электронды-сандық мектепке көшуге ықпал ететін болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Генике Е.А. Активные методы обучения: новый подход / Е.А. Генике. – М.: Национальный книжный центр, ИФ «Сентябрь», 2015.

2. Вербицкий А.А. Компетентностный подход и теория контекстного обучения / А.А. Вербицкий. – М.: Исследовательский центр проблем качества подготовки специалистов, 2004.

3. Пугач В. Е. Организация аналитического чтения в образовательном процессе в целях расширения поля читательских ориентаций. / Чтение XXI век. Коллективная монография. – Челябинск, 2014. С. 232 – 249.

4. Электронды оқулықтың тиімділігі мен маңызы. – <http://startinfo.kz/buisness/elektrik-oqyluk/>

5. Мақамбаев М.Б., Кервенев Қ.Е. Оқу үрдісінде электронды оқулықты қолдану технологиясының ерекшеліктері // Қарағанды университетінің хабаршысы. – [Қарағанды](https://articlekz.com/kk/article/16046), 2010. - <https://articlekz.com/kk/article/16046>

ЫРҒЫЗ ДАЛАСЫНДАҒЫ МОНГОЛДАР

Уталиев Сәкен Айладырұлы

*Философия ғылымдарының докторы Д.Ф. (тарих-археология, этнология)
Қазақ-Орыс Халықаралық университеті; 030 006, Ақтөбе қ., Әйтеке би к-сі, 52;*

Бұл мақалада XIII ғасырдың басында Ақтөбе облысының даласында моңғолдардың алғашқы пайда болу тарихы қарастырылады.

Түйінді сөздер: Ырғыз, моңғолдар, Хорезмшах, Меркіт, Жошы хан

МОНГОЛЫ В ИРГИЗСКИХ СТЕПЯХ

Уталиев Сакен Айладырович

*Доктор философии D.Ph. (история-археология, этнология)
Казахско-Русский Международный университет, 030006, Актобе, ул.Айтеке би, 52;*

В данной статье рассматривается история первого появления монголов в степях Актюбинской области в начале XIII века.

Ключевые слова: Иргиз, монголы, хорезмшах, меркиты, Джучи хан

MONGOLS IN IRGIS STEPS

Utaliev Saken A.

*Doctor of Philosophy D.Ph. (history-archeology, ethnology)
Kazakh-Russian International University, 030006, Aktobe, 52, Aiteke bi St.;*

This article discusses the history of the first appearance of the Mongols in the steppes of the Aktobe region in the early 13th century.

Keywords: Irgiz, Mongols, Khorezmshah, Merkits, Jochi Khan

Начало XIII века в мировой истории ознаменовался созданием Великой кочевой империей на востоке Евразии под руководством Темуджина –Чингизхана. Ведя непрерывную борьбу за власть в степи с сильными монгольскими племенами найманов, керейтов, меркитов и др., он постепенно вытеснил их на запад за пределы родовых кочевий. Так же, как во времена Великого переселения народов, эти некогда могущественные племена, двинулись в сторону современных казахстанских степей. Найманские племена во главе со своим ханом Кучлуком, достигнув пределов государства кара китайского гурхана Чжунгу, через некоторое время даже захватили и узурпировали власть. Керейты и Меркиты расселились на бескрайних просторах Дешт-кыпчакских степей. Все это не прошло мимо внимания Чингизхана, который в эти времена вел победоносную войну с китайской державой Цзин. Усиление старых врагов вызвало беспокойство Чингизхана и он через некоторое время отправляет на запад для преследования и покорения найманов, керейтов, меркитов монгольские корпуса Джучи хана, Субэдея, Джебе. В короткое время Найманское ханство (Семиречье) было разгромлено, Кучлук хан обезглавлен.

Нас интересует история и причины первого появления старшего сына Чингизхана Джучи в актюбинских степях. Вражда монголов с меркитами восходит еще ко временам жизни отца Чингизхана Есугей багатуру, который в 1160 году отбил у меркитского война Чиледу его невесту Оэлун, будущую мать Темуджина (Чингизхана). Это было обыкновенное

умыкание невесты привело тому, что монголы нажили непримиримых врагов, воинственных меркитов, которые не забывали ничего. И это степная вендетта произошла через двадцать лет, когда в то время Темуджин сам был уже женат на Борте из рода Конрат. Летом 1180 году воспользовавшись отсутствием Темуджина в своем становище, меркиты совершили внезапное нападение на его семью и увезли с собой Борте. Только через некоторое время, Темуджину (Чингизхану) при помощи союзника, кереитского хана Ван хана, удалось вызволить Борте из меркитского плена. Как пишет историк Рашид ад дин: «Чингис-хан постановил, чтобы никого из меркитов не оставляли в живых, а всех убивали, так как племя меркит было мятежное и воинственное и множество раз воевало с ним... Немногие оставшиеся в живых или пребывали тогда в утробах матери, или были скрыты у родственников» [1, с.116].

Первое появление монголов в актюбинских степях достаточно широко освещены в работах средневековых мусульманских авторов, в числе которых можно упомянуть: ал-Джувейни- «Насировы разряды» [2], Ата-Мелик Джувейни - «История завоевателя мира» [3], Рашид ад Дина «Сборник летописей» [1] , Шихаб ад-дин Мухаммад Ан-Насави- «Жизнеописание султана Джалал ад-дина Манкбурны» [4], Абулгази-«Родословное древо тюрок» [5] и других компилятивных источниках.

Еще до того, как государство найманов Кучлук хана было разгромлено монголами, а он сам будет убит, его союзники Меркиты во главе Ток-Таганом ушли в Кам-Кемчик, или, скорее, Кем-Кемчик, (так называлась территория между Кемом, т. е. верхним Иртышом, и его притоком рекой Кемчик). Как пишет Джувейни - «Чингисхан отправил в погоню за ним своего старшего сына Туши с большим войском, чтобы разбить его...» [3]. Действительно, в 1216 Джучихан и один из самых талантливых полководцев Субэдей выступили из Монголии. Недалеко от Алтайских гор к ним присоединился двухтысячный отряд Тогучар нойона, после чего монголы ворвались в степи Дешт-Кыпчака, наводя страх и ужас на местных жителей. Меркиты были вынуждены покинуть верховья Иртыша и отступить на запад. На территории современной Актюбинской области, недалеко от реки Иргиз, меркиты были настигнуты монголами. Надо отметить необычайную мобильность монгольской конницы, спаянной железной дисциплиной, четкой организацией и круговой поруки, введенная Чингизханом. Каждый воин имел от одного до четырех заводных коней. Десять-двенадцать дней монголы могли ехать на конях без дневок и привалов, суточный переход составлял до 150 километров. Неудивительно, что меркиты были настигнуты. Хотя меркиты укрепили свой лагерь повозками и телегами, но в последовавшей атаке туменов Джучи хана, они не могли серьезно противостоять. «... и тот стер следы его злых деяний и не оставил от него ничего» констатирует Джувейни[3]. Только малая часть меркитов оказалась в плену, остальные были вырезаны. Так монголы Чингизхана отомстили своим заклятым врагам, вражда с которыми была начата еще со времен Есугей багатура, отца Темуджина-Чингизхана.

Именно в это время в степях Актюбинской области и произошли события, повлиявшие в дальнейшем на ход мировой истории. На реке Иргиз неожиданно встретились армии двух самых сильнейших государств начала XIII века – государства Великих Хорезмшахов и Монгольской империи.

Как мы говорили выше, после победы над меркитами, монголы с огромной добычей и пленными, не спеша двинулись на восток в Монголию.

Эту первую военную компанию между Хорезмшахом Мухаммедом и монголами (битву при Иргизе), разные средневековые авторы трактуют по-разному, приписывая доблесть и победу тем и другим. Этому конечно влияло то, что историю писали авторы, смотревших на события по своим политическим и религиозным взглядам. Мы не ставим своей задачей осветить эти политические трактовки разных воззрений. Нас интересует моменты причины первого появления монголов в наших степях Западного Казахстана,

знаменитая битва на реке Ирғиз, которая стала, можно смело сказать, переломным моментом в последующих военных компаниях монголов с Хорезмшахами.

Итак, на следующий день после победы над меркитами монголы двинулись домой. Через некоторое время дозорные сообщили, что тыла к ним приближается огромное войско. По всхолмлённой степи к монголам быстро подходила шестидесятитысячная армия во главе с Хорезмшахом Мухамедом (1200-1220). Вот как описывает эти события хивинский хан-историк Абулгази: «...Джучи хан, видя, что султан Мохаммед догнал его, советовался о своими князьями, что делать. Князья говорили: Хан не посылал нас воевать с султаном Мохаммедом...Но, Джучи хан не принял совета князей, приготовился к битве и сразился с султаном Мохаммедом» [5, с.62]. Хотя хорезмийцев было почти в три раза больше войск, но боевая выучка монголов позволило им расстроить центр боевого порядка мусульманского войска, и даже был момент, когда хорезмшах Мухаммед сам уже начал отступать под натиском монголов. Положение спас старший сын Мухаммеда султан Джелал-ад Дин Мангуберди (будущий хорезмшах 1220-1231), который своими действиями и распоряжениями остановил побег войска. С наступлением вечера сражение прекратилось. Ночью, монголы на всем протяжении своего стана зажгли огни, а сами ушли. Эта битва произвела большое впечатление на хорезмшаха, что в будущей войне с монголами, он уже не будет принимать открытый бой на открытой местности, а всю тяжесть войны перенесет на защиту городов и крепостей, что в конечном итоге приведет к гибели государства Великих Хорезмшахов.

Таким образом, эти события на реке Ирғиз, первое появление монголов в степях Западного Казахстана, сыграли огромную роль в ходе дальнейшей истории племен и народов, государств Великого пояса степи.

Список использованной литературы:

1. Рашид-ад-Дин. Сборник летописей. М.-Л., 1952. Т.1, кн.2.
2. Ал-Джуджани. «Насировы разряды». Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды, том II. Извлечения из персидских сочинений, собранные В. Г. Тизенгаузеном. М.-Л. АН СССР. 1941
3. Ата-Мелик Джувеини. История завоевателя мира. Тарих-и Джахангуша М. магистр-пресс. 2004
4. Шихаб ад-дин ан-Насави. Ират ас-султан Джалал ад Дин Манкбурны. Москва. Восточная литература. 1996.
5. Абулгази Багадур-хан. Родословное древо тюрков. М-Т-Б. 1996.

ШӨМЕКЕЙ РУЫ ЖАЙЫНДА ҚҰНДЫ ДЕРЕКТЕР

Уталиев Сәкен Айладырұлы

Философия ғылымдарының докторы D.Ph, (тарих-археология, этнология)

Тілепов А.

«Аударма ісі» білім беру бағдарламасының 1 курс студенті

Қазақ-Орыс Халықаралық университеті; 030 006, Ақтөбе қ., Әйтеке би к-сі, 52;

Бұл мақалада қазақ даласындағы Шөмекей руы жайында тарихи жазбалар мен орыс және қазақ авторларының еңбектерінде сипатталған.

Түйінді сөздер: қазақ, рулық, тайпа, жүз, территория.

ЦЕННЫЕ ФАКТЫ РОДА ШОМЕКЕЙ

Уталиев Сакен Айладырович

Доктор философии D.Ph, (история-археология, этнология)

Тилепов А.

Студент 1 курса образовательной программы «Переводческое дело»

Казахско-Русский Международный университет, 030006, Актөбе, ул.Айтеке би, 52;

В данной статье описаны исторические записи о племени шумекей в казахских степях, произведениях русских и казахских авторов.

Ключевые слова: Казах, род, племя, жуз, территория.

VALUABLE FACTS OF THE SHOMEK FAMILY

Utaliev Saken A.

Doctor of Philosophy D.Ph, (history-archeology, ethnology)

Tilepov A.

1st year student of the educational program "Translation"

Kazakh-Russian International University, 030006, Aktobe, 52, Aiteke bi St.;

This article describes the historical records of the Shumekei tribe in the Kazakh steppes, works of Russian and Kazakh authors.

Keywords: Kazakh, clan, tribe, zhuz, territory.

Қай елдің, қай халықтың тарихын айтқан кезде, оның шыққан тегі жайында арғы бабалары жайында айта кетпеу әбестік болар. Тарихсыз жерде, көлде болмайды. Сол секілді бастауы жоқ бұлақта болмайды. Сондықтанда тарих жайында сыр шерткен кезде қазақтың шыққан тегіне тоқталып кету қажет. Жалғыз қазақтар ғана емес сонау еуропалықтарда, америкалықтарда өз тарихы жайында сөз қозғаған кезде, өздерінің кімнен шыққанын айтады. Мысалы: мексикалықтар ацтектерден тарадық десе, ал қарт құрлықта жүрген испан, португал, франция, швециялықтар өздерін көне альпі тайпасындағы келттерден таратады, германдықтар болса өздерін гот тайпасынан таратқан. Ал біз кімнен тарағанбыз? Бұл сұраққа жауап беру үшін біз алдымен өз руларымыздың тарихын білу керекпіз. Ал, рудың тарихын білу үшін бізге шежіреге үңілу керек болады.

Шөмекей Кіші жүз құрамындағы Әлімұлына кіретін ру. Шөменнен – Шөмекей және Дөйт дүниеге келген. А. Аристов еңбегінде былай деп келеді «Кіші жүзде Алшын руы екіге

бөлінеді. Ол Қаракесек және Әлім болып. Оылардың ішіндегі мықтысы Қаракесек»,- дей келе Қаракесектерді былай деп жіктеген: «Шекті, Қаракесек, Шөмекей, Төртқара, Қаракеге, Қарасақал жәнеде Он екі ата Байұлын орташа ал, Жетіруді ең әлсізі деп көрсеткен. Ноғай ордасы ақыры құлап тынғаннан кейін, оның орнын басқан яғни Алшын одағының негізінде Кіші жүз бірлестігі қалыптасқан болатын» [1,168 б].

Сондай-ақ Рычковтың еңбегінде қазақтарды үш ордаға, яғни Үлкен, Орта және Кіші деп бөлген. Ол Кіші Орданы екіге Алшын және Жетіру деп үлкен топқа бөлген. Алшын руына: Адай, масқар, алшын, тама, табын , кете, қаракете, шөмекей, шекті, жағалбайлы деп бөлген. Көріп отырғанымыздай Аристов пен Рычков екі түрлі ақпарат берген. Аристов шөмекейді 3 орынға қойса, Рычков болса 8 орынға қойған [2, 96-100 б].

Ал негізінде қазақ ру-тайпалары ішкі бөліністері мен ұрандары, таңбаларына байланысты: Әлімұлы, Байұлы, Жетіру.

XX ғасырлардағы алғашқы ширегінде қазақ зиялыларыда Кіші жүз руларын зерттей бастады. Оның ішінде М.Тынышпаев пен Х.Досмұхамедұлы секілді ғалымдар болыпты. М. Тынышпаев Кіші жүзді Қаракесек, Байұлы, Жетіру деп бөлген. Қаракесекті Әлім мен Шөмен деп жіктейді. Шөменнен Шөмекей мен Кете деп бөлді.

Шөмекей руының тарихы ежелден келеді деп санау керек. Шығыс деректемелерінде шөмекейлерді негізінен VI ғ. Тянь-Шань мен Сыр жерлерінде мекендеген. Шу тайпаларына жатқан **чу-му-гунь** тайпасының ұрпақтары деп санайды. Жалпы бұл тайпа Сыма Цянның «Тарихи жазбалар» 40 тарауында жазылған. Осы дерекке сүйене отырып чумугунь тайпасын ғұндардың құрамында болды деп айтуға болады. Кейінгі жазылған Қытай деректерінде VII ғасырда Шу өзенін батысқа қарай бойлай отырып чумугунь тайпасының ұрпақтары өмір сүрген. 654 жылдары Қытайлықтар чумугунь тайпасын қырып шығады. Кейіннен аман қалған чумугундіктер Батыс Түрік қағанатына барып қосылады. М. Тынышпаев айтпақшы, 742-744 жылдары шөмекейлер ұйғырлар мен қарлұқтардың күшінен жеңіліп, екіге бөлінген, -сөйтіп шамалы тобы тау арқылы Қашқарға өтіп кетеді де, ал екінші бөлігі Сырдария өзені арқылы Арал теңізінің шығыс жағына орын тебеді. Бірақ бір қызығы чумугунь руының аттары бұдан кейін тарих сахнасынан ұшты күйлі жоқ болып кетті. Соншама жұрттың қазақ жеріне келіп жойылып немесе Арал теңізінің суына сіңіп жоқ болып кетуі мүмкін емес. Осы жерде көшіп келген халық қайда жойылып кеткен, олар қайда деген заңды сұрақ туындайды.

Бұл сұрақтың жауабы біреу ғана. Олар ел арасында шөмен, шөмекей деп аталып кеткен. Өйткені орыс және қытай деректерлерінде «ш» әріпі «ч» әріпіне ауысып шөмен, шөмекей сөздері чумынь, чумуги деп аталып келген. Кейіннен шөмекей деп аталғаннан кейін тарихтағы чумугунь сөзі жойылып кеткен.

Чумугунь атауы М. Тынышпаевтың деректемелерінде соңғы әріптері өзгеріп Чумуги деп берілген. Оның шөмекей атауымен астасып, ұқсап жатқандығы бұл үлгіден тіптен айқын көруге болады. Бұл ру жайлы деректер орыс деректемелерімен қазақ зерттеушілерінің ел аузынан жазып алған шежіре деректемелері жатады. А. Аристовтың айтуы бойынша «Әлімұлы руында шөмекей деген ру бар. Бұл тайпаның арғы аталары қытай деректеріне қарағанда VII ғасырларда Барлық пен Тяньшань тауын мекендеген чумугунь тайпасы кіреді. Бұдан шығатын түпкі ой шөмекей тайпасы көшпелі алшын тайпасының құрамына кейінірек келіп қосылған» [1, 91-96 б].

ҰРАНЫ Шөмекейдің ұраны жайындағы алғашқы мәліметтер Л. Мейерден келеді. Ол Кіші жүзді Әлімұлы, Байұлы, Жетіру деп бөліп, руларға тоқталған болатын. Ол Шөмекейдің ұраны **ДӨЙТ** деп көрсеткен[3, 96 б]. Жалпы шөмекей ұраны **дөйт** болып табылады. Дөйт сөзі монғолдың **дүйт** сөзінен шыққан. Мағынасы «шебер» дегенді білдіреді. Ұранның тарихына келер болсақ шөмекейлердің арғы атасы Шөменнің екі баласы болған Шөмекей мен Дөйт. Дөйт 11-12 жасында өмірден ерте өтеді де артынан ұрпақ қалмайды. Х.Досмұхамедұлының айтуынша «Шөмекейлер Дөйттің есімін ұмытпау үшін оны өз ұрандарына айналдырып алған» екен.

ТАҢБАСЫ Тамға-белгілер ру-тайпаларды танып-білуде зор роль атқаратындығы бәрімізге мәлім. Тамға жайында Қазақ Совет энциклопедиясында мынадай анықтама берілген: «Таңба – ерекше белгі, мөр... Таңбал түркі тайпаларының ежелгі дәуірінен бастап-ақ қолданылған. Күлтегін тас жазуында, Орхандағы ескерткіштерге таңбалар басылған». Таңбалар ежелгі түркілерде ғана емес әлемнің басқа да жерлерінде өте кең көлемде қолданылған. Таңбалар малдарға басылған, сонымен қатар оларды ру басылары герб, мөр ретінде қолданған [4, 548 б].

Бір қызығы шөмекей мен қаракесек руларының таңбасы сигма қаріпті іспеттес. Қазақ руларында бұған ұқсайтын таңба мүлдем кездеспейді. Мұндай таңбалар қола кезеңіне жататын Сібір, Монғолия жерлерінен де табылып отыр. Археологтар сонымен қатар осы сигма тәріздес бұйымдар тауып алған. Бұл заттардың әлі күнге дейін қандай мақсатта қолданылғаны белгісіз. Бірақ, болжам бойынша ғалымдар бұл тамға іспеттес бұйымдарды әскери күймелерге қатысы бар дейді. Себебі XIX ғасырдың 80 жылдары археологтар Қытайдың Минуси алқабындағы обаларға қазба жұмыстарын жүргізген кезде сигмаға ұқсас заттар тапқан. А. Вареновтың пікірі бойынша бұл жұмбақ бұйымдарды күймеші жауынгерлер күймелердің белбеу тоғалары ретінде пайдаланған. Ал, әскери күймелерді ежелде қазақ жерінде ғұндар мен сақтар пайдаланғаны белгілі. Олай болса таңбасы сигма іспеттес таңбасы бар шөмекейлер ғұн, сақтардың ұрпағы болып шығуы мүмкін. Себебі тамға белгілер бұған дәлел болып отыр. А. Вареновтің айтуынша ежелгі руларда күйме әскерлерін белгілі топ өкілдері пайдаланған. Тамға белгілердің бірдейлігі шөмекейлердің сондай ықпалды тектен шыққандығын көрсетсе керек. Мұны шөмекей емес, тіпті қазақ та емес, бейтарап, өзге ұлттан шыққан ғалым айтып отырғанын ескеруіміз керек [5].

Тамғалар тағы не дейді екен, зер салып көрейік? Егер шөмекей мен қаракесек руларының екеуіне де тән сигма таңбасына көңіл бөлетін болсақ, бұл тамғалар да М. Тынышпаев айтқандай, олардың VI ғасырдың ортасынан бастап Алтайдан бастау алатын «қаракесек тобына» жататын туыс тайпалар екендігін көрсетеді. Бұл олардың «қаракесек тобына» кіретін алшындармен ертеден-ақ бірге, туыстас болғандығын дәлелдейді. Таңба белгілердің рулардың арасындағы туысқандықты қалайша айқындап беретінін осы мысалдан да көруге болады.

ШӨМЕКЕЙ РУЛАРЫ. Шөмекейдің төрт баласы бар, олар: **Тоқа, Көнек, Аспан, Бозғұл.** Шөмекейлердің ата қонысы – Ырғыз бойы, қазіргі Ырғыз және Әйтеке би аудандарының елді мекендері. Олар осымен бірге тағдыр тәлкегімен Қызылорда облысында, Қарақалпақ жерінде, Ресейдің Орынбор облысының Новоор, Дамбар аудандарында қоныстанған. Қуғыншылық көрген жеке отбасылар Қытайға Шыңжан өлкесіне асып кеткен... Жалпы Шөмекей тайпасының арғы аталары түркі тілдес халықтармен бірге өмір сүрген.

Төрт Шөмекейдің үлкені, қазақша айтқанда отау үй – **Тоқа.** Тоқа сөзі жалпы бас деген мағынаны білдіреді. Тоқадан үшеу – Бескем, Қармыс, Есқара.

Көнек – Шөмекейдің Тоқадан кейінгі екінші баласы. Көнек монғолдың **хөнөг** ыдыс, шелек дегенді білдіреді. Одан төрт бала – Алшағыр, Қыдырбек, Азнабай, Көпсек.

Аспан – монғолдың **аспан** деген сөзінен шыққан. Аспаннан Есімбет пен Барша туады.

Бозғыл – монғолдың **бослол** босқын, қашқын дегенді білдіреді. Шөмекейдің кенжесі Бозғылдан бесеу – Қаратамыр, Торыбай, Сарыбай, Келдібай, Қайқы.

Сондай-ақ қарақалпақтардың арасында шөмекейден шыққан **құйын, әйтеке** мен **шеруші** рулары шыққан.

МЕКЕНДЕГЕН ЖЕРІ. Шөмекейлер қоныс аударуына қарай үш топқа бөлінеді. Олардың алғашқы тобы жазғы уақытта Қарақұм, Тоғысқан шатқылымен Бақмайма өзенін бетке алып, Ырғыз өзенінен бастап Қарашатау тауына дейінгі жерлерді жайлады. Ал қыста Сырдария, Қуандарияны бойлап, Бесарық-Байғұс деген елді-мекендерді қыстаған.

Екінші тобы жайлауы Каспий мен Орал өзенінің аймағын қамтыған. Үшінші топ болса, жазда Елек өзенінің жоғарғы жағын мекендеген. Шөмекейлердің шамалы бөлігі қиыр оңтүстікте Қаш пен Бұхара арасында көшіп-қонды. Бөлініп көшіп қону шөмекейлердің әл-

ауқатына байланысты болған. Шөмекейлердің тұрмыс бөлігі ауыр бөлігі Сырдария жерін мекендеп, осы жерден ұзап шықпай, егіншілікпен айналысқан. Ал кейбір ауылдары Қарқұмнан алыс шықпаған. Ал тұрмыс жағдайы жоғары, мал басы көп бөлігі Бірғызбен Торғай өзендерінің бойын қоныстанған.

Шөмекейлердің тағы бір тобы ХІХ ғасырдың 20 жылдары Арынғазы сұлтанды қолдап, оған ілесіп, Қуандария мен Сырдария аралығындаға алқапта көшіп-қонған.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. А. Аристов «Труды по истории и этническому составу тюркских племен». Бишкек, 2003.
2. П. И. Рычков «Топография Оренбургской Губерний».С-Пб, 1762.
3. Л. Мейер «Материалы для географии и статистики Россий». С-Пб, 1865.
4. «Қазақ Совет Энциклопедиясы» , 1985.
5. Интернет.Ру (род) – Шөмекей/История происхождения рода/ 29.03.2011 Метки: история происхождения рода

**ТЕХНИЧЕСКИЕ И ЕСТЕСТВЕННЫЕ НАУКИ /
ТЕХНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМДАРЫ**

**КАРЬЕРДЕГІ ӨНЕРКӘСІПТІК ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ
ЖӨНІНДЕГІ НЕГІЗГІ ТЕХНИКАЛЫҚ ШЕШІМДЕР**

Абилова Аксамал Сатыбаевна

*«Тіршілік әрекетінің қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау»
білім беру бағдарламасының 2 курс магистранты*

Қазақ-Орыс Халықаралық университеті; 030 006, Ақтөбе қ., Әйтеке би к-сі, 52;

Мақалада карьердегі өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша негізгі техникалық шешімдер қарастырылған. Негізгі техникалық шешімдер үш топтан тұрады.

Түйінді сөздер: өнеркәсіптік қауіпсіздік, жарақаттанудың алдын алу, инциденттер, қауіп, тәуекел.

**ОСНОВНЫЕ ТЕХНИЧЕСКИЕ РЕШЕНИЯ ПО ОБЕСПЕЧЕНИЮ
ПРОМЫШЛЕННОЙ БЕЗОПАСНОСТИ НА КАРЬЕРЕ**

Абилова Аксамал Сатыбаевна

Магистрантка 2 курса образовательной программы

«Безопасность жизнедеятельности и защита окружающей среды»

Казахско-Русский Международный университет; 030006, Актөбе, ул. Айтеке би, 52;

В статье рассмотрены основные технические решения по обеспечению промышленной безопасности на карьере. Установлено, что основные технические решения состоят из трёх групп.

Ключевые слова: промышленная безопасность, профилактика травматизма, инциденты, опасность, риск.

BASIC TECHNICAL SOLUTIONS TO ENSURE INDUSTRIAL CAREER

Abilova Aksamal

2-year Graduate of the educational program «Life Safety and Environmental Protection»

Kazakh-Russian International University, 030006, Aktobe, 52, Aiteke bi St.;

The article discusses the main technical solutions for ensuring industrial safety at the quarry. It is established that the main technical solutions consist of three groups.

Key words: industrial safety, injury prevention, incidents, danger, risk.

Основные меры безопасности можно разделить на следующие группы, [1] :

1) Решения по исключению разгерметизации оборудования и предупреждению аварийных выбросов опасных веществ:

В соответствии с «Требованиями промышленной безопасности при разработке месторождений полезных ископаемых открытым способом» предусмотрено:

- не допускается эксплуатация передвижной заправочной станции с нарушенной герметичностью запорной арматуры и топливоподающих шлангов;

- не допускается перелив дизельного топлива во избежание пожара с возможным переходом во взрыв и загрязнения окружающей среды;
- не допускается эксплуатация сосудов, трубопроводов, работающих под давлением, имеющих не герметичность, а также с неисправностями запорно-регулирующей арматуры и соединений;

Должно быть проведено техническое освидетельствование сосудов и трубопроводов, работающих под давлением.

2) Решения, направленные на предупреждения развития промышленных аварий и локализацию выбросов опасных веществ:

- обеспечена перевозка горной массы согласно правилам перевозки автомобильным транспортом в соответствии с действующим законодательством РК в области промышленной безопасности.

В целях предупреждения аварий на производственных участках предусмотрено следующее:

- к руководству горными работами допускаются лица, имеющие законченное горнотехническое образование, окончившие специальные учебные заведения, курсы, дающие соответствующее право;

- к производству добычных и технологических работ допускаются только лица, имеющие специальную подготовку и квалификацию;

- регулярно проводится профессиональная учеба обслуживающего персонала, выполняющего горные и технологические работы;

- обеспечено соблюдение правил техники безопасности при добычных работах;

- при ведении горных работах горнотранспортным оборудованием должны быть выданы паспорта с указанием допустимых размеров рабочих площадок, углов откоса, высоты уступа и расстояния от горного и транспортного оборудования до бровок уступа;

- техническое состояние электроустановок соответствует требованиям ПТЭ, ПТБ и ПУЭ;

- для снижения пыли при добычных и погрузочных работах на карьере в летнее время применяется систематическое орошение горной массы водой, производится поливка дорог водой с применением при необходимости связующих добавок.

Осуществляется производственный контроль и производственный надзор за:

- правильностью отработки карьера (соответствие проектной высоты уступа, отметок горизонта отработки, правильностью оформления бортов, уклон почвы карьеров, соблюдение полноты выемки полезного ископаемого);

- ведением технологии перерабатывающего производства горной массы;

- эксплуатацией электроустановок в соответствии с требованиями ПТЭ, ПТБ и ПУЭ.

3) Решения по обеспечению взрывопожаробезопасности:

- заправка горнотранспортных машин, производится по заявке диспетчера на передвижной заправочной станции, оборудованной заправочным оборудованием из цветных металлов для исключения искрообразования и воспламенения дизельного топлива;

- не допускается эксплуатация передвижной заправочной станции с нарушенной герметичностью запорной арматуры и топливоподающих шлангов;

- не допускается перелив и утечка дизельного топлива во избежание пожара с возможным переходом во взрыв и загрязнения окружающей среды;

- работы, связанные с использованием открытого огня, производятся только по специальным письменным разрешениям после проведения предварительных подготовительных работ по пожарной безопасности;

- электрические отопительные приборы, установленные в жилых помещениях вахтового поселка в пожаробезопасном исполнении (в зимнее время года);

- электроустановки защищены от нагрева, искрения, выброса газов во избежание причинения вреда обслуживающему персоналу, повреждению оборудования и возникновению короткого замыкания (КЗ) или замыканию на землю;

- в огнеопасных помещениях вывешены предупреждающие надписи: «Огнеопасно», «Курить запрещается»;

- смазочные и обтирочные материалы на горных и транспортных машинах хранятся в закрытых металлических ящиках.

Для обеспечения пожарной безопасности объекты снабжены необходимыми первичными средствами пожаротушения, связью, противопожарным водоснабжением:

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты халыққа жолдауында: «Әлеуметтік инфрақұрылымды дамытуды біз стратегиялық міндет дәрежесіне көтеруге тиіспіз. Біз мемлекеттік –жеке меншік әріптестігінің көмегімен әлеуметтік-инфрақұрылымдық даму тетігін қалыптастыру қажеттігіне жеттік деп білемін.

Әлеуметтік нарықтық экономикада ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттыруда инфрақұрылым қызметтерін, атап айтқанда көлік және коммуникация салаларының халыққа сапалы қызмет көрсетулерін жақсартуда тиімді механизмдерді пайдалану орын алды. Көлік және коммуникация қызметтері инфрақұрылым қызметтерінің құрамдас бөлігі ретінде қоғамның еңбек әлеуетінің қалыптасуымен, әлеуметтік кепілдіктерді іске асырумен, адамның өмір сүру сапасы және оның әл-ауқатымен байланысты мәселелерді шешеді»[1].

Қазіргі таңда экономиканың әртүрлі салаларының қызмет ету тиімділігіне және халықтың өмір сүруін қамтамасыз ету мүдделеріне қолайлы жұмыс жасайтын, тиімді, қауіпсіз көлік және коммуникация жүйесі қызмет көрсетуде. Халыққа қызмет көрсететін көлік және коммуникация саласы қоғамның әлеуметтік үрдістерінің дамуына әсер етеді.

«Инфрақұрылым» терминінің бірнеше анықтамасы бар. Экономикалық теорияда «инфрақұрылым» түсінігінің мазмұны әртүрлі көрсетіледі. Сол себепті, «өз кезегінде, инфрақұрылым салаларының сипатты ерекшеліктерін анықтаған жөн. Негізінен, инфрақұрылымның қызмет етуінің сипатын анықтайтын оның қасиеттерінің жиынтығы келесі белгілермен ұсынылуы мүмкін: инфрақұрылым қызмет етуінің тұтастылығы. Инфрақұрылым жүйесінің тиімділігі оның барлық құрама бөліктеріне, яғни оның кешендік дамуына байланысты; инфрақұрылым қызмет етуінің құрылымдығы. Жүйе элементтердің белгілі жинағынан құралады және жүйенің әрбір элементі жүйе қызметінің ақырғы нәтижесіне әсер етуге қабілетті; инфрақұрылым қызмет етуінің дифференциациялануы.

Жүйенің әртүрлі элементтері әртүрлі қызметтерді орындайды, олардың қызметі бір-бірімен ауыспайды; инфрақұрылым қызмет етуінің сыртқы ортаға тәуелділігі. Сыртқы ортаның өзгермелі жағдайына жоғары бейімделу қабілеті. Сыртқы ортадағы өзгерістер жүйенің даму ықпалы болып табылады. Инфрақұрылым тиімді жұмыс істеу үшін ол сыртқы ортамен үйлесімді әрі келісімді болуы тиіс»[2].

Инфрақұрылымның мәнін кеңінен ашу үшін оның жіктелінуіне де тоқталайық. «Инфрақұрылым екі бөлікке жіктелінеді: өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылым. Олардың құрамдас бөліктері төмендегі модельде көрсетілген. Кез-келген мемлекеттің даму стратегиясында ұзақ мерзімді басымдылықтардың бірі болып өндірістік инфрақұрылым табылады.

Өндірістік инфрақұрылым – негізгі қызметтері өндірістік инфрақұрылым салаларының қызмет көрсетуі, өндіріс салаларындағы экономиканы дамытуды қамтамасыз етуі болып табылатын өндірістік инфрақұрылымның ішкісалалар жиынтығы.

Әлеуметтік инфрақұрылым – бұл негізгі қызметтері әлеуметтік инфрақұрылым салаларының әлеуметтік қызмет көрсетуі, және өмір сүрумен байланысты халықтың қалыпты өмір сүруіне қажетті материалдық, мәдени-тұрмыстық жағдайды қамтамасыз ететін салалар мен ішкісалалар жиынтығы. Өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылым салалары әруақытта өзара байланыста болады, олар бір-бірінің қызметін толықтыра отырып, салааралық байланысын нығайтады» [3].


Жалпы, көрсетілген анықтамалар «инфрақұрылым» түсінігінің мәнін аша отырып, оның даму қажеттілігі экономиканың кез-келген саласы үшін маңыздылығын ерекше атап өтеді. Инфрақұрылымдық салаларды дамыту бойынша мол тәжірибе дамыған елдерде жинақталған. Әлемдік тәжірибе басқа салалар есебінен басқа салалардың жедел дамуы арқасында олардың өсу деңгейін арттыруға болатындығын дәлелдеп отыр. Бүгінде инфрақұрылым салалары біз үшін болашақ дамудың рөлін атқаратын нарықтық экономиканың тиімділігін арттырушы фактор.

Қазақстан Республикасында инфрақұрылым салаларын одан әрі дамыту үшін дамыған елдердің озық тәжірибелерін зерттеу және меңгеру қажет. Дамыған елдердің инфрақұрылымды дамыту мәселесін шешуге қатысты тәжірибелерін зерттеу мысалы ретінде көлік және коммуникация салалары қызметтерінің дамуын қарастырамыз.

Елбасының «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» халыққа жолдауындағы «аса маңызды бағыттардың бірі – бұл көлік және коммуникация инфрақұрылымын нысаналы түрде қолдап, жаңартып және кеңейтіп отыру және көлік-коммуникация жүйесін әлемдік жүйеге кіріктіру» - деп жазған еді [4].

Әлемдік экономиканың дамуының қазіргі кезеңінде көлік-коммуникация саласы көптеген дамыған елдер үшін инфрақұрылым салаларының ішіндегі негізгі салалардың бірі ретінде экономикалық өсу мен әлеуметтік дамуды қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады. Енді, осы көлік инфрақұрылымының экономикалық қатынастар жүйесіндегі алатын орыны туралы айта кетейік. «Көлік құралдарын жаппай пайдалану экономиканың барлық секторында: әлеуметтік салада, еңбек нарығында, бөлшек сауданы, демалысты ұйымдастыруда, қоғамның басқа да өмір сүру аспектілерінде өзгерістердің орын алуына әкелді. Осыған байланысты автомобильдендіру үрдісі маңызы жағынан өте үлкен сипатқа ие. Қазіргі уақытта дамыған елдерде жолаушыларды және жүктерді тасымалдаудың барлық көлемінің 68 пайызы автомобиль көлігімен жүзеге асырылады (1-сурет)» [5].

Осыған орай, Қазақстан Республикасы қазіргі экономикалық даму кезеңінде маңызды стратегиялық мәселені шешу қажеттілігін мойындауда, яғни шикізат базасын дамыту негізінде экономикалық өсуді қамтамасыз етумен қатар, отандық көлік-коммуникация саласын дамыту, жетілдіру арқылы ұлттық экономиканың ыңғайлы, тиімді құрылымын құру.



Сурет 1. Дамыған елдердегі жүк тасымалы түрлерінің үлестері
Ескерту – Мәліметтер 2018 жылғы, Ресейдің жүк тасымалдары бойынша статистикалық деректері

Кез келген елдің көлік-коммуникация кешені экономикалық, әлеуметтік және саяси қатынастардың күрделі жүйесін қарастырады. Әлемдік нарықта көлік-коммуникация қызметтерінің жағдайы нарықты бақылау бойынша бәсекелестік күресу әдістерінің қиындауымен сипатталады [6].

Көлік инфрақұрылымының шетелдегі даму тәжірибесінің көрсеткіші ретінде мына деректерді де алуға болады. Дамыған елдер ішінде Ұлыбританияда көлік көбінесе жеке меншік түрінде, ал мемлекетке мемлекеттік бюджеттің қолдауын талап ететін темір жол көлігі ғана тиесілі. Мұнда негізінен автомобиль (жолаушылар мен жүк тасымалдайтын) және авиация көлігі кеңінен дамыған. Көлікті мемлекеттік реттеу қоршаған ортаны қорғау, қауіпсіздікті, инфрақұрылымды қамтамасыз ету саласында жүзеге асырылады. Басқару құрылымы парламенттегі сайлаулар арқылы өзгертілмейді, құрылған басқару аппараты сол немесе өзге басқару партиясының көлік саясатын іске асырады. Көлік саласын реттеу Ұлыбританияның және Солтүстік Ирландияның Біріккен Корольдігінің Көлік департаментімен жүзеге асырылады. Негізгі мәселелер жүктердің және жолаушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, қажетті инфрақұрылымның (автожолдардың, темір жолдардың, аэропорттардың және порттардың) қалыптасуына, әртүрлі көлік түрлерін инвестициялау және қаржылық қолдау жауапкершілігіне, қоршаған ортаға әсерін азайтуға қатысты. Қазіргі кезде автомобиль тасымалдарының өсуі салдарынан автомагистральдардың толуына әкелді, сондықтан Ұлыбританияда қайтадан темір жол көлігі дамуда және Ла-Манш бұғазы арқылы екінші тоннель салынуда [7].

Экономикалық қатынастардың дамуында жоғарыда атап кеткендей, коммуникация инфрақұрылымын дамыту да рөл ойнады. «Телекоммуникация мен пошта байланысын дамыту негізгі капиталды қалыптастыруға мемлекеттің қатысуы ғана емес, сонымен қатар мемлекеттік тапсырыстарды ұсынуына, жабдыктарды өндірушілерді және операторлық қызметтерді протекционистік қолдауына, қаржылық мүмкіндіктерін арттыру, азиялық және америкалық бәсекелестерге қарсы тұру үшін ғылыми-техникалық әлеуеттерді біріктіру мақсатында халықаралық концерндерді құруға негізделген. Пошта байланысы саласында логистика тұжырымын қолдану арқылы көліктің әр түрін қолданумен жіберілімдерді жедел жеткізу кеңінен дамыған.

Еуропалық елдерде көлік-коммуникация қызметтерінің әртүрін дамытудың негізгі тенденциялары төмендегілерден құралады:

- көлік жалпы ішкі өнімнің маңызды бөлігін құрай отырып, негізінен жеке секторларда болады;
- жолаушылар мен жүктерді тасымалдауда автомобиль көлігін қолдану өскен;
- орта және алыс қашықтықтарға тасымалдайтын жолаушылар темір жол көлігі мен әуе көлігі дамуда;
- саланың қалыптасуына мемлекеттің ұлттық және трансұлттық компаниялардың капиталына қатысуы маңызды рөл атқарады;
- саланың дамуына, негізінен халықаралық ұйымдармен бекітілетін экологиялық сипаттағы талаптар мен стандарттар үлкен әсер етеді;

- әлемдік нарықта еуропалық компаниялар Америка мен Азияның ірі корпорацияларына қарсы тұру үшін бірыңғай компания түрінде әрекет етеді [8].

Азия бизнесінің маңызды өкілі болып табылатын Жапонияда көлік-коммуникация кешенін дамыту әлеуметтік құрылымының дәстүрлерімен анықталады. Жапонияда Көлік министрлігі орталықтандырылған және аймақтық конторлар арқылы басшылық етеді. Министрлік штаты өте үлкен, олардың көбісі көлік түрлері жөніндегі жеті бюродан және секретариаттан құралған орталық аппаратта жұмыс істейді. Көлікті басқару көліктің тауар қозғалысының жалпы жүйесінің бөлігі екендігіне негізделген және ол тауар айналымының тиімділік талаптарына бағынады. Ел ішіндегі негізгі тасымалдаушы – толығымен жеке меншікке жататын автомобиль көлігі.

Жапонияда темір жол көлігі бір ғана компаниямен ұсынылады. Мұндай жағдай тасымалдауға кететін шығындарды азайту мақсатында мемлекеттік стратегияны іске асыру нәтижесінде туындаған. Темір жол үлесі елде жолаушыларды тасымалдау бойынша жалпы көлемінің шамамен 30 пайызын құрайды. Оның қалыптасуына бірнеше факторлар ықпал еткен: отынның және автомобиль жолдарымен жүрген төленетін ақы өте жоғары, пайдаланылатын автомобильдерге қойылатын техникалық талаптар қатаң (12 жылдан жоғары машиналарды қолдану шектелген) және қалада тіркелген әрбір машинаның көшеден тыс тұраққа қойылуы міндетті [9].

Сонымен қатар АҚШ-тың инфрақұрылым қызметтерінің дамуын қарастырайық. АҚШ-та инфрақұрылымның қалыптасуы және дамуы экономиканың жеке және мемлекеттік сектор арасында туындаған қатынастардың ерекшеліктерін белгілейді. Жеке капиталдың озбырлығы мемлекеттің шаруашылық қызметін шектейді, сондықтан АҚШ-та инфрақұрылымның көп бөлігі жеке капитал меншігінде: бұл ақпараттық қызметтер, телефон, телеграф, темір жолдар және әуе жолдары. Бірақ та қазіргі нарықтық экономика мемлекеттік реттеусіз дами алмайды. Сондықтан, АҚШ-та инфрақұрылым саласында штаттар мен жергілікті билік органдарының экономикалық белсенділігі күшейіп жатыр. Егер жергілікті билік органдары АҚШ экономикасында инфрақұрылымдық қамтамасыз ету жүйесін негізгі құрушысы болып табылса, онда біздің республика бұл жағдайда субсидиялар мен несиелер беру арқылы қаржылық көмек қана көрсете алады. Қандай да бір нақты бағдарламаны іске асыру мақсатында көбінесе олар жергілікті билік органдарымен ұсынылады, мысалы, қоғамдық көлікті, тұрғын үй құрылысын дамыту және тағы басқалар [10].

Көліктің барлық түрлерін басқару, әсіресе, халықаралық жолдарды басқару мемлекетпен жүзеге асырылады. Ішкі тасымалдар, оның ішінде автомобильмен тасымалдау жеке меншік иелерімен жүзеге асырылады. Мұндай басқару құрылымы бірыңғай мемлекеттік саясатты іске асыруға, болашағы бар стратегиялық жобаларды дамытуға қажетті қаржы қорларын шоғырлауға мүмкіндік береді. Сонымен, жаңа техникалық базада құрылған көлік және коммуникация қызметтері әлемдік масштабта өндіріс күштерін орнықтыруға маңызды ықпал ете отырып, шаруашылық байланыстарын интернационалдандыруға қатысты күшті жеделдетуші ретінде әрекет етуде.

Әлемдік тәжірибе көрсетіп отырғандай, мемлекеттік бюджеттің жете дағдарысына карамастан, реформаларды іске асыратын барлық елдерде, көлікті толығымен инвестициялау ең басты болып табылады. «Ұлы дағдарыс» жылдары (1920-1930 жж.) АҚШ-та дағдарыстан шығудың басты бағыты көлік саласын дамыту, автомобиль және темір жолдарды салу болатын. Сол уақытта «Елдің жол картасы оның амандығының айнасы!» деген ұран жарияланған еді. Мұндай жолды 1930 жылдары Германия, соғыстан кейінгі жылдары Жапония, ал қазір – көлік ағыны 400 пайызға жеткен Қытай да таңдаған болатын» [11]. Біздің ойымызша, мұндай жолды Қазақстан да таңдауы тиіс.

Әлемдік көлік-коммуникация кешенін дамытудың қазіргі тенденциясы жүктердің көп бөлігін өндіретін және жіберетін, өздерінің аумақтарын жүктерді тасымалдауға ұсынатын халықаралық саудаға қатысушы елдердің көлік жүйесінің даму деңгейімен анықталады. Нарықтық экономикасы дамыған елдерде көлік, басқа салалармен салыстырғанда көп

жағдайда үкімет, жергілікті муниципалды органдар, кәсіпкерлік бірлестіктер тарапынан басқарылады, бақыланады, реттеледі [12].

Әлемдік тәжірибе көрсетіп отырғандай, мемлекет жалпы қолданыстағы көлік-коммуникация саласын дамыту жауапкершілігінен және оның шаруашылық қызметінің маңызды бағыттарын жоспарлы реттеу элементтерінен бас тарта алмайды. Капитал салымдары шегінде ол инвестициялық процеске тікелей қатысады немесе көлікті дамытуға қорлар тарту қатысында жеке капитал қызметтерін реттеу қызметтерін өзіне жүктейді.

Елдердің көлік-коммуникация кешендерін басқару бойынша тәжірибесімен алмасу сол не өзге әдістерді пайдалану отандық кешенге лайық орындарды таңдау бойынша селективті амал негізінде жүргізілуі тиіс. Мысалы, темір жолдар үшін – германияның тәжірибесі, автокөлік – ағылшындардың, әуе көлігі үшін – американдықтардың, теңіз көлігі — жапондар мен ирандықтардың және тағы басқалардың тәжірибелері қажет. Телекоммуникация қызметтерін дамытуда Қазақстанмен географиялық жағдайлары ұқсас АҚШ, Канада, Австралия елдерінің тәжірибелері қолданылуы мүмкін. Себебі, бұл елдерде ірі қаржылық-өнеркәсіптік орталықтармен қатар жалпы тұрғындары аз аумақтар бар. Германияда және басқа еуропалық елдерде электронды мемлекет жүйесі дамып жатыр. Бұл дегеніміз — толық ақпарат алуға және билік органдарының қызметіне қатысуға болатын жағдайда тиісті телекоммуникация ресурстары арқылы әрбір ниет білдірген адамдардың қатысу мүмкіндігі. Бұл тәжірибе Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдар қызметінің ақпараттық қамсыздандырылуын ұйымдастыру кезінде қолданылуы мүмкін [13].

Бүгінде Қазақстанның ірі өңіраралық транзит орталығы болуға барлық мүмкіндіктері бар және еліміз өңірдің барлық елдерімен де экономикалық қарым-қатынастарды белсенді дамытуға мүдделі. Сондықтан да қауіпсіз, әрі сапалы көлік қызметтеріне қол жеткізу арқылы экономикалық өсу мен халықтың әл-ауқатын арттыруға ықпал жасау қажеттілігі туындайды. Бүгінгі күні Қазақстан сыртқы экономикалық байланыстарды тиімді қамтамасыз ету мәселелеріне байланысты ашық теңізге жаңа көлік жолдарын іздестіру мен қалыптастыруға және транзиттік көлік коридорларын құру мәселелеріне қатысуға аса көп көңіл бөлуде.

Қызмет көрсету нарығында қызмет көрсетуші кәсіпорындарда бәсекеге қабілетті жұмыс істеу үшін олардың тұтынушылары бірқатар мәселелерге ұшырайды. Мұндай мәселелердің бірі қызмет көрсету сапасының жалпы қолданыстағы стандарттардан және нормалардан ауытқуы. Қызмет көрсетуші кәсіпорындар белгілі кішігірім тұтынушылық орынға ие болған жағдайда, тұтынушыларды тарту сатысындағыдай, қызмет сапасына да аса назар аудармайды. Мұндай мәселе барлық қызмет түрлеріне тән және бұл мейрамхана мен сауда бизнесін ұйымдастыру, көлік, туристік, медициналық, білім беру және тұрмыстық қызметтер барысында байқалады.

Инфрақұрылымның маңызды құрамдас бөліктерінің бірі көлік және коммуникация салаларының бәсекелестікке қабілеттілігін арттырудағы орны зор. Осыған байланысты көлік-коммуникациялық кешенді дамыту мақсаттары сапалы көлік қызметтерінде Қазақстан Республикасы халқының және экономикасының сұраныстарын толық қанағаттандырумен тығыз байланысты.

Қазақстан Республикасының әлемдегі бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына қосылу стратегиясындағы Қазақстанның жедел экономикалық дамуы үшін үлкен жетістікті қамтамасыз ету артықшылығында Президент Н.Ә.Назарбаев: «Ірі көлік инфрақұрылымдық объектілердің айналасына шағын және орташа жобалар арқылы икемді, жоғары технологиялық қалпына келтірілген объектілерді құру және дамыту қажет. Осылайша Орталық Азиядағы біздің көшбасшы бағыттарын қамтамасыз ету үшін аймақтық нарыққа бәсекелес көлік желісін ендіруді ұйымдастыруға мүмкін болады» делінген» [14].

Осыған байланысты, көлік-коммуникациялық кешен Қазақстан Республикасындағы басым сапалы көлік қызметтеріне деген сұраныстарды толық қанағаттандырумен тығыз байланысты. Ұлттық экономиканы дамыту шегінде көлік бірқатар стратегиялық мәселелердің іске асырылуын қамтамасыз етуге тартылған. Ең алдымен, бұл жолаушыларды

тасымалдаудағы халықтың және экономиканың сұраныстарын қанағаттандыру. Тұрақты жолаушылардың тасымалынсыз әртүрлі салалардағы кәсіпорындардың жұмыс істеуі және халықтың өмір сүру деңгейін арттыру мүмкін емес екендігі белгілі. Жолаушыларды тасымалдау қызметі нәтижесінде халықтың кеңістіктік орналасу сұранысын қанағаттандыруға мүмкін болады. Ол өндірістік процеске қажетті жағдай жасайды. Сәйкесінше, жолаушыларды тасымалдау өзінің мүмкіндіктері арқылы экономиканың қызмет ету үрдісін жеделдетеді және оның тиімділігіне тікелей әсер етеді[15]. Бұдан көліктің әлеуметтік, жалпы экономикалық және салааралық әмбебаптылығын көруге болады. Олай болса, инфрақұрылымды қамтамасыз ету, инфрақұрылым саласының, соның ішінде әлеуметтік сала қызметтерін іске асыру тиімділігі елдің ұлттық шаруашылығының бәсекеге қабілетті маңызды факторларымен әрекет етеді, экономиканың, бизнестің кеңеюіне, қоғамдық өндірістің нәтижелерін жетілдіруге ықпал етеді. Мұның барлығы қоғамның барлық мүшелерінің қоғамдық сұраныстарын одан әрі және толық, жан-жақты қанағаттандыруға қажетті алғы шарттарды құрады. Еліміздің экономикасын дамыту және бәсекеге қабілеттілігін арттыруда инфрақұрылым салаларының қызмет етуінің тиімділігі және оны дамыту экономиканы дамытудың негізі.

Сонымен, осы тақырыпты зерттей келе біз келесі қорытынды жасаймыз:

Инфрақұрылым — қоғамның барлық элементтерінің дамуын және олардың өндіріс пен әр түрлі сипаттағы қызмет көрсету арқылы өзара қарым-қатынасын білдіретін, нәтижесінде тиімді әлеуметтік-экономикалық кеңістік дамуын және халықтың өмір сүру сапасын жоғарлататын экономикалық қатынас жүйесіндегі салалар мен объектілер кешені болып табылады;

Инфрақұрылым ұлттық экономиканың бәсекелестікке қабілетті жағдайында күрделі бөлігі бола тұрып, өзінің дамуы мен жетілу процесінде оның әлеуметтік-экономикалық мәнін тереңірек түсінуге мүмкіндік беретін сапалы жаңа ерекшеліктерге ие болды. Ал бұл арқылы оның ең сипатты құрам бөліктерін анықтауға болады:

- инфрақұрылым салаларының қызметтері жұмысшылардың еңбек нәтижесі ретінде өмір сүру игіліктерін өндірудің негізгі құрамдас бөлігі болды, нәтижесінде оның қоғамдық пайдалылығын анықтайды;

- ауқымды әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешуде, тұрмыс халінің артуында, қала мен ауыл арасындағы айырмашылықтарын жоюда, еңбек ресурстарын ұтымды пайдалануда, қоғамдық еңбек шығындарын үнемдеуде, адамдардың бос уақытының ауқымын кеңейтуде әлеуметтік инфрақұрылымның қызметтері өсті;

- инфрақұрылым салаларының экономикалық дербестілігі нақтыланды және анықталды, сәйкесінше, жеке көрсеткіш жүйелерін, нормативтерді, стандарттарды, техникалық шарттарды өндіру, қалыптастыру және негіздеу процесінде жаңа мақсатты қызметтері анықталды.

Ұлттық экономиканы дамыту шегінде көлік және коммуникация қызметтері маңызды мәселелердің іске асырылуын қамтамасыз етеді. Ең алдымен, бұл жолаушыларды тасымалдаудағы және телекоммуникация қызметіндегі халықтың және экономиканың сұраныстарын қанағаттандыру. Өйткені тұрақты жолаушылардың тасымалынсыз және байланыссыз әртүрлі салалардағы кәсіпорындардың жұмыс істеуі және халықтың тіршілігін арттыру мүмкін емес.

Инфрақұрылым салаларының қызметтерінің сапасын жоғарылатудың және нарықтық байланыстың сапалы қызметтерімен толтықтырудың негізгі жолдары ретінде келесілерді айтуға болады: ғылыми-техникалық прогрестің, саладағы техникалық-экономикалық қайта құрулардың, өндірісті және еңбекті ұйымдастыруды жетілдірудің, сапаны басқарудың жетістіктерін енгізу.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасы Президенті Н. Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. 11 қараша 2014ж. «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан». – Астана, 11 қараша 2014 жыл.
2. Ахметов Д. Развитие автомобильного транспорта в регионах Республики Казахстан //Транзитная экономика. 2012. – №6. 103с.
3. Абдимомынова А. Ш., Ким В.В.Анализ современного состояния транспортной системы Республики Казахстан. Наука и Мир. 2015. Т. 1. №3 (19). С. 61.
4. Жусупов А. Е., Мактамкул К. Көлік саласының дамуын мемлекеттік реттеу бағыттары // Молодой ученый.—2016. — №5.5. – с. 50
5. <https://www.utmagazine.ru/posts/10280-ekonomika-rossii-cifry-i-fakty-chast-3-transport>
6. Самочкин В.Н. и др., Гибкое развитие предприятия:Эффективность и бюджетирование. – М.: Дело, 2010. 61 б.
7. А. В. Сидорович, Ә. Ә. Әбішев Ұлттық экономика. Алматы, 2012ж., 213б.
8. Сәбден О. Экономика: Таңдамалы еңбектері. III-том: Бәсекелестік экономика: Оқу құралы/О. Сәбден. – 3-басылым. – Алматы, 2011. – 468 б.
9. С.Т. Ибрагимов. Новые условия и проблемы развития экономики Казахстана. – Алматы, 2010.
10. Маманов А. Т., Молдақұлова С.А., Халықаралық қатынастар. – Алматы: Экономика, 2012. – 420б.
11. Байгісіев Майдан-Әли. Халықаралық экономикалық қатынастар. – Алматы, Қайнар, 2012. – 350 б.
12. Доғалова Г.Н. Халықаралық экономика. – Алматы: Экономика, 2012. – 370 б.
13. Насимов М. Ә. Жаһандық ақпараттық кеңістік шарттарындағы тәуелсіз Қазақстанның имиджін қалыптастыру мәселелері//Егемен Қазақстан. – 2011. – 22 ақпан.
14. Бердимбетова Б.А. «Транзитный потенциал Республики Казахстан: проблемы и пути решения (на примере международного перехода «Достык») Алматы, 2010 // Магистраль 2010, №4., с. 64
15. Исингарин М.К. Единое транспортное пространство. - Алматы, 2010, с. 154.

КӘСПОРЫННЫҢ ПЕРСОНАЛДЫ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ТИІМДІЛІГІ

Нурмаганбетова М.С.

ДВА, доцент

Қызылқұлова Д.М.

*«Менеджмент» білім беру бағдарламасының 2 курс магистранты
Қазақ-Орыс Халықаралық университеті; 030 006, Ақтөбе қ., Әйтеке би к-сі, 52;*

Мақалада кәсіпорынның персоналды басқару жүйесін жетілдіру тиімділігі туралы түсініктеме берілген. Персоналмен жұмыс жасау жүйесі қолданыстағы заңдарға, нормативтік актілерге және үкіметтің шешімдеріне сәйкес бола отырып, экономикалық ғана емес, сонымен бірге әлеуметтік тиімділікке де назар аударады. Сонымен қатар, персоналды басқару сапасын бағалаудың негізгі әдістері де қарастырылған. Персоналды басқаруға қатысты экономикалық тиімділікті бағалаудағы шығындар мен нәтижелердің нақтылығы туралы қарастырылған.

Түйінді сөздер: персонал, жоспарлау, кәсіпорындар, басқару, экономика, адам ресурстары.

ЭФФЕКТИВНОСТЬ СИСТЕМЫ УПРАВЛЕНИЯ ПЕРСОНАЛОМ ПРЕДПРИЯТИЯ

Нурмаганбетова М.С.

ДВА, доцент

Кызылкулова Д.М.

*магистрант 2 курса образовательной программы «Менеджмент»
Казахско-Русский Международный университет; 030006, Актөбе, ул. Айтеке би, 52;*

В статье рассматриваются вопросы совершенствования системы управления персоналом предприятия. Человеческие ресурсы необходимо переориентировать на формирование такой системы работы с кадрами, которая ориентировалась бы на получение не только экономического, но и социального эффекта при условии соблюдения действующего законодательства, нормативных актов и правительственных решений.

Ключевые слова: персонал, планирование, предприятие, управление, экономика, человеческие ресурсы.

EFFICIENCY OF THE COMPANY'S PERSONNEL MANAGEMENT SYSTEM

Nurmaganbetova M.S.

DBA,

Kyzylyklova D.M

*2nd year master of the educational program «Management»
Kazakh-Russian International University, 030006, Aktobe, 52, Aiteke bi St.;*

The article deals with the improvement of the personnel management system of the enterprise. Human resources need to be reoriented to the formation of such a system of work with personnel, which would focus on obtaining not only economic but also social effect, subject to compliance with current legislation, regulations and government decisions.

Keywords: personnel, planning, enterprises, management, economy, human resources,

Персонал – адамдардың жеке сапаларының күрделі жиынтығы, оның ішінде әлеуметтік-психологиялық қасиеттері басты рөл атқарады, персонал – кәсіпорынның экономикалық және инновациялық кеңістігінің маңызды бөлігі. Персонал – бұл ұйымның болашағын анықтайтын стратегиялық фактор, себебі, тек адамдар ғана жұмысты орындайды, идеяларды ұсынады және кәсіпорынның әрі қарай дамуына мүмкіншілік береді.

Персонал – «кадрлар» түсінігін қамтитын неғұрлым кең ұғым болып табылады, сондықтан персоналды басқару негізі болып ұйым мақсаттарына жету, өндірістік жүйелердің қызмет етуінде жұмыскерлердің потенциалын неғұрлым толық және тиімді пайдалану мен дамыту тұрғысынан қарағанда өндіріс процесінде қызметкерлердің арақатынасы өте маңызды орын алады. Персоналды басқарудың қазіргі замандағы тұжырымдамасы әлеуметтік-экономикалық жүйе ретінде кәсіпорынның іс - әрекеті негізінде нақты адамды қояды және қызметкерді кәсіпорынның ұйымдық-экономикалық механизмінің шешуші элементі ретінде қарастырады[1].

Персоналды басқару – іс-әрекеттің функционалды ортасы, оның мәселесі – кәсіпорынды керек уақытта, қажетті мөлшерде және талап етілетін сапада кадрлармен қамтамасыз ету, оларды дұрыс орналастыру және ынталандыру. Персоналды басқару мақсаты жалпы ұйымның игілігі мен жұмыскерлердің жеке мүдделерін ескере отырып, әрекет ететін еңбекке қабілетті ұжымды қалыптастыру болып табылады.

Кәсіпорын персоналды бір мезетте басқарудың объектісі де, субъектісі де бола алады. Кәсіпорын қызметкерлерінің объект болуының себебі: олар өндірістік процестің бір бөлігі болып табылады. Сондықтан, өндірісте адам ресурстарын жоспарлау, қалыптастыру, қайта бөлу және тиімді пайдалану персоналдарды басқарудың негізгі мәні болып табылады және осы тұрғыдан қарағанда өндірістің материалдық-заттай элементтерін басқаруға ұқсас келеді.

Персоналды басқару мақсаттары. Персоналды басқару келесі мақсаттарды көздейді:

- Жалпы мақсаттарға жетуде кәсіпорынға көмек көрсету;
- Жұмыскерлердің шеберлігі мен мүмкіндіктерін тиімді пайдалану;
- Кәсіпорынды біліктілігі жоғары және қызығушылық танытатын қызметкерлермен қамтамасыз ету;
- Жұмыскерлердің өз жұмыстарына барынша толық қанағаттануына, олардың өздерін толық көрсете алуына ұмтылу, ал бұл өз алдына әрбір жұмыскердің осы кәсіпорында жұмыс істеу тілегін жоғарылатады;
- Жеке адамның потенциалын тиімді пайдалану қағидасына сәйкес адамның еңбек (жеке басты, психофизиологиялық) іс-әрекетін басқару механизмін меңгеру[2].

Ең жоғарғы мақсат – персоналды басқару жүйесіндегі кәсіпорынның таза табысы адамдардың әлеуметтік қажеттіліктерін өндірісте қанағаттандыру болып табылады.

Персоналды басқару жүйесі. Персоналды басқару жүйесі персоналдарды басқару мақсаттарының, қызметтерінің, ұйымдастырушылық құрылымның функционалды өзара байланыстардың қалыптасуынан тұрады.

Персоналды басқару қызметтерін жүзеге асыратын жүйе ұйымның персоналын басқару жүйесі деп аталады.

Ұйымның персоналын басқару жүйесі жалпы және сызықтық басқарудың кіші жүйелерінен, сонымен қатар, бірыңғай функцияларды орындауға мамандандырылған бірқатар функционалды кіші жүйелерден тұрады.

Жалпы және сызықтық басқарудың кіші жүйесі: ұйымды бүтіндей басқару, жеке функционалды және өндірістік бөлімшелерді басқару жұмыстарын атқарады.

Нарық жағдайында кәсіпорынды жұмысқа дайындауды жақсарту үшін бізге қысқа мерзім ішінде кадрларға байланысты жұмыс жүйесін - кадрларды бағалау, аттестациялау іріктеу, даярлау, біліктілігін жоғарылату, жетекші қызметкерлерге резервтер дайындау жұмысын толығымен қайта құру керек. Сонымен қатар, кадрлар қызметіндегі жұмыскерлердің де өздерінің кәсіби деңгейлерін жоғарылатулары керек, барлық деңгейдегі

жетекшілер өздерінің қол астындағы жұмыскерлердің потенциалын тиімді пайдалануда, дамытуда және айқындауда іс жүзінде жауапкершілігін күшейтуі керек.

Персонал қызметін ұйымдастыруға және оны ресурспен қамтамасыз етуге қойылатын негізгі талаптар. Кәсіпорынның кадрлық қызметі – кәсіпорынды басқару шеңберінде таңдалған саясат бойынша басқаруға бел буған қызметтегі тұлғалармен қоса арнайы құрылымдық бөлімшелердің жиынтығы.

Кадрлар қызметін басқарудағы ұйымдастырушылық құрылымы. Персоналды басқару – бұл функция тек қана кадрлар қызметіне жатпайды. Осы және басқа да бағыттағы жұмысқа өз құзырының көлемінде персонал басқарудың басқа да субъектілері - өндірістік бөлімшелердің сызықтық жетекшілері оған бағынатын мамандарымен бірге міндетті түрде қатысады[3].

Басқарудың жоғары сатыларында стратегиялық сипаттағы мәселелер шешіледі: кадрлар саясаты, оны орындаудың стратегиясы мен тактикасы және оны орындаудың тапсырмалары, әдістемелік пен нормативтік материалдарды жасау тапсырмалары қалыптасады, оның орындауына бақылау қойылады және кадрлармен жұмыс істеу бойынша барлық бөлімшелерде жалпы жетекшілік жасайды.

Қазіргі жағдайда кадрлық қызмет кадрлармен жұмыстың барлығында ұйымдастырушы және үйлестіруші болуы қажет. Ол құрылымдық бөлімшелерде кадрлар саясатын жүзеге асыруда бақылаушы функциясын, еңбекақы төлеуді, жұмыскерлерге медициналық қызмет көрсетуді, ұжымдағы әлеуметтік-психологиялық жағдайды, жұмыскерлерді әлеуметтік қорғауды қадағалауы керек.

Тиімділік — ол нәтижелілік. Экономикалық тиімділік — бұл белгілі бір шығын жұмсап, сондай-ақ нәтижеге жету немесе белгілі бір нәтижеге жетіп, шығындарды азайту. Персоналды басқару тиімділігі мәселесін қарастырып, шығынның не екенін және экономикалық тиімділік түсінігін анықтауымыз керек.

Өндіріс процесі үшін әр кәсіпорынға материалдық және еңбек ресурстары қажет. Ресурстар басқаша авансталған шығындар деп аталады, дәлірек айтсақ, бұл өндіріс процесі жүзеге аспай тұрып шығындалған ресурстар.

Еңбек ресурстарын осы тұрғыдан қарастыру шаралары қолға алынып жатыр. Бұл кәсіпорын жалдаған жұмыс күшінің сомасын бағалау қажеттігі болып табылады. Еңбек бойынша статистиктердің халықаралық конференциясының ұсынулары бойынша еңбек сомасына мыналар кіреді: өндірістік жұмысқа төлем, төленетін толық жұмыс істелмеген уақытқа қатысты төлемдер, ақшалай сыйақылар, тамақтану сомасы және нақты нысандағы басқа да төлемдер, қызметкерлерге пәтер ұсыну сомасы, әлеуметтік қамсыздандыруға жұмыс берушінің шығындары, кәсіптік білім беру сомасы. Жоғары білікті қызметкерлерді тарту, кадрларды қайта дайындауға кететін қосымша шығындар, денсаулықты сақтау, демалысты дайындау нәтижесінде төлемақы өседі. Кейбір шетел мемлекеттерде жартылай жүзеге асырылған, қызметкерге ресурстық қатынас, «адамзат капиталы» тұжырымдама орын тапқан. Сол бойынша «адамзат капиталына» инвестициялар — бұл біліктілікті және потенциалды, басқаша айтқанда, қызметкер еңбегінің өнімділігін арттыратын кез келген әрекет. Біреудің өнімділігін арттырудың мүмкіндігін туғызатын шығындар, кәсіпкерлердің құрал-сайманына кететін шығындар сияқты, келешекте көп еселенетін табыс ағымы арқылы ақталатын инвестициялар немесе ағымды шығындар алымдар ретінде қарастыруға болады».

Еңбек күшіне кететін шығындарды және оның қолайлылығын бағалау сұрағына байланысты біздің арнайы әдебиеттерде аз көңіл аударылған. Еңбек күшін ұдайы өндірумен байланысты тек кеңейтілген шығындар тізімі берілген, соған қоса ресурстың бабын табумен байланысты қоғамдық өндірістің экономикалық тиімділігін есептеуде қолданылатын еңбек күшінің шығындарының тізімі берілген. Елдің халық шаруашылық деңгейінде жұмыс күші ресурсын бағалауда жарты ақшалай деңгейі өлшемінде келесі шығындарды ескеру ұсынылады: жұмыскерлердің және қызметкерлердің еңбекақы қоры, аграрлық сектор жұмысшыларының ақшалай және шикізат түрінде еңбекақы қоры, жалпы білімнен және

саяси дамуға қоғамдық қолдану қорларынан шығындар (шәкіртақы төлемдерін қосқанда), қоғамдық қорлардан және өнеркәсіп пайдасынан кәсіби біліктілікті алу және жоғарылатуға кеткен шығындар, қоғамдық тұтыну қорлардан ауру кезінде төленетін төлемдер, жүктілікке және бала тууға арналған демалыс, көпбалалы және жалғыз басты аналарға арналған жәрдемақы, қызметкердің табысын жоғарлататын, жалақы қорында қарастырылмаған кәсіпорынның сыйақысы, қорлардан төленетін төлемдер және жеңілдіктер, қызметкерлерді жұмыс орнына жеткізумен байланысты кететін шығын (көлік жолақысы, көтермелеу, тәуліктік және т.б.).

Кәсіпорын деңгейінде ресурстық қадамды қолдану жұмыс күші сипаттамасымен байланысты әдіскерлік қиындықтарға тап болады. Шетелде де ресурстық қадам қысқартылған түрде жүзеге асырылады, өйткені осы жағдайда еңбек күшінің құны емес, нақты қызметкерге кәсіпорынның кететін шығындарды көрсететін қаражаттардың сомасы есепке алынады. Осындай жекеленген есеп «жұмыскерді алуға», оны жұмысқа рәсімдеуге, өндірістік процестерге қатысу үшін дайындауға кететін шығындарды қамтамасыз етуден кететін ағымдық шығындарды және т.б. көрсетеді[4].

Өндіріс процесінде ресурстарды тұтыну — ағымдық шығындарды білдіргені бізге белгілі. Осылайша, негізгі қорлар ақырындап ескерту жолымен тұтынылады; өнімнің өзіндік құнына кететін шығынға жататын амортизациялық қаржы бөлу түрінде көрсетілетін негізгі қорлардың ағымдық шығындары, бұл шығындар сол не басқа уақыт кезегіндегі (ай, тоқсан, жыл), негізгі қорлардың құнының тек бір бөлігін көрсетеді.

Кәсіпорында еңбек ресурстарын тұтыну мінездемесіне ерекше қадам жасайды. Еңбек күшін тұтыну уақыт шығынымен білдірілген (адам-сағатпен, адам-күнмен), еңбектің өзі, ал тірі еңбекке шығындар жалақы нысанындағы ақшалай мәнді иеленетін болғандықтан, оларды материалдық шығындармен біріктіреді және өнімді өткізу мен өндіру шығындарының жалпы сомасы алады.

Осылайша, жұмыс күшіне шығындар нақты сандық көрсетілген аванстық шығында бөлігімен емес, ағымдық кезеңдегі кәсіпорынның жалақыға нақты шығындары ретінде көрсетіледі. Олардан басқа құн нысанында жұмыс күшінің қызмет етуімен байланысты басқа да шығындар есептеледі. Өзінің мазмұны бойынша жұмыс күшіне инвестиция белгілі бір көлемде капитал салымын еске түсіреді («адам капиталына» салымнан алдағы көп жылдар ішінде білікті еңбектен жоғары табыс ретінде сезіледі), бірден және толығымен ағымдық шығындар секілді факт түрінде оларға да жатады.

Әдебиеттерде қаражаттың қалыптасуында кадрлардың біліктілігін жоғарылату, кадрларды қайта даярлау қажеттілігімен байланысты. Жұмыс дамуын қаржыландырудың тұрақты көзі болып табылатын арнайы амортизациялық қорлардың құрылуынан бас тарту тәжірибесі қалыптасқан. Шынында да, жұмыс күшіне ресурс ретінде көзқараста негізгі қорлармен көптеген сәйкестіктер бар.

Персоналды басқару тиімділігі. Жұмыс күшіне шығындардан басқа персоналды басқарудың экономикалық тиімділігін бағалау кезеңінде осындай әрекеттің нәтижелік көрсеткіші қолданылады. Кәсіпорын ұжымының (жеке жұмыскерлердің) еңбек потенциалының дамуы басқару шешімдерін қабылдау салдары ретінде өндірістік әрекеттен қосымша нәтиже алуға сілтеме жасайды. Бұл қосымша нәтиже әр түрлі нысанды қабылдай алатын және әр түрлі көрсеткіштермен бағалана алатын әсер қайнар көзі болып табылады. Сонымен нәтиже мынадай түрде көріне алады:

- еңбек өнімділігінің өсуі, оның сапасы мен түрінің жоғарылауы салдарынан өнімді өндіруді ұлғайту түрінде (бұл жерде нәтиженің тікелей сандық құраушылығы айтылған);
- еңбекпен қамтамасыздандырылу түрінде, әсіресе егер кадрлармен жұмыс еңбек қатынастарындағы әлеуметтік мезеттерді есептеу арқылы құрылды;
- кәсіби жұмыскерлерді іріктеу арқылы оқыту мерзімдерін қысқарту кезінде құралдарды қатыстық үнемдеу түрінде (нәтиже еңбек потенциалының белгілі бір жағдайына жету үшін қажетті құралдарды үнемдеумен көрінеді).

Егер кәсіпорын ұжымы әрекетінің жалпы көрсеткіші ретінде өндіріс көлемі, оның өсуі, еңбек өнімділігінің деңгейінің өзгеруі сияқты синтетикалық көрсеткіштерді қолданса, онда олардың шамасына персоналды басқару арқылы жұмылдырылған өндірістің жеке факторы ғана емес, сонымен қатар техникалық-технологиялық және ұйымдастырушылық факторлары да әсер етеді. Сондай-ақ ағымдағы жыл нәтижесіне өткен жылдардың шығындары, әлде ағымдағы кезеңнің шығындары үлкен әсер ете алады. Сондықтан өз-өзіне жалпыланған көрсеткіш эффектінің бар-жоғы туралы сұраққа біржақты жауап алуға мүмкіндік береді, персоналды басқару тиімділігіне қатысты тұжырым ашық болып қалуда[5].

Персоналды басқару сапасын бағалаудың негізгі әдістері. Персоналды басқаруға қатысты экономикалық тиімділікті бағалаудағы шығындар мен нәтижелерді өлшеу мәселесі нақтылықты талап етеді және ең алдымен нені бағалау керек екенін анықтап алу керек:

- іс-әрекеттің белгілі бір нәтижесіне таңдап алынған кадрлық саясатты жүзеге асыру нәтижесінде құрылған арнайы таңдап алынған, оқытылған және ынталандырылған «кәсіпкерлік» ұғымы көмегімен жету;

- персоналды басқаруда алдына қойылған мақсаттарға ең төменгі қаражаттармен жету;

- басқару процесінің нәтижелілігін қамтамасыз ететін ең сапалы басқару әдістерін таңдау[6].

Басқару процесінің тиімділігі. Бұл әдісте персоналды басқару тиімділігі басқару жүйесінің прогрессивтілігі арқылы, басқару еңбегінің техникалық қамтамасыз ету деңгейі, қызметкерлер біліктілігі, басшылықтың іскерлігі және т.б. арқылы анықталады.

Қорыта келгенде, қазіргі кездегі менеджмент жоспарлау функциясы мазмұнының өзгеруімен, фактілерді жан-жақты зерттеуімен, кәсіпорындардың ойдағыдай іс-әрекетімен, басқаруды түпкі нәтижесіне қарай ұйымдастыруымен, дамыған теориясымен және маркетинг тәжірибесімен, жаңа технологияны жасауымен, адам факторын жандандыратын шешімдер қабылдауымен сипатталады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Саткалиева Т.С. Управление персоналом, учебное пособие. - Алматы, КазЭу им. Т. Рыскулова, 2010. - 295 с.
2. Фёдорова Н.В. Управление персоналом (для спо) / Н.В. Фёдорова, О.Ю. Минченкова. - М.: КноРус, 2017. - 64 с.
3. Кибанов А.Я. Управление персоналом (для ссузов) / А.Я. Кибанов и др. - М.: КноРус, 2018. - 176 с.
4. Дейнека А.В. Управление персоналом организации: Учебник для бакалавров / А.В. Дейнека. - М.: Дашков и К, 2015. - 288 с.
5. Евтихов О.В. Управление персоналом организации: Учебное пособие / О.В. Евтихов. - М.: Инфра-М, 2017. - 128 с.
6. «Персоналды басқару қызметі (кадр қызметі) туралы үлгілік ережені бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 21 қазандағы № 15 бұйрығы.

ОТАНДЫҚ КОММЕРЦИЯЛЫҚ БАНКТЕРДІҢ НЕСИЕЛІК САЯСАТЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ТҰСТАРЫ

Таубаев Абзал Молдабайұлы

«Қаржы» білім беру бағдарламасының магистранты

Дүйсенбаева Ботагөз Баймұханбетқызы

экономика ғылымдарының кандидаты, доцент

Кулумбетова Дина Болатовна

экономика ғылымдарының кандидаты, профессор

Қазақ-Орыс Халықаралық университеті; 030 006, Ақтөбе қ., Әйтеке би к-сі, 52;

Мақалада отандық коммерциялық банктер жүзеге асыратын несиелік саясаттың мәнді де, мағыналы тұстары қарастырылған. Несиелік саясатты қалыптастыруда басшылыққа алынатын әдістемелік мәселелерге аса көңіл бөлінген.

Түйін сөздер: коммерциялық банк, несиелік саясат, несие.

МЕТОДИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ ФОРМИРОВАНИЯ КРЕДИТНОЙ ПОЛИТИКИ ОТЕЧЕСТВЕННЫХ КОММЕРЧЕСКИХ БАНКОВ

Таубаев Абзал Молдабаевич

Магистрант образовательной программы «Финансы»

Дүйсенбаева Ботагөз Баймұханбетовна

к.э.н., доцент

Кулумбетова Дина Болатовна

к.э.н., профессор

Казахско-Русский Международный университет; 030006, Актөбе, ул. Әйтеке би, 52;

В статье рассматривается значение и сущность кредитной политики, которую осуществляют отечественные коммерческие банки. Особое внимание уделено методическим аспектам кредитной политики.

Ключевые слова: коммерческий банк, кредитная политика, кредит.

METHODOLOGICAL ASPECTS OF THE FORMATION OF CREDIT POLICY OF DOMESTIC COMMERCIAL BANKS

Abzal Taubai Moldashevich

Graduate of the educational program «Finance»

Kulumbetova Dina Bolatovna

Ph. D., Professor

Duisenbyaeva Botagoz Baimukhanbetovna

Ph. D., associate Professor

Kazakh-Russian International University, 030006, Aktobe, 52, Aiteke bi St.;

The article considers the significance and essence of the credit policy implemented by domestic commercial banks. Special attention is paid to the methodological aspects of credit policy.

Keywords: commercial bank, credit policy, credit.

Несиелік саясат – банктің өз клиенттеріне несие беру жұмысындағы, банктің белгілі бір аймақта, белгілі бір жұмысындағы, белгілі бір уақыт аралығында өз стратегиясын жүзеге асыру үшін жасаған шаралар жүйесі. Несиелік саясат несиені реттеу жұмысының негізі ретінде, біріншіден, несиелік қарым-қатынастарды дамыту барысындағы басым бағыттарды, екіншіден, несие тетіктерінің жұмыс істеуін анықтайды.

Түрлеріне қарамастан банктің несие саясатының ішкі құрылымы болады. Коммерциялық банктегі несие саясатының негізгі элементтері мыналар:

- 1) несиелік процестің негізгі бағыттарын әзірлеу жөніндегі банк стратегиясы;
- 2) несие беруді ұйымдастыру жөніндегі банк тактикасы;
- 3) несиелік саясаттың орындалуын бақылау[1].

Несиелік саясаты әдістемелік тұрғыда оңтайландырудың отандық және әлемдік тәжірибесін, талаптарын ескере отырып, коммерциялық банктегі несиелік саясатты қалыптастырудың төмендегідей нұсқасын ұсынуға болады[2]:

- несиелік саясаттың жалпы ережелері мен мақсаттары;
- несиелік операцияларды басқару аппараты және банк қызметкерлерінің өкілеттілігі;
- несиелік келісім-шарттың әр түрлі кезеңдерінде несиелік процесті ұйымдастыру;
- банктік бақылау және несиелік процесті басқару.

Несиелік саясатты қалыптастыру және несиелік процесті ұйымдастыру барысындағы әдістемелік міндетті талаптардан туған бұл теориялық модельді біз коммерциялық банктегі несиелік саясатты оңтайландырудың қажеттілігіне байланысты ұсындық. Біздің ойымызша, мұнда коммерциялық банктің несиелік саладағы стратегиясын анықтайтын «Несиелік саясаттың негізгі ережелері мен мақсаттары» болу керек. Одан кейінгі бағыттар банк қызметкерлерінің несиелік операцияларды басқару жұмысында банктің тактикасын анықтайды, банктің нақты операцияларын және клиентпен арадағы келісім-шарттың ұйымдастырудың жолдарын нақтылайды, несиелік процесті бақылау және басқару шараларының жүйесін белгілейді. Несиелік саясатты қалыптастырудың теориялық моделінің әрбір бағыты өзара тығыз байланысты және несиелік саясатты қалыптастырып, несиелік процесті ұйымдастыруда міндетті болып табылады, ұтымды несиелік саясаттың мәнін ашу үшін қажет[3].

Банктің несие саясаты принциптерінің өзара ықпалы арнайы зерттеудің тақырыбы болған емес. Сонымен бірге қоғамның экономикалық дамуының қолданыстағы заңдарының жүйесін ғылыми игеру, олардың әрекет етуін, қолданылу нысанын түсіну несие процесін жетілдірудің алғы шарттарының бірі болар еді.

Несие саясатының принциптері несие процесінің негізі болып табылады, яғни оларды игерген сайын коммерциялық банктің өтімділігі мен табыстылығын қамтамасыз етуші қызметі тиімді болады[4].

Банктің несие саясатының принциптері арнайы зерттеу тақырыбы болмағандықтан және экономикалық баспасөз бетінде талқыланбағандықтан банктің не сие саясатының жалпы және өзіндік принциптерін атап өту маңызды.

Несие саясатының жалпы принциптері деп орталық банктің мемлекеттік несие саясаты үшін макроэкономикалық деңгейде жүргізілетін, сондай-ақ әрбір нақты коммерциялық банктің несие саясаты үшін жүргізілетін бірыңғай принциптерді түсінеміз.

Банктің несие саясатының принциптері несие қатынастарының субъектілерінің экономикалық мүдделілігін ынталандырады және жалпы халық шаруашылығы ауқымында несие саясатын жүзеге асыруда маңызы зор. Банктің несие саясатының негізгі міндеті несиені өзінің мәніне қарай қолдануды қамтамасыз ету болып табылады. Осылайша несие саясаты өзінің принциптерін жүзеге асырудың тәсілі ретінде көрінеді. Несие саясатының сапасын оны сипаттайтын принциптердің орындалу деңгейі анықтайды.

Банктің несие саясатының маңызды жалпы принциптері деп біз ғылыми негіздеуді, оңтайландыруды, тиімділікті сондай-ақ несие саясаты элементтерінің үздіксіз тығыз байланысын бірлігін айтамыз, өйткені тек ғылыми негізделген несие саясаты ғана өмірдің объективті шындығы мен субъективті факторларын ескере отырып, мемлекеттің, банктің (институттық құрылым ретінде) оның қызметкерлері мен клиенттерінің оның ішінде халықтың мүддесін неғұрлым толыққанды білдіреді. Осылайша тек ғылыми негізделген несие саясаты ғана банктің дамуының белгілі бір кезеңінде алдына қоятын мақсаттарға барынша сәйкес келеді. Бұдан шығатыны, тек ғылыми негізделген несие саясаты ғана банк үшін (орталық және коммерциялық) оңтайлы, неғұрлым тиімді басымдық бағытта болып табылады.

Коммерциялық банктің несие саясатының өзіндік принциптері төмендегідей: табыстылық, пайдалылығы (кез келген коммерциялық банк үлкен пайда табуды көздейді), сондай-ақ қауіпсіздік, сенімділік (банк қандай да жолмен емес, нарық ақиқатын ескеріп, табыс табуға тырысады).

Сонымен, банктің несие саясатының принциптерінің жүйесі бүтіндей алғанда былайша бейнеленеді [5].

Жалпы жоғарыда аталған принциптерді сақтау банктің несие саясатының тиімділігін арттыру үшін маңызды шарт болып табылады.

Табыстылық принципі банк дамуының жекелеген уақыт бөлігінде орындалмауы да мүмкін, немесе бүркемеленіп тұрады (мәселен, банктің тактикалық мақсаты жалпы мақсатпен сәйкес келмеген кезде). Мұны графикпен бейнелеуге болады. Бірінші суреттегі графикте коммерциялық банктің табысты жұмысы бөлігіндегі белгіленген параметрлерге қол жеткізудің 3 мүмкін болатын жолы көрсетілген [6].

Жалпы қоғамда экономикалық қатынастарды оңтайландыру проблемасы күрделі экономикалық және қаржы мәселелерінің біртұтас кешенін қамтиды: экономика субъектісі деңгейінде оңтайлы шаруашылық жүргізу критерийін әзірлеуден бастап, қоғамдық ұлғаймалы өндіріс құрылымын жетілдіруге дейін.

Іс жүзінде несиелік саясатты іске асыру тәсілдері мен әдістерін белгілі бір формада, яғни соған сай келетін төмендегідей үш құжат түрінде көруге болады [7]:

1. несиелеу саясаты;
2. несиелеу стандарты;
3. несиелеу нұсқаулықтары.

Сондай-ақ аталған үш құжат ерекше бір құжатта - “Несиелік саясат бойынша жетекшілік ету” - біріктіріледі.

Несиелеу саясатында несиелеуді жүзеге асыратын бөлімшелер жұмыскерлерінің қызметтерін нақтылайтын несиелік нұсқаулықтар мен несиелеу стандарты, несиелеудің жалпы бағыттары мен бағдарлары анықталады.

Несиелеу стандарты – бұл банкте несиелік қызметті жүзеге асыратын барлық қызметкерлердің жетекшілікке алатын құжаты.

Несиелеу стандартында мынадай сұрақтар қарастырылады:

- қарыз алушының қаржылық ақпараттарын жинау және талдау тәртібі;
- несиенің кепіл-хаттар және кепілдемелермен қамтамасыз етілуіне қойылатын талаптар;
- әкімшілік стандарттар және несиелік процесті ұйымдастыру ережелері;
- қарыз алушының несиелік қабілетін талдау тәртібі;
- құжаттардың толтырылуына қойылатын талаптар;
- несиелеудің айрықша түрлері бойынша ережелер (мысалға, ипотекалық немесе тұтыну несиелері бойынша).

Барлық банктер бойынша құжаттар айналымын стандарттау мақсатында несиелеу стандарттарына әр түрлі құжаттар үлгілері жатуға тиіс. Ондай құжаттарға: несиелік келісім-шарт, кепіл туралы шарт, кепілдеме туралы шарт және т.б. жатады.

Несиелік нұсқаулық – несиелеу процедураларын іске асырудың жалпы алгоритімін бекітетін кезектіліктің қадамдарын суреттеуді білдіреді.

Басқаша айтқанда, ол несиелік қызметтің нақты бір бағыттарына жатады.

Жалпы, несиелік саясатта қарыз алушы туралы қажетті ақпараттар жинау және несиелік қабілетіне талдаудан бастап, несиелік талдау және аудит, ссудалар бойынша мүмкін болар зиян процесін қамтитын несиелік процестің барлық кезеңдері көрсетіледі.

Ішкі несиелеу саясатын жасау банк жетекшілерінің несиелеу мақсатын қалыптастыруды және бұл мақсаттардың банктің жалпы міндеттері мен стратегиялық мақсаттарымен қаншалықты сай келетінін анықтауды талап етеді. Несиелеу мақсаттары анықталғаннан соң, соның негізінде банк қызметкерлерінің қажетті несиелік операцияларды атқаруына мүмкіндік беретін банктің несиелік саясатын және оған қоса несиелеу стандарты мен несиелік нұсқаулықтары жасалады.

Несиелік стандарттар мен нұсқаулықтарды жасаудың бастапқы кезеңі аяқталуына байланысты, бұл құжаттардың бірінші редакциясы тәжірибелі қызметкерлерге сараптауға берілуі тиіс. Сараптаушылардың талдауы және ұсыныстары енгізілгеннен кейін несиелік саясат бойынша комитет (немесе директорлар кеңесі, несиелік комитет) саясатты және соған сәйкес нұсқаулықтарды бекітеді[8].

Несиелік саясат несиелеу лимиттерін, тәртібін, кейде несиелеу бойынша жекелеген ережелерді де қамтиды. Мысалы, несиелік саясатта бір қарыз алушыға келетін тәуекел лимиті анықталады. Сонымен қатар, несиелік саясатта барлық несиелердің несиелік құжаттарда көзделген мақсаттарға сай берілуі де қарастырылуы мүмкін.

Несиелік саясатта несиелік комитет туралы ереже де қамтылады. Несиелік комитет несиелеу беру барысында қорытынды жасап, несиені беруге байланысты мәселелерді қамтиды.

Несиелік саясатта қарыз алушылардың негізгі қызметіне байланысты тәуекелдігі жоғары операцияларды немесе жобаларды қаржыландыру үшін тағайындалатын несиелер туралы да айтылуға тиіс.

Несиелік саясатпен банк қызметкерлерін таныстыру, оларды соған сай келетін ережелермен және нұсқаулықтарға үйрету, банкте несиелік саясатты енгізудің негізгі элементі болып табылады.

Несиелік саясат несиелік қызметтің басты бағыттарын анықтайды. Оларды өз кезегінде, несиелік саясаттың қабылдаған бағыттарын іске асыру жүйесі ретінде тұжырымдауға болады.

Қорытындылай келсек, коммерциялық банктің несиелік саясаты, біріншіден, клиенттер мен несиелік құралдарды таңдаудың басым бағыттарымен, екіншіден, банк қызметкерлерінің практикалық іс-қимылын белгілейтін және осы басым бағыттарды өмірге енгізетін нормалармен, ережелермен анықталады. Бұл жерде тәуекелді (оның ішінде несиелік) басқару қабілеттілігі нақты несиелік келісімдердің шарттарын жасаумен айналысатын банк басшылығының бөліктілігіне және қызметкерлердің сыныптамалық деңгейіне байланысты.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Мақыш С.Б., Сұпығалиева Г.И., Керімбеквоа Н.Н. Ақша, несиелеу банктері пәнінен практикум Оқу құралы. Алматы. Қазақ университеті, 2004
2. Давлетов М.Т. Кредитная деятельность банков в Казахстане //Учебное пособие. – Алматы: Экономика, 2001.
3. Банки и банковские операции : учебник / под ред. Е. Ф. Жукова. – М. : Проспект, 2010. - 247 с.

4. Банковский менеджмент : учебник / под ред. О. И. Лаврушина. - 2-е изд., перераб. и доп. - М. : КНОРУС, 2011. - 560 с.
5. Дворецкая, А. Е. Деньги, кредит, банки : учебник для академического бакалавриата. - УМО. - М. : Юрайт, 2016. - 636 с.
6. Мерцалова, А. И. Учет и операционная деятельность в кредитных организациях: кассовые, расчетные, депозитные и кредитные операции учебное пособие / А. И. Мерцалова. - УМО. - М. : КНОРУС, 2013. - 256 с.
7. Ольхова, Р. Г. Банковское дело: управление в современном банке : учебное пособие / Р. Г. Ольхова. - УМО. - М. : КНОРУС, 2017. - 282 с.
8. Базулин Ю. В. Деньги. Кредит. Банки : учебник / Базулин Ю. В. – М. : Проспект , 2010. - 848 с.

КОММЕРЦИЯЛЫҚ БАНКТЕРДІҢ НЕСИЕЛІК САЯСАТЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ НЕГІЗДЕРІ

Таубаев Абзал Молдабайұлы

«Қаржы» білім беру бағдарламасының магистранты

Дүйсенбаева Ботагөз Баймұханбетқызы

экономика ғылымдарының кандидаты, доцент

Кулумбетова Дина Болатовна

экономика ғылымдарының кандидаты, профессор

Қазақ-Орыс Халықаралық университеті; 030 006, Ақтөбе қ., Әйтеке би к-сі, 52;

Мақалада коммерциялық банктердің несиелік саясатының қалыптастыру негіздері, экономикалық қажеттілігі мен ұйымдастыру мәселелері қарастырылған. Несиелік саясаттың теориялық талқылану тұстарына аса көңіл бөлінген.

Түйінді сөздер: коммерциялық банк, несиелік саясат, несие.

ОСНОВЫ ФОРМИРОВАНИЯ КРЕДИТНОЙ ПОЛИТИКИ КОММЕРЧЕСКИХ БАНКОВ

Таубаев Абзал Молдабаевич

Магистрант образовательной программы «Финансы»

Дүйсенбаева Ботагөз Баймұханбетовна

к.э.н., доцент

Кулумбетова Дина Болатовна

к.э.н., профессор

Казахско-Русский международный университет, 030006, Актөбе, Әйтеке би, 52;

В статье рассматриваются основы формирования, экономическая необходимость и вопросы организации кредитной политики коммерческих банков. Особое внимание уделено теоретическим подходам толкования кредитной политики.

Ключевые слова: коммерческий банк, кредитная политика, кредит.

FUNDAMENTALS OF THE CREDIT POLICY OF COMMERCIAL BANKS

Abzal Taubai Moldashevich

Master's of the educational program «Finance»

Kulumbetova Dina Bolatovna

Ph. D., Professor

Duisenbyaeva Botagoz Baimukhanbetovna

Ph. D., associate Professor

Kazakh-Russian International University, 030006, Aktobe, 52, Aiteke bi St.;

The article deals with the basics of formation, economic necessity and organization of credit policy of commercial banks. Special attention is paid to theoretical approaches to the interpretation of credit policy.

Keywords: commercial Bank, credit policy, credit.

Несие саясатының негізгі өзгешелігі - бұл несие қозғалысына байланысты саясат.

Несие саясаты біртұтас, бірақ несие және депозит сияқты әр түрлі операциялармен айқындалады. Тегі бір болғанмен, бұл операциялар мәні бойынша ажыратылады (экономикалық процестегі ұйымдастырылуы мен роліне байланысты).

Макроэкономикалық деңгейде несие саясатын құрастыру банктік және несие саясаты сияқты ұғымдардың өзара байланысын болжайды. Жалпы дефиницияны (банк саясатын) анықтамайынша несие саясаты сияқты жеке ұғымның маңызын бағалау қиын.

Қазіргі экономикалық әдебиетте мұнымен қатар коммерциялық банктің несие саясатына қатысты екі ұстаным бар. Біріншіден, макроэкономикалық деңгейде несие саясаты банк саясаты сияқты түсіндіріледі. Екіншіден, микроэкономикалық деңгейде несие саясаты белгілі бір банктің несие процесін басқару саласындағы саясаты сияқты қарастырылады.

Бірақ кейбір экономистер бұл пікірмен келіспейді. Мәселен, М.А.Косой былай дейді: «Несие саясаты банк саясатынан әлдеқайда кең ұғым». Бұл ұстанымының мағынасы сол, автор несие саясатын макроэкономикалық деңгейде мемлекеттік саясат сияқты, ал банк саясатын нақты банк деңгейінде қарастырады. Несие саясатына мұндай көзқарастың болуы, жоспарлы-бөліністі экономика жағдайында шаруашылық байланыстар жүйесінің болуымен ақталады[1].

Мәселен, қаржы-несие сөздігінде несие саясаты «социалистік мемлекеттің әлеуметтік экономикалық міндеттерді шешуі, ақша айналысын нығайтуы үшін халық шаруашылығында жүргізетін несие беру шараларын көрсететін экономикалық саясаттың құрамдас бір бөлігі» деп түсіндіріледі. Несие саясатына несие қатынастарын ұйымдастырудағы ғылыми негіздеме тұжырымдамасын әзірлеу, халық шаруашылығының несие беру саласында міндеттемелер қойылып, оларды жүзеге асыру шараларын жүргізу кіреді.

Тұжырымдамада мынадай белгілер анықталады: несие қатынастарының саласы; қаржыны бөлу және қайта бөлудегі қаржылық және несиелік әдістердің үйлесімі, несие беру мен ақша айналымын ұйымдастырудың өзара байланысы, несие беру принциптері, экономикалық және ұйымдастыру әдістерінің өзара қатынасы.

Несие саясатының бір элементінің өзгеруі басқа элементтерін жекелей немесе толық қайта қарауды талап етеді».

Осы анықтамамен келісе отырып, мұндай макроэкономикалық амал нарыққа өткен қазіргі жағдайда нақты бір коммерциялық банктің жұмысын толық бағалауға мүмкіндік бермейтінін атап өту қажет. Сол себепті бүгін әрбір коммерциялық банктің несие саясатын бағалау маңызды болмақ.

М.А.Косой несие саясатын макроэкономикалық деңгейде қарастыра отырып «жалпылай алғанда саясат – белгілі бір таптың мүддесін қорғауға, мемлекеттік өкіметті жеңіп алып, сақтауға, оны тиісті таптың мүддесі үшін қолдануға бағытталған қызмет. Мәселе мынада: бұл саясат қоғамның экономикалық дамуының объективті талаптарына жауап бере алар ма екен...» деп жазды. Мұндай таптық әдіс қазіргі зерттеушілерді қанағаттандырмайды, өйткені, еліміздің экономикалық және саяси бағдарының өзгеруі, нарыққа өту, банк саясатының экономикалық көрсеткіштерінің бүкіл мәнін, макро және микроэкономикалық деңгейдегі белгілерін бағалауды талап етеді.

Субъективті және объективті зерттеудің дидактикалық әдісі қарама-қайшылықтардың бірлігі ретінде кешенді қарастыруды білдіреді. Банктің несие саясаты адамзаттың ойлау өнімі ретінде субъективті болып табылады, ал қайнар көзі бойынша объективті сипатқа ие.

Бұл әдісті банктің несие саясатын құрастыруға жатқыза отырып, көп қырлы құбылыс ретінде қарастыруға болады: 1) жүзеге асырудың (теория мен практикада) мәні мен тақырыбы деңгейінде 2) макро және микроэкономикада 3) кең және тармағына да[2].

Несие саясатының мәнін қайтарымдық талаппен ресурсты тарту және оларды банк клиенттеріне несие беруге инвестициялау жөніндегі банктің стратегиясы мен тактикасы деп анықтаймыз. Несие саясатын жүзеге асырудың тақырыптық жағы банк несие саясатының функционалдық нысандары мен түрлері. Кең мағынада, несие саясатын клиентпен оның

ішінде халықпен банктің қатынасы ретінде қарастырамыз. Тар мағынада, несие саясаты несие процесін ұйымдастырудағы банктің стратегиясы мен тактикасы бұл ұстанымды негіздеу үшін мәселенің теориясына көшейік.

Сонымен, несиелік саясат – банктің несиелік жұмысын ұйымдастыру негізін және несиелеу процесіне қажетті құжаттар жүйесін жасау шарттарын білдіреді.[3]

Коммерциялық банктің несиелік саясатының рөлі мен тағайындалуы - бұл жүйелі әрекетті қамтамасыз ету және жалпыға бірдей несиелеу ережесін сақтау. Коммерциялық банктің несиелік саясатының мақсаты болып несиелік тәуекелді дұрыс түсіну, мәнді түрде қабылдау және тиімді басқару негізінде несиелік қоржынның сапасын көтеру және қалпында ұстау табылады.

Несие саясаты күрделі құбылыс, оның мазмұнын әр түрлі бағытта зерттеу қажет[4].

Біріншіден, несие саясаты қайтарымдық талаппен ресурсты тарту және оларды банк клиенттеріне несие беруге инвестициялау жөніндегі банктің стратегиясы мен тактикасы, бұл халықтың уақытша бос ақша қаражатын жинақтап жеке қарызгерлерге несие беру қатынасы.

Екіншіден, несие саясатының нысандары оның мәні мен тарихи аспектідегі жүзеге асырудың тақырыптық жағының өзара байланысын көрсетеді. Бір жағынан нарыққа өткенде несие саясатының мазмұны мен нысаны өзгереді. Жоспарлы бөлініс монобанк жүйесінде несие саясаты макроэкономикалық деңгейде банктер мен оның клиенттерінің нақты қажеттілігін ескерместен жалпы мемлекеттік саясат ретінде қаралды (маркетинг тәсілі жоқ еді); банктер актив пен пассив арасындағы оңтайлы экономикалық негізделген өзара қарым-қатынасты ескермеді; несие саясаты көбінесе формальдік сипатта боды. Нарықтық экономикаға көшу жағдайында несие саясатын макро және микроэкономикалық деңгейде (нақты банк деңгейінде) зерттеу қажеттілігі туады, өйткені несие саясаты қоғамның экономикалық негізіне сүйенеді, бұл маркетинг тәсілін, банк жұмысында тәуекел менеджментті қолдануды көрсетеді, ұқсас құқықтық негізді талап етеді, банктің өтімділігі мен сенімділігін қажетсінеді, яғни коммерциялық банктің несие саясатының оңтайлылығы туралы мәселе туындайды. Екінші жағынан нарық жағдайында несие саясатын кең мағынада қарастырудың қажеттілігі туындайды (несие беруші мен қарызгер тарапынан) және тар мағынада несие процесін ұйымдастырудағы банктің стратегиясы мен тактикасы ретінде пайда болады.

Үшіншіден, несие қатынастарының экономикалық (объективті) нысандарынан ұйымдастыру (субъективті) нысандарын (банк нұсқаулары, нормалары, несие қатынастарын ұйымдастыру ережелері) айыру қажет. Соңғы айтылғандарды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі атынан мемлекет немесе жекелеген коммерциялық банктер белгілейді, бұл олардың қызметінің нәтижесі болып табылады. Әрі нақты экономикалық мазмұнға тәуелді. Қолданбалы аспектіде несие саясатын құрастыру мен пайдалану процесі нарыққа көшу жағдайында банктердің тиісті құжаттарды әзірлеуімен сипатталады (несие саясаты бойынша басшылық, бизнес жоспар, маркетинг жоспары).

Қондырма категориясы ретінде несие саясатын талдау несие саясатының функциялары туралы айтуға мүмкіндік береді. Несие саясатының функциясын екі топқа бөлуге болады: жалпы, банк саясатының түрлі элементтеріне ортақ және ерекшелікті, яғни несие саясатын өзге элементтерден айыратын топ.

Жалпы функцияға жататындар: коммерциялық функция, яғни банктің пайда табу (несиелік, есеп айырысу, төлем және басқа операциялардан) функциясы, ынталандырушы әрі бақылау функциясы. Ынталандыру функциясының мәні: мемлекеттің, банктің, клиенттердің объективті қажеттіліктерін бейнелейтін несие саясаты уақытша бос ақшаны банктерге жинақтап, олардың тиімді жұмсалуды көздейді. Банк клиенті үшін депозитке салған ақшасынан қосымша табыс табу өзінің уақытша мұқтажынан бас тартуға ынталандырады. Ал банктен несие алу (кейде салымшы үшін жеңілдіктермен) қосымша қажет қаржының көзі болады. Сонымен бірге банкке несиені пайдаланғаны үшін пайыз төлеу несиені аз уақытта өтеуге итермелейді. Банк үшін несие саясатының ынталандыру функциясы банктердің

рыноқтағы неғұрлым арзан ресурстарды салыстырмалы ұзақ уақытқа алып, оларды үлкен пайдамен орналастырудан (мәселен, тәуекелі төмен «қымбат» несиелерді ұсыну) байқалады.[5]

Бақылау функциясының мәні: несие саясаты банктер мен клиенттер нақты бір банктің несие саясаты белгілеген басымдықтарды ескеріп, несие ресурсын қатыстыру мен пайдалану процесін бақылауға мүмкіндік береді.

Алайда бұл функцияларды құбылыстың ерекшелікті көрінісі ретінде қарастыратын болсақ, бұл дұрыс та, онда несие саясаты несие процесін оңтайландыратын бір ғана маңызды функцияны атқарады. Бұл функцияның пәрмені банк саясатының мақсатына жетуіне бағытталған.

Банктің несие саясатының рөлі несие ресурсын жинақтау және инвестициялау процесінде банк қызметін дамытып, жетілдірудегі, несие ісінің дамуындағы басымдық бағыттарды анықтау және оның тиімділігін арттыру болып табылады.

Сонымен бірге макроэкономикалық деңгейде несие саясатының ұлттық табысты құрастыру, бөлу және қайта бөлу процесіндегі, ақша айналымын жоспарлау мен реттеуді ұйымдастырудағы маңызын атап өту қажет; ал микроэкономикалық деңгейде белгілі бір банктің орнықтылығы мен сенімділігі деңгейінде оның рентабельділігі мен өтімділігін, қызметінің клиенттердің талабына сай болуын айтуға болады. Банктердің несие саясатының экономикадағы рөлі банктер арқылы нарықтық экономика саласы мен басқа салалар арасындағы ақша қаражатын қайта үлестіру процесіндегі маңызымен; жинақ ақшаны, әсіресе халықтікін, өнімсіз нысаннан өнімді нысанға аударумен, экономика мен халық қажеттілігіне несие беру, қаржыландырумен айқындалады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Мақыш С.Б., Сұпығалиева Г.И, Керімбеквоа Н.Н. Ақша, несие банктер пәнінен практикум Оқу құралы. Алматы. Қазақ университеті, 2004
2. Давлетов М.Т. Кредитная деятельность банков в Казахстане //Учебное пособие. – Алматы: Экономика, 2001.
3. Банки и банковские операции : учебник / под ред. Е. Ф. Жукова. – М. : Проспект, 2010. - 247 с.
4. Банковский менеджмент : учебник / под ред. О. И. Лаврушина. - 2-е изд., перераб. и доп. - М. : КНОРУС, 2011. - 560 с.
5. Дворецкая, А. Е. Деньги, кредит, банки : учебник для академического бакалавриата. - УМО. - М. : Юрайт, 2016. - 636 с.

ЮРИДИЧЕСКИЕ НАУКИ / ЗАҢ ҒЫЛЫМДАРЫ

ТЕРРОРИЗМГЕ ҚАРСЫ КҮРЕСТЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

Абдирова Гульнара Аленовна

жедел-ізвестіру тактикалық және арнайы техника кафедрасының профессоры, з.ғ.к.

Қазақстан Республикасы ІІМ М.Есбулатов атындағы Алматы Академиясы,

050600, Алматы қаласы, Өтепов көшесі, 29

Аманова Д.Т.

1 курс магистранты, полиция капитаны

Қазақстан Республикасы ІІМ М.Есбулатов атындағы Алматы Академиясы ГПМ

Бұл мақалада «халықаралық терроризм» түсінігін, оның құқықтық қатынастардағы орнын анықтайды, терроризмге қарсы күрестегі халықаралық ынтымақтастықтың құқықтық және ұйымдастырушылық бағыттарын және оларды жақсартуға арналған ұсыныстарды қарастырады.

Түйінді сөздер: халықаралық терроризм, қылмыспен күрес, әлемдік ұйымдар, халықаралық ынтымақтастық, қатынастар, келісімдер, конвенциялар, халықаралық шарттарды ратификациялау.

МЕЖДУНАРОДНОЕ СОТРУДНИЧЕСТВО В БОРЬБЕ С ТЕРРОРИЗМОМ

Абдирова Гульнара Аленовна

профессор кафедры оперативно – розыскной тактики и специальной техники, к.ю.н.

Алматинская академия МВД Республики Казахстан им. Макана Есбулатова,

050600, г.Алматы, ул. Утепова, 29

Аманова Д.Т.

капитан полиции, магистрант 1 курса

НПМ Алматинской академии МВД Республики Казахстан им. Макана Есбулатова.

В данной статье раскрываются определение «международного терроризма», его место в правовых отношениях, рассматриваются правовые и организационные направления международного сотрудничества в борьбе с терроризмом и рекомендации по их усовершенствованию.

Ключевые слова: международный терроризм, борьба с преступностью, всемирные организации, международное сотрудничество, отношения, ратификация соглашений, Конвенции, международные договора.

INTERNATIONAL COOPERATION IN THE FIGHT AGAINST TERRORISM

Abdirova Gulnar A.

Professor, candidate of Law, Almaty Academy of the Internal Affairs of the Republic of

Kazakhstan named after Makana Yesbulatova, 050600, Almaty, 29, Utepova St.

Amanova D.

1st year master, captain of police, Almaty Academy of the Internal Affairs of the Republic of

Kazakhstan named after Makana Yesbulatova

This article reveals the definition of "international terrorism", its place in legal relations, considers the legal and organizational areas of international cooperation in the fight against terrorism and recommendations for their improvement.

Keywords: international terrorism, the fight against crime, world organizations, international cooperation, relations, ratification of agreements, conventions, international treaties.

Международный терроризм является для всех стран и в том числе для нашего государства одним из самых опасных преступлений настоящего времени и имеет характер международного бедствия, от которого не может быть свободна ни одна страна.

На современном этапе его можно отнести к масштабной проблеме, так как влечет за собой бессмысленную, порой массовую гибель людей, при этом нарушая дипломатические отношения государств и их представителей, затрудняя координацию их деятельности, в том числе транспортных связей между государствами [1;192 с.].

Сохранение мира и безопасности на земле является главной задачей каждого государства. В целях укрепления дружественных отношений и оказания поддержки в любой оказавшейся ситуации страны была создана на мировом уровне Организация объединенных наций (далее ООН).

После прошедших ряда террористических актов, которые показали звериную сущность особо тяжкого преступления, такие как взрыв в международном торговом центре в городе Нью-Йорк, Пентагона в Вашингтоне, атака Бoko-Харам в Нигерии, взрывы жилых домов в Москве, поездов в Ставропольском крае, в Испании и другие злодеяния. Всемирная международная Организация объявила терроризм как главную мировую угрозу, подрывающая безопасность государств[2; 548с.].

Хотелось бы отметить, что одна из самых значимых событий в истории становления независимости нашего государства является вступление в ООН.

Основным приоритетным направлением нашей страны выступает международное сотрудничество с государствами, обеспечение безопасности граждан, как на национальном, так и на международном уровне, а также ведение жесточенных мер в противодействии транснациональным преступлениям.

Особо можно отметить событие, произошедшее 11 сентября 2001 года в США г. Нью-Йорк. Это одна из самых крупных террористических актов в мире, его жертвами стали около 3000 человек, кроме того около 10.000 человек получили ранения. Ответственность за данный теракт взяла на себя международная исламистская организация «Аль-Каида», лидером, которого являлся **Усама бен Ладен**.

Правительством США были приняты ряд мер в области безопасности, кроме того в 2011 году была создана Контртеррористическая стратегия, целью которой являлось прекращение и уничтожение деятельности исламской организации, а также ликвидации его лидера.

Приведем еще один пример, это страшная трагедия произошедшее 1 сентября 2004 года в г.Беслан захват заложников в заминированном здании школе № 1. В результате теракта погибло 333 человека, из них только 186 детей, свыше 800 получили ранения, а также ликвидированы террористы, за исключением одного которого приговорили к пожизненному тюремному заключению. Кроме того политическое руководство страны осуществило ряд серьезных реформ в законодательстве, так, были отменены выборы губернаторов и созданы Общественная палата, Национальный антитеррористический комитет и «Комиссия по вопросам улучшения социально-экономического положения в ЮФО» [3; 2с.].

Анализируя данные обстоятельства, можно сказать, что здесь применялись не только силовые методы борьбы с терроризмом, то есть физическое уничтожение террористов, но и правовые меры, а именно принятие ряда актов направленных на борьбу с терроризмом,

ужесточение санкций за совершения террористических преступлений и т.д. Так они являются наиболее эффективными. Кроме того следует подчеркнуть, что параллельно должна вестись борьба с причинами его возникновения.

Кроме вышеуказанных мер борьбы, необходимо применять внутренние меры, которые направлены на профилактику предупреждения терактов, на недопущение вытекающих его последствий. Своевременное получение спецслужбами информации о готовящемся террористическом акте достаточно тяжело. Также одной из мер противодействия терроризму является принятие специальных антитеррористических законов, взаимодействие государств, борющихся с терроризмом, а также оказание экономического давления на страны, оказывающие поддержку международному терроризму.

Республика Казахстан активно сотрудничает с международными организациями, является членом Содружество независимых государств, Организации по безопасности и сотрудничеству в Европе, Шанхайской организации сотрудничества, Организации договоров о коллективной безопасности, Совещание по взаимодействию и мерам доверия в Азии.

В рамках СНГ по инициативе Казахстана был создан Антитеррористический Центр. На данный момент он успешно функционирует. Кроме того членами Содружества был подписан Договор о сотрудничестве государств – членов СНГ в борьбе с терроризмом.

Касательно обмена информацией в борьбе с террористическими преступлениями, значимым компонентом в обеспечении безопасности и стабильности в регионах является ШОС, ОДКБ, Евразийская группа по противодействию легализации преступных доходов и финансирования терроризма.

В целях взаимосогласованных действий в интересах обеспечения территориальной целостности, безопасности и стабильности, в том числе, путем усиления сотрудничества в борьбе с терроризмом, сепаратизмом и экстремизмом, исходя из Декларации о создании ШОС от 15.06.2001 г., Шанхайской конвенции «О борьбе с терроризмом, сепаратизмом и экстремизмом» от 15.06.2001 г. и Хартии ШОС от 07.06.2002 г. была образована Региональная антитеррористическая структура (РАТС) ШОС, которая приобретает динамичный оборот.

Остановившись на работе ОБСЕ, следует отметить, что эта организация занимается вопросами безопасности в области обеспечения мира, демократии и стабильности на земле, которая принимает эффективные меры в борьбе с террористическими преступлениями, не имеющими никакого оправдания, какими бы ни были его мотивы или происхождения.

Основными направлениями деятельности данной организации является: противодействие насильственному экстремизму и радикальному терроризму, предупреждение и пресечение финансирования, противодействие использованию Интернет ресурсов в террорпреступлениях, укрепление национальных усилий по выполнению резолюции 1540 Совета Безопасности ООН о нераспространении оружия массового уничтожения, и многое другое.

Теперь рассмотрим еще одну немаловажную организацию, которая разрабатывает и реализует меры по выявлению и нейтрализации каналов финансирования и другой ресурсной поддержки в террористическом и экстремистском направлении это Организация Договора о коллективной безопасности (ОДКБ).

Ее основной задачей является защита участников договора от любых внешних военно-политических агрессоров, международных террористов, а также от природных катастроф крупного масштаба.

После изучения деятельности международных организаций направленных на борьбу с терроризмом, следует рассмотреть опыты зарубежных стран борьбы с данным видом преступления.

В целях укрепления отношений на международном уровне между странами, Казахстан ратифицировал ряд международных договоров, направленных на сотрудничество, дружественные отношения, оказание правовой помощи между государствами, об охране

границ государств - участников Содружества с государствами, не входящими в СНГ и т.д. Эти договора являются неотъемлемой частью целого механизма, которое помогает нашей республике бороться с терроризмом и сотрудничать в борьбе с этим чудовищным преступлением.

Республика Казахстан всегда пользовалась уважением и особым доверием со стороны дружественных стран. Являлась авторитетом и образцом благосостояния и национальной безопасности.

Однако несмотря на ряд принимаемых мер, направленные на сохранение мира и безопасности граждан, на экономическую стабильность и межнациональное равенство, на территории республики были совершены террористических акты в г.Алматы, Актобе, Атырау, Мангистауской и др. областях, избежать которых не удалось.

Эти события привели к ужесточению мер направленные на борьбу с терроризмом. Были внесены поправки в законодательные акты, ужесточена ответственность за совершение данных преступлений, скоординированы действия государственных органов, направленные на противодействие терроризму [4; 4с.].

На основании изложенного, полагаем, что терроризм это не просто преступление против одного человека или определенной группы лиц, это преступление против всего человечества.

Актуальность и острота проблем заключается в силу ограниченности ресурсов и недостатков опыта в борьбе с терроризмом. Она сложна и специфична, для его преодоления требуется принятие огромных вазимодественных усилий многих государств. А именно разработка эффективных методов пропаганды борьбы терроризмом, объединение всего общества по национальным и общечеловеческим ценностям.

В завершении полагаем, что прямой путь к улучшению безопасной обстановки на территории государства является совершенствование национального законодательства, которое предусматривает углубленное изучение международно-правовых аспектов данной проблемы, следовательно правовое регулирование борьбы с терроризмом не должны прекращаться, так как это требует укрепление возможностей как на национальном, так и на международном уровне.

Список использованной литературы:

1. Аслаханов А.А. О российской мафии без сенсации. г.Москва. Издательство Юридический центр пресс, 2004. 192 с.
2. Никитина А.Ф. Юридический словарь. г.Москва. Издательство Олма-пресс образование, 2004. 639с.
3. 10 крупнейших терактов в мире, <https://tass.ru/mezhdunarodnaya-panorama/2436364>
4. О противодействии терроризму. Закон Республики Казахстан. Принят 13 июля 1999 год.

ШЕТЕЛДІКТЕРГЕ ҰСЫНЫЛАТЫН ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕЖИМДЕР

Айжгігіт Жанболат Жаңбырбайұлы

«Құқық» білім беру бағдарламасының магистранты

Куанов А.О.

Ғылыми жетекші, заң ғылымының кандидат

Қазақ-Орыс Халықаралық университеті; 030 006, Ақтөбе қ., Әйтеке би к-сі, 52;

Бұл мақалада Шетелдіктердің мәртебесін реттейтін мемлекетпен қабылданған халықаралық құқық нормалары мемлекет ішіндегі құқық нормалары арқылы немесе халықаралық құқықтың нормаларын тікелей қолдану жолымен жүзеге асырылады.

Түйінді сөздер: шетел, мәртебе, мемлекет, құқық нормалары, халықаралық құқық, құқықтық режим, декларация, шетелдіктердің мәртебесі

ПРАВОВЫЕ РЕЖИМЫ, ПРЕДЛАГАЕМЫЕ ИНОСТРАНЦАМ

Айжгігіт Жанболат Жаңбырбаевич

Магистрант образовательной программы «Право»

Куанов А.О.

Научный руководитель, к.ю.н.

Казахско-Русский Международный университет; 030006, Актөбе, ул. Айтеке би, 52;

В этой статье нормы международного права, принятые государством, регулирующим статус иностранцев, реализуются через нормы права внутри страны или путем прямого применения норм международного права.

Ключевые слова: иностранный, статус, государство, нормы права, международное право, правовой режим, декларация, статус иностранцев

LEGAL REGIMES OFFERED TO FOREIGNERS

Ayzhigit Zhanbolat Zhabyrbayuly

Graduate of the educational program «Law»

Kuanov A.O.

Supervisor, Ph.D.

Kazakh-Russian International University, 030006, Aktobe, 52, Aiteke bi St.;

In this article, the rules of international law adopted by the state regulating the status of foreigners are implemented through the rules of law within the country or by directly applying the rules of international law.

Keywords: foreign, status, state, legal norms, international law, legal regime, declaration, status of foreigners.

Халықаралық құқықтық әдебиетте шетелдіктердің құқықтық мәртебесіне қатысты «құқықтық жағдай», «құқықтық мәртебе», «құқықтық режим» және мазмұны бойынша жақын болатын басқа да түсініктер қолданылады. Бірақ осымен қатар әртүрлі авторлар оларға әртүрлі анықтамалар береді. Бұл аймақтағы ғылыми жұмыстарды талдау көрсеткендей, аталған терминдерді жүйе ретінде қарастыру қажет. Бұл М.М.

Богуславскийдің, Л.Н.Гадененконың, О.Е.Ежованың, В.А.Пастухованың, В.И.Кисильдің, Б.И.Нефедовтың, А.М.Арбузкиннің, В.Д.Яровскийдің жаңа жұмыстарында дәлелденеді.

Зерттелетін терминдердің этимологиялық мәні келесідей түрде анықталады: «режим» түсінігі (французша *regime*н сөзінен шыққан *regino*) – басқару әдісі, орнатылған тәртіп, қандай да бір мақсатқа жету үшін қолданылатын нормалардың, шаралардың жиынтығы. «Мәртебе» (латынша *status* – «жағдай») – кез – келген азаматтың немесе заңды тұлғаның міндеттемелері мен құқықтарының жиынтығы. Жоғарыда аталған факторлардың көбісі бұл түсініктердің мазмұнына шетелдіктердің құқықтары мен міндеттемелерін қосады. Бұл жетікілісіз деп танылады және құқықтар мен міндеттемелер қабылдаушы мемлекеті тарапынан қамтамасыз етіліп, кепілдендірілуі керек. КСРО – дағы шетелдіктердің құқықтық мәртебесін анықтайтын КСРО Конституциясының 37 бабында Заңмен құқықтар мен еркіндік қарастырылды деп жазылуы кездейсоқ емес. Шетелдіктердің құқықтары мен еркіндіктерін жариялау ғана потенциалды мәртебені орнатады, ал кепілдендірілуі мемлекеттердің өзіне оларды нақты жүзеге асыру бойынша белгілі бір міндеттемелерді жүктейтіндігін көрсетеді [1,233б].

Шетелдіктердің мәртебесін реттейтін мемлекетпен қабылданған халықаралық құқық нормалары мемлекет ішіндегі құқық нормалары арқылы немесе халықаралық құқықтың нормаларын тікелей қолдану жолымен жүзеге асырылады. Адам құқықтары туралы Декларацияның 2 бабында (1т.) өздері мекен ететін елдің азаматтары болып табылмайтын тұлғаларға қатысты аталған декларацияда «бірде бір ереже шетелдіктердің шығуы мен оларды мекен ету жағдайларына қатысты заңдар мен ережелерді қабылдауға немесе оның азаматтары мен шетелдіктер арасындағы айырмашылықтарды орнатуға деген кез – келген мемлекеттің құқықтарын шектейтіндей түсіндірілмеуі керек» деп көрсетілген. Бірақ, мұндай заңдар мен ережелер адам құқықтары аясындағы міндеттемелерді қоса отырып, осы мемлекетпен қабылданған халықаралық - құқықтық міндеттемелермен сәйкестендірілуі керек.

Шетелдіктердің құқықтық мәртебесінің жалпы қағидалары халықаралық құқықтың нормаларымен орнатылады, ал оларды нақтылау ұлттық құқық нормаларына имплементация арқылы жүзеге асырылады. Көптеген елдерде шетелдіктердің құқықтары мен міндеттемелері құқықтың жеке саласын құрайтын нормалармен реттеледі [2, 90б]. Құқықтық теорияда ол шетелдіктердің құқықтары деп аталады. Құқық саласы ретінде шетелдіктердің құқықтары Австрияның, Германияның, Ұлыбританияның, АҚШ пен басқа да елдердің ұлттық – құқықтық жүйелерінде әрекет етеді.

Бірқатар мемлекеттерде мекен ету үшін кіру және мекен ету елінен шығу кезінде шетелдіктердің мәртебесін реттейтін арнайы заңдар бар.

Өткізілген талдау көрсеткендей, шетелдіктердің жалпы құқықтық мәртебесі мемлекет ішіндегі құқықтың тікелей әсерімен және халықаралық – құқықтық реттеумен әрекеттесу кезінде реттеледі.

Қазіргі уақытта КСРО азаматтары болып табылмайтын және өзінде басқа шетелдік мемлекеттің азаматтылығына (шетелдік азаматтардың) жатқызылатын дәлелі болған жағдайда тұлғалардың құқықтық жағдайларын сипаттау үшін көптеген авторлар «құқықтық мәртебе» терминін емес, «құқықтық режим» терминін қолданады, ол деп олар ең алдымен осындай тұлғалардың құқықтары мен міндеттерінің жиынтығын түсіндіреді. Бірақта шетелдік азаматтардың (жалпы тұлғаның) құқықтары мен міндеттемелерінің жиынтығына қатысты «құқықтық режим» термині бізге дұрыс емес сияқты көрінеді. Қолайлы жағдай жасау, яғни кез – келген мемлекеттің азаматтары пайдаланған және пайдаланатын шетелдік мемлекеттердің азаматтарына құқықтарын ұсыну режимі.

Субъектілердің азаматтық – құқықтық мәртебесін зерттеу мәселелерінің сөзсіз ғылыми және тәжірибелік құндылығына қарамастан, азаматтық құқық ғылымында бұл түсінікке назар аударылған жоқ. Субъектілердің «азаматтық – құқықтық мәртебесі» мен «азаматтық – құқықтық жағдай» түсініктерін тепе – тең деп қарастырған жөн, өйткені

«мәртебе» мен «жағдай» түсінігі өзара ауыстырылады, ал айырмашылықты бір субъектінің құқықтық мәртебесі мен құқықтық жағдайы арасында емес, халықаралық жеке құқықтың әртүрлі субъектілерінің құқықтық мәртебесі (жағдайы) арасында өткізген жөн.

Субъектінің құқықтық мәртебесінің алғышарты болып құқық субъектілік табылады, ол құқық теориясында құқық субъектісі бола алу мүмкіндігі немесе қабілеттілігі ретінде анықталады.

Конституциялық – құқықтық мәртебе түсінігі құқық жүргізуде дәстүрлілердің қатарына жатпайды және мағынасы бойынша жаңалар қатарына жатады. Ол біздің әдебиетімізге салыстырмалы түрде жақында ғана енді. Осы уақытқа дейін ол қолданылған жоқ, ал егерде қолданылса да, көбінесе азаматтың құқық субъектілігімен ұқсастырылды. Сонымен қатар, кейіннен анықталғандай, бұл жеке өзіндік және перспективті категория. Және де, кейбір ғалымдар оның нақты болуына қатысты күмәнданады. Осылайша, С.Н.Братусь қандай да бір ирониясыз «азамат мәртебесі деген категория болса, ол барлығы үшін тең құқықтар мен міндеттемелерді сипаттау керек» деп атап көрсетеді [3, 288б].

Тұлға құқығының аясы, оның құқықтық жағдайын зерттеу қазіргі жағдайларда құқықтық ғылымның магистральды бағыттарының бірі болып табылады. Бұл сферада бірқатар М.Т.Баймаханов, Н.В. Витрук, С.Зиманов, В.А.Ким, В.В. Копецчивов, Н.И.Матузов, Г.Сапарғалиев, С.Сабиқенов, И.Е.Фарбер, М.А.Шафир, Н.А.Шайкенов сияқты, сонымен қатар салалық ғылымдардағы Н.С. Малейн, В.А.Масленников, Н.Т.Михайленко сияқты ғалымдар белсенді түрде жұмыс істеуде. Бұл мәселелермен басқа елдерде И.Сабо, Г.Ханай, М.Михайлова сияқты ғалымдар жұмыс істеуде.

Бірақ тақырып өзектілігін жойған жоқ. Керісінше, ол бұрынғыдан да бетер елдің объективті қажеттіліктерін, жаңаша конституциялық және ағымдағы заңнаманы ескере отырып, құқықтық ғылымның жетілуін, тұлғаның өспелі белсенділігін, біздің қоғамымыздың жаңа жағдайларына қатысты ары қарай жасап шығаруды талап етеді. Бұны құқықтық жүйе дамуының тенденциялары, оның интенсификациясы талап етеді. Атап айтқанда, құқықтық мәртебенің мәні, мазмұны, оның дамуының заңдылықтары, түрлері, басқа құқықтық көріністерімен өзара байланысы, тұлғаның санасы мен мінез – құлқына әсері сияқты аспектілер жеткілікті түрде зерттелмеген. Кейбір келіспеу моменттерін жеңіп, оларды шешу жолдарын табу қажет.

Тұлғаның «құқықтық мәртебесі» мен «құқықтық жағдай» түсініктерін ажырату негізделмеген деп сипатталады (Н.В.Витрук, В.А.Кучинский, Е.А.Лукашева, Н.С.Малейн). Біздің ойымызша, мұның теориялық та, тәжірибелік те қажеттілігі жоқ. Одлардың арасындағы айырмашылықтарды басқа да авторлар қарамайды. Мысалы, П.Г.Семенов ұсынылып отырған айырмашылық «мәні бойынша еш нәрсені өзгертпейді және дұрыс негізделмеген» деп санайды [4, 258б].

Терминологияны екі жақтандыру көбінесе дұрыс болмайды, мәселені жасап шығаруды, талдауды, қабылдауды қиындатады. Мәртебе – бұл жағдай, ереже, бір нәрсенің немесе біреудің позициясы. Бірақ мәселе этимологияда да, терминологияда да емес (ол өзінше маңызды болғанымен), мәселенің мәнінде. Құқықтық мәртебесі тұлғаның құқықтық жағдайының «ядросы», «негізі» деп қарау дұрыс болмас еді, өйткені мұндай арақатынаста аталған түсініктер болмайды, және «құқықтық жағдай – бұл құқықтық мәртебенің нақты жүзеге асырылған немесе өткізілетін бөлігі» деу де дұрыс емес. Соңғы жағдайда мәселе одан әрі бұрмаланады.

Тұлғаның құқықтық жағдайының (немесе мәртебенің) құқықтық негізін, «заңды құқықтар, бірігуіндегі міндеттемелері мен заңды мүдделері» құрайды. Бірақ бұл тең жағдайда «жағдайға», сонымен қатар азаматтың «мәртебесіне» да қатысты, өйткені сөз бір нәрсе туралы болып отыр.

В.А.Кучинский құқықтық мәртебе пен құқықтық жағдайды ұқсастыру құқықтық мәртебеқа субъективті құқықтар мен міндеттерді қосу сияқты негізсіз деп санайды. Бірақта құқықтық мәртебе субъективті құқықтар мен міндеттемелерсіз болмайды. Басқа жағдай – бұл

қандай субъективті құқықтар мне міндеттемелер және бұл қандай мәртебе. Сөз азаматтың құқықтық мәртебесі, қоғамның мүшесі (яғни жалпы, базалық мәртебе) туралы болып отырса, онда бұл жерде барлығы емес, барлығы мен әрқайсысына жатқызылатын, заңнан шығатын негізгі құқықтар мен міндеттемелер ескеріледі. Бірақ, кең әдебиеттерді дәлелді түрде көрсетілгендей, бұл құқықтар субъективті сипатқа ие. Олар «құқық қабілеттілік» элементтерін емес, тұлғаның, субъектінің құқықтарын сипаттайды [6,178б].

Автор, мұнда, тұлғаның жалпы құқықтық мәртебесіне (дәл жалпысына) әртүрлі нақты құқықтық қатынастардан пайда болатын және соның салдарынан тұрақты болып табылмайтын субъективті құқықтар мен міндеттемелерге кірмейтіндері туралы айтқысы келген болар: олар индивидуалды мәртебеға кіреді. Егер де солай болса, оның ойымен келісуге болады. С.Н.Братусьтың позициясы осымен түсіндірілетін шығар, ол «азаматтың мәртебесі өзіне субъективті құқықтар мен міндеттерді қосады, өйткені олардың кейбіреулерінің көлемі (атап айтқанда азаматтықтардікі) әртүрлі азаматтарда әртүрлі» деген жағдайды келіспейтіндей деп санайды [7, 306].

Азаматтың құқықтық мәртебесі өзгеріссіз бола алмайды, ол қоғамның және мемлекеттің дамуымен бірге дамиды және күшейеді, жаңа, терең және кең мағынамен толықтырылады, қосымша сипаттамалармен, белгілермен толықтырылады. Пән өзгерсе де түсінік те өзгереді. Ойлау мен абстаракцияның әртүрлі деңгейлерін меңгерген адамдармен құрылатындықтан, ал «бір де бір зат әртүрлі индивидтарда көрінетіндіктен», келіспеушіліктер пайда болады, әртүрлі шешімдер ұсынылады, ол ақырында пайдалы болады, өйткені шынайылықты іздеу, оған жақындау үрдісі жүреді. Таранов дұрыс атап көрсеткендей, құқықтық мәртебе әртүрлі мәселелері туралыталқылауды, сонымен қатар оның құрылымын «пайдалы деп тану дұрыс» деп атап көрсетті. Бұл жерде сөз бұл түсініктің түсіндірудің кеңдігін немесе тарлығын критикалау емес, оның қоғам үшін құндылығы мен қажеттілігін, нақты мазмұнын ашу туралы болып отыр.

Құқықтық мәртебе түсінігіне қандай да бір элементтерді қосу немесе қоспау жасанды түрде емес, туынды түрде болуы керек, бұл объективті қажеттілікпен негізделеді. Мысалға, құқықтық статуты кеңінен түсіндіру «барлығын» қамтуды қарастырмайды, атап айтқанда құқықтық борыш, құқықтық белсенділік, құқықтық мәдениет, құқық санасы және т.б. сияқты ерекше феномендар, бұл элементтер емес, көбінесе аталған көріністі жеке қасиеттері, ерекшеліктері, белгілері, оның қасиеттерінің сипатталуы. Олар, сөзсіз қоғамдағы құқықтық мәртебенің сипаттайды, бірақта жеке өзіндік құрылымдық компоненттер бола алмайды[8].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Шеретов С.Г. Конституционное право РК. Алматы, 2002. С. 42
2. Теория государства и права. Курс лекций. Под ред. М. Н. Марченко. М. 2003г
3. Теория права и государства. Под ред. Манова Г. Н. М., 2001г
4. Шеретов С.Г. Конституционное право РК. Алматы, 2002г
5. Четвернин В.А. Понятия права и государства. М., 2003г
6. Ашеулов А.Т., Г.А. Жайлин. Гражданско-правовая. Ответственность за вред, причиненный преступлением против личности. Алматы, Издательства КазГЮУ 2000 г.
7. Басик М.Г., Сулейменов М.К. Гражданский Кодекс РК комментарии. Общая часть. Алматы.
8. Братусь С.Н.Юридическая ответственность и законность.Москва,2014 г.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ БОЙЫНША ҚОЛДАНЫЛАТЫН ЖАЗАЛАР

Елгондин Азизхан Тореханұлы

«Құқық» білім беру бағдарламасының магистранты

Қуанов А.О.

Ғылыми жетекші, заң ғылымының кандидаты

Қазақ-Орыс Халықаралық университеті; 030 006, Ақтөбе қ., Әйтеке би к-сі, 52;

Бұл мақалада Мемлекеттік нысан зайырлы ретінде танылып отырса да, азаматтарды жемқорлықтан сақтандыруда діни уағыздар мен дінбасылардың әсері қоғамымызда ерекше орын алып отырғандығын атап өту керек.

Түйінді сөздер: мемлекет, сақтандыру, Қазақстанның қылмыстық заңдары, экономикалық, саяси, құқықтық қатынастар, Қазақстанның қылмыстық саясаты, жемқорлық

НАКАЗАНИЯ ЗА БОРЬБУ С КОРРУПЦИЕЙ В КАЗАХСТАНЕ

Елгондин Азизхан Тореханович

Магистрант образовательной программы «Право»

Қуанов А.О.

Научный руководитель, к.ю.н.

Казахско-Русский международный университет 030006, Актөбе, ул. Айтеке би, 52;

В этой статье следует отметить, что, хотя государственный объект признан светским, влияние религиозных проповедей и духовенства в предотвращении коррупции граждан занимает особое место в нашем обществе.

Ключевые слова: государство, страхование, уголовное право Казахстана, экономические, политические, правоотношения, уголовная политика Казахстана, коррупция

PUNISHMENT FOR FIGHTING CORRUPTION IN KAZAKHSTAN

Elgondin Azizkhan Torekhanovich

Graduate of the educational program «Law»

Kuanov A.O.

Scientific adviser, Ph.D.

Kazakh-Russian International University, 030006, Aktobe, 52, Aiteke bi St.;

In this article, it should be noted that, although the state object is recognized as secular, the influence of religious sermons and the clergy in preventing corruption of citizens occupies a special place in our society.

Keywords: state, insurance, criminal law of Kazakhstan, economic, political, legal relations, criminal policy of Kazakhstan, corruption

Қоғамдық сананың әр деңгейінің көрінісі ретіндегі билеуші мен бағыныштылардың еркі, мүдденің көрінісінің субъективті себебі бола отырып, экономикалық, саяси, құқықтық қатынастырдың өрістеуіне жол ашады, сонымен бірге бұл құбылыс қоғам дамуының тарихи-кезеңінің нақты сәтіне тән. Бұл дегеніміз – экономика, саясат, құқықтың өзара байланысын жалғайтын қоғамдық сананың идеологиялық бағанын жасау және оның заңды жалғасы

құқықтық идеологияның талаптарын қолдану деген мәселе. Қоғамдық өмірдегі субъективті және объективті факторлардың қолданылуы мен оның түрлі мәнге ие болуы – экономика мен саясатқа әсерінің нысанын үлгілейді. Мысалы, ағылшындардың құқық жүйесіндегі соттық прецеденттердің ролі, құлиеленушілік құқықтың классикалық сипатына тән Рим құқығының нормалары Еуропа құрлығының құқықтық жүйесінің әлі күнге құрамдас элементі ретінде белгілі. Ұлттық психология мен ұлттық құқықтық сананың дағдылар мен салт-дәстүрлері - құқықтық нормалардың мәніне ерекше серпін серіп отырғаны жасырын емес. Қазақ билер сотының тамаша шешімдері мен дала заңының өркениеттіліктің өрісінен алыс емес, қайта мәндес, мазмұндас екендігін дәлелдеуде академик С. Зимановтың еңбектерінің құндылығы мәңгілік[1].

Қазақ билері де қылмыстық құқықбұзушылықтың өзіндік нысанының авторлары. Мал ұрлығы, жесір, жер дауы – билер тарапынан тиянақты да тұрақты өз шешімін тауып отырған. Қазақ халқының би-шешендері ерекше тұлғалар санатына жатады. Олардың ерекшелігі – бойындағы елді аузына қаратып, жедел шешімдер қабылдау қасиеті басқа халықтарда өте сирек кездескен. Біздің заманымыздан бұрын II-III ғасырлардағы Мәнді би, Елсау би, Оңқай би, Майқы би тәрізді қадым заманның дара да дана билерінің құқықтық ойлары бүгінге келіп жетті. Олардың құнды пікірлері халық басқару, сот билігі, сыбайлас жемқорлықпен, меншікке деген пайдақорлық-озбырлық, зорлық қылмыстарының қауіптілігін меңзеген ғұлама сөздері – ұрпаққа мұра, адастырмас бағыт[2].

Құқықтық мемлекетті құру сатысындағы Қазақстанның қылмыстық саясаты – дербес мәнге, көп қырға ие болды. Мемлекеттің даму кезеңімен құқықтың пайда болуы да қарайлас, оның себебіне мемлекет пен құқықтың тарихи кезеңдері негізгі қоғамдық-экономикалық формациялар мен өндірістік қатынастардың дамуының табиғи кезеңдеріне сай келеді. Жемқорлыққа қарсы мемлекет ретіндегі Қазақстанның қылмыстық заңдары – жетекші Еуропа мемлекеттерінің революцияға дейінгі және Кеңестік қылмыстық заңдары дағдылы әдістері мен қарама-қайшылықтарын, маңызды тұстарын ескерген, өзара қайшылықты, бәсекелес екі жүйенің (социализм мен капитализм) өзіне тән әдістері мен ерекшеліктерін құрамына сіңірген, үздіксіз дамудың келесі кезеңіндегі күрделі, мемлекеттік мүдделі әрекеттердің кешенді жиынтығы[3].

Мемлекеттік нысан зайырлы ретінде танылып отырса да, азаматтарды жемқорлықтан сақтандыруда діни уағыздар мен дінбасылардың әсері қоғамымызда ерекше орын алып отырғандығын атап өту керек.

Қоғамдық дамудың объективті факторы – бұл біздің ойымызша, адам санасының жартылай тәуелді жағдайлар мен қатынастардың күрделі сипатты иеленуі: объективті фактор - әлеуметтік саяси, идеологиялық қатынастардың көрінісі бола отырып, қоғамның басым бөлігінің өз мүддесі үшін күресінің әдіс-тәсілдерінің жиынтығынан құралады. Объективті факторлардың қалыптасу қайнар көздеріне: сыртқы көріністерінің адам санасына жағымдылығы, қылмыстық ахуалдың тұрақтылығы, адам мен құқық қорғау органдарының «құқықтық» бірлікте болуы, қоғам мүшелерінің әрекетінен – адамгершілік, әдет, ізгілік, эстетикалық мәннің байқалып отыруы жатады. Объективті фактор – қоғамдық санадан, оның саналық деңгейінен мән сапасына ие болады. Қоғамдық сана – адамның рухани жұптасуы, олардың ізгілік байланыстарының өнімі.

Қазақстан Республикасы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» заңды бірінші болып 1998 жылы қабылдады, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мемлекеттің нақты стратегиялық саясаттары анықталды. Осы заңның жүзеге асырылып жұмыс істеуіне 10 жылға жақын уақыт кетті. Демократиялық тұрғыдан қарағанда қоғамды қайта құру арқылы азаматтардың құқығын қорғау, сотталғандардың заңды мүдделері мен қауіпсіздігі мәселелерімен шындап айналысудың мүмкіндігі туғандығын бағамдау Қазақстан азаматтарының басым көпшілігі тарапынан жеткілікті дәрежеде емес.

